Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 81’42 Қолжазба құқығында

**УТЕМГАЛИЕВА НАСИХАТ АДАЙХАНОВНА**

# Білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминология: семантикалануы және бейімделуі

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының
кандидаты, аға оқытушы С.Б. Бектемирова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
философия докторы (PhD) У.П. Риверс
(АҚШ)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | **АНЫҚТАМАЛАР** | 3 |
| | **ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР** | 6 |
| | **КІРІСПЕ** | 7 |
| **1** | **БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ** | 15 |
| 1.1 | Отандық және шетелдік терминологиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық және практикалық негізі | 15 |
| 1.2 | Академиялық терминдердің қалыптасуы және даму үдерісі | 42 |
| | Тарау бойынша түйін | |
| **2** | **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ БЕРУ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛГЕ БЕЙІМДЕЛУІ** | 56 |
| 2.1 | Латын тіліндегі академиялық терминдердің ұлттық тілдегі көрінісі | 56 |
| 2.2 | Академиялық терминдердің лексикографиялық дереккөздерде түзілуі | 60 |
| | Тарау бойынша түйін | |
| **3** | **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ БЕРУ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ СЕМАНТИКАЛАНУ ҮДЕРІСІ** | 70 |
| 3.1 | Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің семантикалану үдерісі және компоненттік құрылымы | 70 |
| 3.2 | Академиялық терминдердің жасалу жолдары | 80 |
| 3.3 | Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің қолданысқа бейімделу ерекшеліктері | 83 |
| | Тарау бойынша түйін | |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ** | 109 |
| | **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** | 112 |
| | **ҚОСЫМША А** | 123 |

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

**Академиялық терминология** – жоғары оқу орындарында (академия, университет, институт) қолданылатын терминдердің жиынтығы.

**Акустика** (грек. *akustikos* – есту) – 1) физиканың бір бөлігі, дыбыс туралы ғылым; 2) сөйлеу акустикасы – сөйлеу сигналдарының құралымын, сөйлеу дыбыстарының құрылуы мен шығу үдерісін зерттейтін жалпы акустика бөлімі.

**Акцент** (лат. *accentus* – екпін) – 1) екпін; 2) айтылуындағы өзгешелік; 3) ерекшелеу; 4) ана тіл нормаларының әсерімен шет тіл дыбыстарын дұрыс айтпау.

**Бейімделу (адаптация)** (лат. *adaptatio* – бейімделу) – мәтінді дайындығы жоқ оқырмандар үшін бейімдеу.

**Гибрид термин (будан термин)** – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер.

**Дефиниция** (лат. *definitio* – анықтау) – 1) белгілі термин не сөз арқылы бейтаныс терминнің, не сөздің мағынасын ашу (номиналды дефиниция), немесе контекстке мағынасы түсінікті сөздерді енгізу (контекстуалды дефиниция); 2) зерттелетін нысанның сипатын ашу.

**Дискурс** (фр. *discours* – сөйленіс) – нақты сөйленіс жағдаятында (экстралингвистикалық параметрлерді қоса отырып) туындаған тіл иесі мәтіні.

**Екпін** – сөз ішінде бір буынның күшті айтылуы. Екпін үнді-еуропа тілдеріне тән құбылыс. Түркі тілдерінде екпіннің қызметін сингармонизм атқарады. Қазақ тілінде бунақ екпін немесе фразалық екпін, тіркес екпіні ғана бар.

**Жүйе** (грек. *systema* – бөліктерден құрастырылған бүтін, бірігу) – өзара байланысты элементтердің жиынтығы.

**Компонент** (лат. *componens* – құраушы) – қандай да бір заттың, нәрсенің құрамдас бөлігі.

**Құрылым** (лат. *structura* – құрылым, өзара орналасу) – жүйе элементтері арасындағы байланыстардың жиынтығы.

**Латын тілі** (лат. *lingua latina*) – үндіеуропалық тілдік ұядағы италиялық топқа кіретін тіл. Әуелгі кезде Апенин түбегіндегі Лаций (Latium) аймағында болған. Латын тілінің ауызекі түрі роман тілдерінің негізіне алынған. Латын тілінің еуропалық өркениеттің қалыптасып, дамуында маңызы ерекше. Еуропаның бүкіл тілдеріне лексикалық кірме сөз ретінде енген латын тілінің сөздері халықаралық ғылым терминдерінің негізіне алынған.

**Латын негізді термин** – латын негізіне ұлттық тіл қосымшасы жалғанып жасалған термин.

**Лексикография** (грек. *lexicos* – сөзге қатысы бар және *grapho* – жазамын) – сөздік құрастырудың практикасы және теориясымен айналысатын тіл білімінің бір бөлімі.

**Мағына** – сөз арқылы айтушыға да, тыңдаушыға да ортақ, түсінікті, нақты ұғымды білдіретін шындық өмірдің көрінісі. Сөздің негізгі мағынасы заттың, құбылыстың атауы болумен байланысты. Мағына – зерттелу үстіндегі тіл ғылымының нысаны.

**Салалық термин** – белгілі бір арнаулы салаға (ғылым, техника, өнер, өндіріс және т.б.) тән, сол саланың терминжүйесінің мүшесі болып саналатын термин.

**Сема** (грек. *sema* – белгі) – мағынаның ең кіші бірлігі. Сема – белгіленетін заттардың, болмыс құбылыстарының әртүрлі қырлары мен қасиеттерінің тілдегі қарапайым көрінісі.

**Семантика** (грек. *semantikos* – білдіретін, белгілейтін) – 1) тіл бірліктерімен жеткізілетін мағына, ақпарат; 2) осы мағынаны зерттейтін тіл білімі саласы; 3) белгі жүйелерін мағына жеткізу амалдары ретінде зерттейтін семиотика бөлімі.

**Семиотика** (семиология) (грек. *semeiotike* – белгілер туралы ғылым) – белгі және белгі жүйелері жөніндегі ғылым.

**Семантикалану** (грек. *semantikos* – таңбалаушы) – тілдік бірлік мағынасының айқындалуы; тілдік бірліктің мазмұны туралы қажетті мәліметтерді хабарлайтын үдеріс пен нәтиже.

**Сөз** – болмыстағы құбылыстарды, заттарды, олардың қасиеттерін атайтын негізгі құрылымдық-семантикалық тіл бірлігі.

**Сөз тіркесі** – коммуникативтік деңгейге дейінгі ең кіші синтаксистік конструкция, екі дербес сөздің бағыныңқы байланыс негізінде және мағына бойынша бірігуі.

**Сөздік** – 1) лексика; тілдің, диалектінің, әлеуметтік топтың, жазушының, т.б. сөздік қоры; 2) сөздерді (морфемаларды, сөз тіркестерін, идиомаларды) ретімен келтіріп, оларға түсінік беретін анықтамалық кітап.

**Термин** (лат. *terminus* – шек, шекара) – ғылымның арнайы саласындағы ұғымды білдіретін арнайы сөз немесе сөз тіркесі.

**Термин авторы** – терминді алғаш жасап, қолданысқа енгізуші.

**Термин анықтамасы** – ұғымның тиісті ұғымдар жүйесіндегі орнын, қалпын көрсететін, сөз арқылы берілген сипаттамасы.

**Термин мағынасы** – терминнің ғылыми анықтамасында (дефинициясы) қамтылған, өзі атау болған ұғым жөнінде арнаулы ақпарат беретін мағынасы.

**Термин-сөз** – бұл ұғымның атауы, сөз арқылы белгіленуі.

**Термин-ұғым** – белгілі бір ғылыми түсінік (концепт).

**Терминология** (лат. *terminus* – шекара, шек + грек. *logia* – ілім) – белгілі бір білім саласындағы нақты нысандардың арнайы ұғымдары мен атауларын білдіру үшін қолданылатын сөздер немесе сөз тіркестерінің жиынтығы.

**Терминологиялық жүйе** (терминжүйе) – арнайы білім саласының немесе қызметтің белгілі бір теориясының таңбалық моделі; терминжүйенің элементтері қандай да бір табиғи тілдің арнайы мақсаттарға арналған белгілі бір тілінің лексикалық бірліктері (сөздер немесе сөз тіркестері), ал құрылымы осы теорияның ұғымдар жүйесіне жалпы сәйкес.

**Ұғым** – 1) болмыс заттары мен құбылыстарын жалпылама түрде белгілейтін ой; 2) грамматикалық немесе семантикалық категория ретіндегі ұғым – сөз мағынасына ұқсас келетін құбылыс, бірақ мағына тіл жүйесінде болады, ал ұғым логикалық қатынастар жүйесіне тән.

**Ұлттық тіл** – ұлт ішінде қолданылатын (ауызша немесе жазба түрде) тілді белгілейтін әлеуметтік-тарихи категория. Ұлттық тіл ұлтпен бірге пайда болады. Ұлттық тілдің жағдайы қоғамда қалыптасқан тілдік жағдайға және тіл саясатына тәуелді.

**Фраза** (грек. *phrasis* – сөйлеу) – толық ойды білдіретін сөйлеудегі негізгі бірлік. Фразаның белгілі синтаксистік құрылымы болады және ол сөйлемге айналуы мүмкін. Ол бірнеше синтагмадан құралады.

**Эволюциялық карта** – жаңадан қолданысқа енген терминнің таралу деңгейі.

**Этимология** (грек. *etymologia, etymon* – ақиқат және *logos* – сөз, ілім) – 1) сөздің шығу тегін зерттеумен айналысатын тіл білімінің саласы; 2) сөздің шығу тегін анықтаудағы зерттеу тәсілдері, зерттеу нәтижесі; 3) сөздің шығу тегі.

# ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

**ҚТТСҒТС** – қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі

**ФППТСТТС** – философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі

**ПҚОТТС** – педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік

**ППС** – психологиялық-педагогикалық сөздік

**ҚӘТС** – қазақ әдеби тілінің сөздігі

**ОІАТ** – оқу-ісіне байланысты қолданылатын академиялық терминдер

**ҒАТ** – ғылымға байланысты қолданылатын академиялық терминдер

**ТЖАТ** – тәрбие жұмысына байланысты қолданылатын академиялық терминдер

**ХҚАТ** – халықаралық қатынастарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер

**ЛАТ** – лауазымдарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер

**С** – студент

**М** – магистрант

**Д** – докторант

**мс** – миллисекунда

**дБ** – децибел

# КІРІСПЕ

Адамзатқа тән дүниені тану мен қабылдау, оны бағалау категорияларының жалпы әлемдік сипат алып, жаһанданудың ұлы көшіне ілескен тұста, отандық ғылым мен білімнің біртұтас жүйе ретіндегі құрылымдық бөлімдері де терең трансформациялану кезеңін бастан кешуде. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің кемелдену дәуіріне, эволюциялық картасы мен жаңа бағдарламасына мониторинг жасай отырып, ғылым мен білім беру кластерінің беталысы мен болашағына сараптама жасауға болады. Ағарту саласындағы алдыңғы қатарлы идеялар мен ақпараттық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу мақсатындағы іс-шаралар мен жобалық жұмыстар елімізде жүйелі түрде жүргізіле бастады. Білім беру ісіндегі терминологиялық корпустың дұрыс қалыптасуына деген қажеттілік те осыдан келіп туады – яғни білім беруші мен білім алушы тұлғаларға ортақ түсінікті коммуникативтік кеңістік қалыптасуы керек. Осы орайда терминология мәселесінің теориялық та, практикалық та ерекшеліктерін тұтас ескеріп, педагогикалық басқару-ұйымдастыру технологияларының түрлерін біліп, оларды жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолданудың диагностикасын, статистикасын, прагматикалық механизмдерін тануға арналған бағдарламалық әрекет жасалуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды жоғары оқу орындары тәжірибесінде тиімді қолдану, оларды терең, жан-жақты оқып-үйрету мақсатын қою үшін де ең алдымен аталған бағыттағы терминдер тобын жүйелеу қажет.

Жаңа білім парадигмасындағы педагогикалық-әдістемелік орта мен топтар, кәсіби кеңестер терминологиялық аппаратты білім беру қызметінің басты нысаны деп танып, оның метатілдік маңыздылығын білім беру жүйесіндегі «құндылық» ретінде қарауға мәжбүрлік туғанын жиі айтып жүр.

Жалпы ҚР ЖОО білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру үшін оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, терминологиялық базасын, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта карауды қажет етеді. Бүгінгі ғылыми аудитория білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде. Қазіргі кездегі инновациялық бағыттар оқытушылар мен білім алушы және ЖОО әртүрлі қызметкерлердің осы заманғы педагогикалық технологиялар мен білім берудің құрылымдық бөлімдерін басқару, ұйымдастыру ісіндегі метатілдік терминологияны жетік меңгеруін талап етеді.

Терминдер – кез келген тілдің кәсіби дәрежеде қолданыс табатын негізгі қабаты. Жалпы адамзат өмір сүретін қоғам дамыған сайын, сол қоғамды қозғаушы күштің бірі болып табылатын тіл – түрлі кәсіби салалық терминдермен байытыла түседі. Қазіргі жаһандану тек ақпараттық технологиялар саласында ғана емес, сонымен қатар білім саласында да біртұтас кеңістіктің құрылуына алып келе жатыр. Бұл құбылыстың бір дәлелі – Қазақстан Республикасының

білім жүйесі әлемнің басқа елдерімен бірге Болон үдерісіне негізделген және бірыңғай академиялық терминология құрылуда. Қазақстандағы ЖОО-лар Болон үдерісіне көшуіне байланысты білім беру жүйесі терминологиялық қоры жаңа терминдермен толықты. Болон үдерісіне дейін қолданылған терминдер өзгеріске түсті, тіпті кейбір терминдер қолданыстан шығып қалды. Болон үдерісі – еуропалық жоғары кәсіби білімде біртұтас жалпы-еуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үдерісінің көрінісі. Қазақстан Болон Декларациясына 2010 жылы қол қойып, оның 47 мүшесі болды. Қазақстанда Болон декларациясының принциптеріне негізделген мамандарды дайындаудың үштік моделі жүзеге асырылады: бакалавр, магистр және философия докторы (PhD).

Қазіргі білім беру жүйесіндегі академиялық мектепке байланысты терминдер – терминология ғылымында өте өзекті мәселе. Жаһандану үдерісі әсерінен қазақ тіліне түрлі академиялық терминдер енуде, сәйкесінше бұл құбылыс терең ғылыми зерттеу қажеттілігін тудырады. Қазіргі кезде қазақстандық жоғары оқу орындары академиялық терминдері түрлі жолмен толығып, өзгеріске түсіп жатыр. Атап айтқанда, кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып, аударма ретінде енуде; кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен аудармасыз енуде; кейбір академиялық терминдер гибрид түрінде енуде. Осы тұста терминдердің компоненттік құрылымын зерттеу маңызды. Ағылшын тілінен аудармасыз еніп отырған академиялық терминдер қазақ тіліне қандай ерекшеліктермен бейімделу үстінде, олардың сөздіктердегі мағынасы мен қолданыстағы мағынасы арасында қандай айырмашылықтар бар, жалпы академиялық терминдер қалай қалыптасты және дамыды, олардың лингвапрагматикалық қолданысы қандай деген мәселелер зерттеу қажеттілігіне түрткі болады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру дискурсы білім беруші оқытушы мен білім алушы студент арасындағы концептуалдық жүйе мен кәсіби білім берудің өзара байланысымен анықталады. Университеттік білім беруді ұйымдастыру дискурсында бір жағынан педагогикалық, екінші жағынан ғылыми, яғни теориялық білім беру, айтылған ойды дәлелдеп айту, терминдерді қолдану сипаты басым болады. Білім беру дискурсының тағы бір ерекшелігі – жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісіне практикалық және әдістемелік сипат тән, өйткені кәсіби өмірге дайындау мақсатында әртүрлі дәрісханалық оқыту нұсқалары жүзеге асырылады. Диссертациялық жұмыста аталған дискурстық платформадағы терминологиялық бірліктер семантикалық және бейімділік жағынан кешенді түрде қарастырылады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі**. Академиялық терминология институт, университеттегі басқару және ұйымдастыру ісіндегі (бакалавриат, магистратура, докторантура, постдокторантура бөлімдерін қамтығанда) деңгейлерге қажетті қолданбалы функционалдық, лингвистикалық үлкен қабат құрайды. Академиялық мектептерде қолданыс табатын академиялық терминдерді жинақтау, біріздендіру – академиялық терминология саласында шешімін күтіп тұрған үлкен лингвистикалық мәселе. Болон үдерісі ережелеріне сәйкес

университеттер арасындағы академиялық ұтқырлық өте маңызды рөлге ие. Академиялық ұтқырлық аясында студенттік алмасу, профессор-оқытушылық құрам алмасу өріс алып, тәжірибелік жағынан кең таралуда. Қазіргі уақытта еуропалық университеттерге алмасу бағдарламасы бойынша барған студенттер мен оқытушылар кейбір академиялық терминдерді түсінбей жатады, сондықтан жалпыға ортақ академиялық терминдердің түсіндірме сөздігін жасау осы салада қолданбалы құралға айналады. Сондықтан біздің диссертациялық жұмысымыз ЖОО-дағы академиялық терминдерді топтап, лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған.

Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшуіне байланысты білім беру дискурсы ауызекі сөйлеу тілінде, баспасөз беттерінде қазіргі білім беру үдерісіндегі терминдердің семантикалану және бейімделу үдерісін анықтаудың қажеттілігі туындап отыр. Білім беру саласындағы терминдерді негізінен араб-парсы тілдері арқылы және орыс тілінің графикасына негіздей отырып қабылдап, сол күйінде қолдану дәстүрі белең алып келді. Бүгінде ұлттық құндылықтарды қайта жандандыру, сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы және тағы басқа қазақ зиялыларының идеяларын тірілту мақсатында шетелдік сөздерді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіре отырып бейімдеу үдерісі шапшаң жүріп жатқаны байқалады. Сондықтан шетелдік терминдердің қазақ тілінің айтылым ерекшеліктеріне қарай бейімделіп келе жатқанын дәлелдейтін үдерістердің күн артқан сайын көбейіп келе жатқандығы ғылыми тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Диссертация мазмұнына өзек болған білім беру дискурсындағы академиялық терминология бағытында жүргізілген зерттеу еңбегінің көтерген мәселесі – отандық лингвистика үшін тұңғыш рет зерделенген тың тақырып. Сәйкесінше, жоғары оқу орындарының құрылымдық жүйесінде қолданылатын қазақ тіліндегі академиялық терминдердің түсіндірме сөздігін түзу – кезек күттірмес өзекті мәселе болмақ.

**Зерттеудің нысаны** – жоғары оқу орындарындағы академиялық терминология жүйесі және олардың білім беру дискурсындағы қолданысы.

**Зерттеу жұмысының пәні** – жоғары оқу орындары білім беру жүйесіндегі академиялық терминдердің семантикалануы және олардың бейімделуі.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

Зерттеу жұмысының **мақсаты** – қазақстандық ЖОО-дағы білім беру дискурсындағы академиялық терминдердің табиғатын, соның ішінде семантикалану және салалық бейімделу ерекшеліктеріне кешенді лингвистикалық талдау жүргізу. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттердің** шешілуі көзделеді:

– терминологиялық парадигмалардың теориялық және практикалық негіздерін жүйелей отырып, дискурс деңгейіндегі қазіргі қазақ тіліне бейімделіп қолданыла бастаған терминдердің ерекшеліктерін анықтау;

– білім беру дискурсы құрылымдық жүйесіндегі қарым-қатынас жағдайында көрінетін академиялық терминдердің қолдану сипатын көрсету;

– ЖОО білім беру дискурсындағы академиялық терминологияның семантикалануын талдау, аталған мәселенің негізінде тілдік бірліктерді компоненттік құрылымдарға топтастыру; академиялық терминдерде болатын лексика-семантикалық үдерістердің (көпмағыналық, омонимия, синонимия, антонимия) түрлену механизмдерін саралау;

– академиялық терминдер сөздігінің мобильді қосымшасын құрастыру.

**Зерттеу жұмысының дереккөздері**

Зерттеу жұмыста *термин, терминология* ұғымдарына қатысты іргелі теориялық еңбектер, сөздіктер (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15-тт. – Алматы, 2011; Психологиялық-педагогикалық сөздік. – Алматы, 2011; Педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқ. Ш.К. Беркімбаева, А.Қ. Құсайынов. – Алматы: ROND&A, 2007. – 248 б.; Психологиялық-педагогикалық сөздік. – Алматы: Арыс, 2011. – 224 б. Философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі / А. Құралұлы – Алматы: Өнер, 2006. – 40 б.; Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.), анықтағыштар, монографиялар мен зерттеу жұмыстары дереккөз ретінде пайдаланылды. Ғаламтор ресурсы ретінде www.macmillandictionary.com, www.ldoceonline.com және ақпараттық танымдық онлайн-сөздік парақшалары қолданылды. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ресми құжаттары: академиялық саясат, академиялық күнтізбе, жеке жұмыс жоспары, ғылыми зерттеу тәжірибе бағдарламасы, кешенді емтихан бағдарламасы, т.б., https://www.kaznu.kz/, https://www.univer.kaznu.kz; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті ресми құжаттары: академиялық саясат, академиялық күнтізбе, жеке жұмыс жоспары, ғылыми зерттеу тәжірибе бағдарламасы, кешенді емтихан бағдарламасы, т.б., www.imio.kz, https://satbayev.university/ деректі материалдары зерттеу жұмысын жүргізуде басшылыққа алынды.

**Зерттеу материалдары** ретінде ЖОО-да қолданылатын академиялық терминдер қарастырылды. Жалпы жұмыста қарастырылған терминдер саны – 700 тілдік бірлік. PRAAT компьютерлік бағдарламасы негізінде 3 тілдік бірлікке жүргізілген экспериментке 15 респондент қатысты.

**Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер.** Зерттеу жұмысында қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен терминологиялық дамудың мәдени-тарихи үрдісін айқындауда академиялық терминдерді жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау, сонымен қатар терминдердің жасалу жолына қарай семантикалық, морфологиялық тәсілдерімен қатар ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы әдіс, сауалнамалық сараптама әдісі, сандық талдау әдісі, ресми құжаттармен жұмыс істеу барысындағы классификациялық әдіс қолданылды. Эксперименттік әдіс PRAAT компьютерлік бағдарламасы арқылы жасалды.

**Тақырыптың зерттелуінің әдіснамалық негізі** ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің жалпы терминология саласы бойынша, термин бағыты бойынша ізденген тұжырымдары алынды:

Әлемдік деңгейде бұл мәселені қарастырған: О. Вюстер, Х. Фельбер, Х. Пихт, Г. Рондо, А. Рей, Дж.К. Сейгер, М.Т. Кабре, Дж. Пирсон, Х. Сомерс және т.б.

Ресейлік ғалымдар: О.С. Ахманова, А.А. Реформатский, В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, Т.Л. Канделаки, А.В. Суперанская, Б.Н. Головин, Р.А. Будагов, Э.А. Натансон, Я.А. Климовицкий, С.В. Гринев, С.Д. Шелов, С.В. Гринев-Гриневич, К.Я. Авербух, А.Н. Баранов, М.Н. Володина, Е.И. Голованова, З.И. Комарова және т.б.

Зерттеулері мен еңбектері басшылыққа алынған отандық ғалымдар: А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Т. Шонанұлы, Н. Төреқұлұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Н. Сауранбаев, Ә. Қайдаров, Ө. Айтбаев, Р. Өрекенова, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, Қ. Айдарбек, А. Азаматова, А.Қоңырова, А. Мустафаева, А. Ахметбекова, А. Баекеева және т.б.

Зерттеу жұмыстарына шолу жасау барысында тақырыптың зерттелу деңгейі, лингвистикалық бейнесі, академиялық терминдер тудыратын экстралингвистикалық факторлар тізбегі, олардың ерекшеліктері айқындалды. Салыстыра-салғастыра зерттеу нәтижесінде Болон жүйесіне дейінгі және Болон жүйесіне енгеннен кейінгі білім беру кеңістігіндегі лингвистикалық байланыс пен олардың әрі қарай қолданылу жолдары анықталды. Бұлайша зерттеу қазіргі білім беру дискурсындағы академиялық терминология жүйесінің орнын белгілеуге, жойылу немесе пайда болу себептерін айқындауға септігін тигізеді.

**Жұмыстың теориялық маңыздылығы**

Тіл біліміндегі терминологияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, академиялық терминдердің сапалық деңгейін көтеру – заман талабы. Білім беру дискурсындағы академиялық терминдердің функционалдық әлеуетін арттырудың, академиялық терминдердің қолданыстық аясын жүйелеудің, академиялық терминдердің семантикалану және бейімделу тетіктерін анықтаудың, жаңа форматтағы білім беру кеңістігіне тән ұғымдарды атауда нақтылыққа сүйенудің, кірме элементтерді қабылдап енгізуді бірізділікке түсірудің, білім беру жүйесіне ортақ академиялық терминологиялық база қалыптастырудың, ЖОО білім беру саласына қатысты ұғымдарды атаудағы мағына алшақтығын өсірмеу мақсатында терминологиялық базаның теориялық және практикалық негізін дамытады.

**Жұмыстың практикалық құндылығы** зерттеу нәтижелері, материалы және тұжырымдары үш тұрғыдан сипатталады. Біріншіден, ҚР Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктері мен ЖОО-да оқу істері, ғылыми инновациялық, халықаралық байланысқа қатысты ресми-іскери құжаттардағы академиялық терминологияны біризге түсіруге негіз бола алады; екіншіден, ЖОО-да магистратура, докторантура деңгейлерінде оқытылатын «Академиялық дискурс», «Жалпы лингвистика: құрылым және семантика» сияқты арнайы

курстарда дәріс оқуға және практикалық сабақтарда пайдалана алады; үшіншіден, ақпараттық-танымдық зерттеу жұмысы бойынша барлық жиналған академиялық терминдер негізінде түсіндірме, энциклопедиялық сөздіктерді құрастыруға болады. Сондай-ақ, жиналған материалдар негізінде құрастырылған әрі ұсынылған мобильді «Академиялық терминдер сөздігі» қосымшасы шетелдегі қазақстандық білім алушыларға, өзге академиялық ортаға қолдануға септігі тиеді.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы**

Жоғары оқу орындары білім беру кеңістігіндегі академиялық терминологияға, соның ішінде олардың семантикалануы мен бейімделу ерекшеліктеріне қазақ лингвистикасында алғаш рет кешенді зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мынадай мәселелермен айқындалады:

– тіл білімі саласында алғаш рет «академиялық терминология» тіркесі қолданылып, терминологиялық бірлік ретінде теориялық тұрғыда анықтама берілді; латын тіліндегі академиялық терминдердің ұлттық тілдегі көрінісіне толық сипаттама берілді;

– Болон үдерісі әсерінен енген академиялық терминдердің семантикалануы анықталды; жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің компоненттік құрылымы талданды;

– Болон үдерісі әсерінен енген академиялық терминдердің бейімделу ерекшеліктері анықталды;

– академиялық терминдердің қазақ тілді сөздіктерде түзілуін анықтау, терминдердің түрлі сөздіктерде берілу жолдарын көрсетіп, статистикалық сараптама жасалды;

– академиялық терминдер жиынтығының мобильді қосымшасы ұсынылды.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:**

1. Академиялық терминология жалпы терминологиялық парадигманың дербес тармағын құрай отырып, білім беру саласы дискурсына ғана тән бірқатар ерекшеліктерді алға тартады. Академиялық терминдерде соңғы жылдардағы тек ауызекі сөйлеу немесе әлеуметтік желі, баспасөз, телеарна сияқты платформалардағы қолданыстық ерекшеліктерге тән айтылымдық бейімделу ерекшеліктері қалыптаса бастады. Яғни тілдік айтылымда білім беру терминдерінің функционалдық ерекшеліктеріне сай семантикалық бейімделу үдерісінің қалыптасу механизмдерін қарастыру қажеттілігі анық байқалады.

2. Академиялық терминология институт, университет қабырғаларында, ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтарында, яғни білім беру саласында қолданылады. Академиялық дискурс – университеттердің құрылымдық жүйесінде және қарым-қатынас жағдайында көрінетін қатысушылардың вербалды коммуникациясының жемісі.

3. ЖОО білім беру дискурсындағы академиялық терминологияның семантикалану принциптері академиялық терминдерде болатын лексика-семантикалық үдерістердің (көпмағыналық, омонимия, синонимия, антонимия)

терминдік табиғатын емес, оның сөйлеудегі бейімделу үдерісі нәтижесін бейнелейді.

4. Дереккөздерді (академиялық саясат, академиялық күнтізбе, жеке жұмыс жоспары, ғылыми зерттеу тәжірибе бағдарламасы, кешенді емтихан бағдарламасы, т.б.) талдау барысында анықталған және қазақ тіліндегі сөздіктерде түзілмеген академиялық терминдер қазақстандық білім берудің әлемдік білім беру кеңістігіне бейімделуі мен бәсекеге қабілеттілігінің негізі бола отырып жаңа академиялық парадигма қалыптасуының іргетасы болып саналады.

**Жұмыстың талқыланылуы мен мақұлдануы.** Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 14 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 1 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинағында 4 мақала / 4 тезис, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланды:

– Қазіргі білім беру жүйесі академиялық терминдерінің түсіндірмесі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №5 (120). – Астана, 2017. – 608-610 бб.

– The formation of modern academic terminology // V Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 233 б.

– Academic terminology in modern educational discourse // XXI «Аханов оқулары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 86-87 бб.

– Academic Terms in Lexicographic Works // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, №5 (63). – Астана, 2018. – 250-255 бб.

– Academic terms of the Bologna process // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы, №2 (174). – Алматы, 2019. – 190-198 бб.

– Академические термины как разряд специальной лексики // VI Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 354 б.

– ЖОО-дағы терминдердің лексика-семантикалық топтастырылуы // «Байтұрсынов оқулары – 2019» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Қостанай, 2019. – 115-120 бб.

– The Latin Language is a Source of Academic Terminology in Education // VI Международная научная междисциплинарная конференция

«Функциональные аспекты межкультурной коммуникации и проблемы перевода». – Москва, 2019. – 280-295 бб.

– The formation and development of academic terminology // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы, №1 (55). – Алматы, 2020. – 54-63 бб.

– «Термин» ұғымының анықтамасы туралы // XXIII «Аханов оқулары» аясында әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «әл-Фараби философиясы: мәдениет, тіл және әдебиет» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік workshop. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 213-217 бб.

– ЖОО-да қазіргі білім берудегі терминология жүйесі // VII Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 140 б.

– The Structure and System of Terms Used in Higher Education. // «Тәуелсіз Қазақстан әлемдік ғылыми-зерттеу кеңістігінде» халықаралық конференция материалдары жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – С. 34-40.

– Қазақстандық білім беру дискурсындағы академиялық терминдердің бейімделуі. // XV International Scientific and Practical Conference. Global Science and Innovation 2021: Central Asia. № 4 (15) – Нур-Султан, 2021. – С. 34-40.

– Innovation in Audiovisual Translation: from Reproduction to Perception of Texts with Academic Terms // XLinguae European Scientific Language Journal. Volume 15, Issue 2. – Nitra, 2022. – P. 121-129. DOI: 10.18355/XL.2022.15.02.09.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, кесте, сурет және қосымшадан тұрады.

# 1 БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

## 1.1 Отандық және шетелдік терминологиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық және практикалық негізі

Терминология мәселесінің өзектілігі адамзат өмір сүретін қоғам дамып, ғылым мен білімнің түрлі салаларға тармақтануымен арта түседі. Бұл үдеріс үздіксіз және үнемі өзгеріс үстінде болғандықтан әрқашан күн тәртібінде қаралатын алғашқы мәселе, яғни ол өзектілігін ешқашан жоймайды, ұлт және оның тілімен қатар тіршілік етеді. Көрнекті ғалым Ә. Қайдаров Қазақстан Тәуелсіздік алған соң жарық көрген «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде терминология мәселесіне қайта оралуға үш түрлі себепті атап көрсетеді де, «терминология – мемлекеттік тілдің жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс» [1, 3 б.] дейді. Ғалым пікірінен терминологияның қоғамдағы өзгерістермен қатар кезеңденіп, өзгеріп отыратын құбылыс, әрқашан зерттеуді талап етіп отыратын тақырып екендігін байқаймыз.

Дәл осы ұстазының ойын, қазақ терминология ғылымында айрықша орын алған ғалым, Ә. Қайдаровтың шәкірті Ө. Айтбаев «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты еңбегінде мына пікірімен толықтыра түседі: «Қоғам дамуы арқылы тіл де дамиды дейміз. Бірақ тілдің даму деңгейі оның барлық ярусына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қабаты өзгеріс, өріске онша көне бермейді (мәселен тілдің грамматикалық категориялары, дыбысталу жүйесі т.б.). Ал оның қайсы бір қатпарлары жаңалыққа иін беріп, жаңа мағыналық ұғым, түсініктер әкелуге бейім тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткішінің бірі – оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады» [2, 3 б.]. Белгілі бір ұлт тілінің дамыған, жетілгендігінің белгісі оның белгілі бір кеңістіктегі терминологиялық жүйесінің қалыптасуы.

Кез келген кәсіби саланың өзіне тән терминологиялық жүйесі бар. Терминологиялық жүйе сол салаға тән терминдердің жиынтығы. Терминдер кез келген кәсіби саланың лингвистикалық қабатын құрайды. Бұл қабат сол кәсіби саланы танып білуге арналған арнайы құрал. Белгілі бір ғылымды оқу, түсіну, меңгеру, үйрену және үйрету сол ғылым аясында қолданысқа ие атаулар, яғни терминдерсіз қол жетімсіз дүние.

Терминология ғылымы өз аясында бірнеше бөліктерге бөлініп, салаланып кете береді. Академиялық терминология да жалпы терминологияның бір саласы. Біз берілген зерттеу жұмысымызда жоғары оқу орындарында қазіргі кезде қолданысқа ие академиялық терминдерді қарастырамыз. Бұл тақырып қазіргі таңда терминология саласында, әсіресе қазақ тіл біліміндегі, өте өзекті тақырыптардың бірі. Көптеген ғылыми еңбектерде кез келген салаға байланысты терминдердің қалыптасуы мен даму үдерісі, адамзат қоғамының дамып, арнайы кәсіби тілдесудің кәсіби деңгейге көтерілуімен байланысты деп жазылады. Соңғы жылдары белең алып отырған жаһандану үдерісі тек әлемдік мемлекеттер арасындағы экономикалық қарым-қатынастар, сауда-саттық және бизнес саласының ұлғаюымен ғана шектеліп отырмағандығын оңай аңғаруға болады.

Жоғары оқу орындарындағы терминдерді, яғни академиялық терминологияны зерттеу қазіргі таңда халықаралық қатынастардың керегесі кеңейіп, әлемдік біртұтас білім мен ғылым кеңістігінің қалыптаса бастауымен тығыз байланысты. Бұған себеп Қазақстан жоғары оқу орындарының Болон үдерісіне көшуі. Болон үдерісі қазақстандық білім кеңістігіндегі терминологияға көптеген өзгерістер алып келді. Нәтижесінде, кезек күттірмейтін келесі мәселе – академиялық терминдерді біріздендіру. Бұл мақсатқа қол жеткізудің ең маңызды жолы академиялық терминдердің мағынасын кәсіби лингвистикалық тұрғыдан түсіну және жүйелендіру. Жоғарыда айтылғандай, академиялық терминология жалпы терминологияның бір саласы болғандықтан, әуелі терминология жайлы іргелі зерттеулерге тоқталамыз.

Тіл білімі ғылымында терминология мәселесін көптеген ғалымдар зерттеген. Ең алдымен отандық тіл білімі ғылымындағы зерттеулерге тоқталсақ. Қазақ тіл білімінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы, термин жасау мәселесі көрнекті ғалым, ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлынан бастау алады. «Қазақ тіл біліміндегі терминтану мәселесін айтқанда оның негізін салушы – Ахмет Байтұрсынұлы» [3], А. Байтұрсынұлының Орынбор қаласында жарық көрген «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен (Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Оренбург, 1914. – 53 б.; Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Орынбор, 1914. – [сыртқы мұқабада – 1915 ж]. 120 б.; Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 46 б.; Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 128 б.; Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 68 б. [3, 337-339 б.]) тұратын еңбегі қазақ тілі білімінің және терминологиясының іргетасы. Түрікшілер құрылтайында «Түрік тілінің пән сөздері туралы баяндамашы» [4] болып, 1926 жылы жасаған «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» [5] атты баяндамасы ғалымның терминология ғылымында атқарған орасан зор еңбегінің дәлелі болады.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы көптеген көрнекті ғалымдар мен зерттеушілер ғылыми еңбектерінде өз пікірлерін қалдырған. Мысалы, терминолог-ғалым Ө. Айтбайұлы «А. Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясын жасаушы. Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны да сондай» [6, 29], [7, 7]; «Қазақ терминологиясы, оның ішінде лингвистика терминдері мәселесін сөз еткенде, біз аса көрнекті тілші Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін айналып өте алмайтынымыз ақиқат» [8, 3 б.] деп ой түйген болса, белгілі лингвист-түркітанушы ғалым А.С. Аманжолов қазақ лингвистикалық терминологиясының негіздері жайлы жазбасында «А. Байтұрсынов (1873-1937) ХХ ғасырдың 20-жылдары өзінің «Тіл - Құрал» атты оқулығында қазақ тілін әрі қарай талдап, қазақ лингвистикалық терминологиясының негізін салған еді» [9, 5 б.] деп жазады. Ғалым Ө. Айтбайұлы А. Байтұрсынұлына арнап бірнеше мақала жазған: «А. Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі» [8], «Қазақ терминологиясының атасы» [7], «Ұлт ұстазы» [10], «Ұлттың ұлы ұстазы» [11].

Ғалым Ө. Айтбаев «Основы казахской терминологии» атты еңбегінде А. Байтұрсынұлының термин жүйесін келесі сурет (Сурет 1) түрінде көрсеткен.




Сурет 1 – А. Байтұрсынұлының термин жүйесі [12, 61]

Қазақ терминологиясы саласында терең зерттеулер жүргізіп жүрген терминолог-ғалым Ш. Құрманбайұлы қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының есімін атамай өту мүмкін емес екендігін, өйткені ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыру ғалым еңбектерінен бастау алатындығын айтады [13, 157 б.]. Сонымен қатар, былай деп сөзін жалғастырады: «А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы» [13, 160 б.]; «А. Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым» [13, 163 б.]; «А. Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға» [13, 168]; «А. Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми принциптерін жасаушы» [13, 170 б.].

Терминолог Ш. Құрманбайұлының зерттеуі бойынша қазақ терминологиясының қалыптасуындағы ерекше кезең ХХ ғасырдың бастауы. Нақтырақ айтқанда 1910-1930 жылдардың аралығы деп көрсетеді. Осы уақыт аралығында А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Күдерин, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, С. Қожанұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанов, Н. Төреқұлов, Ш. Құдайбердіұлы, К. Жәленов атты қазақ зиялыларының еңбектері жарыққа шыққан [13, 147 б.]. Жоғарыда аты аталған қазақ ғалымдарының қазақ ғылымында салған сара жолын олардың ізбасарлары

жалғастырып, дамыта түсті. Қазақ терминологиясына ғылыми еңбектерімен келешек ұрпаққа өшпес із қалдырған ғалымдардың негізгі легі М. Әуезов [14], Қ. Жұбанұлы [15], [16], І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов [17], Н. Сауранбаев [18], Ә. Қайдаров [19], Ө. Айтбаев [20], [21], Р.А. Өрекенова [22], Ш. Құрманбайұлы [23], [24], [25] және т.б.

Төменде берілген кестеден (Кесте 1) қазақ ғалымдарының терминология мәселесіне арнап жазған еңбектер тізімін көруге болады.

Кесте 1 – Отандық ғалымдардың терминология бойынша жазған еңбектері

| Ғалымның аты-жөні | Еңбек атауы |
|---|---|
| А. Байтұрсынұлы | Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері (1914)<br>Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері (1915)<br>Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері (1923)<br>Түркі тілдеріндегі терминология жайлы (1926) |
| Н. Төреқұлұлы | Жат сөздер туралы (1926) |
| Е. Омарұлы | Қазақша пән сөздер (1925) |
| М. Әуезов | Қайсысын қолданамыз? (1917)<br>Ғылым тілі (научный термин) (1918) |
| Қ. Жұбанұлы | Қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы (1935)<br>О терминологии казахской орфографии и алфавита казахского языка (1935)<br>Термин-сөздердің спецификасы жөнінде (1935)<br>Қазақ тілінің терминдері (1936)<br>Термин-сөздердің спецификасы жөнінде (1958)<br>О специфике слов-терминов (1966)<br>О терминологии казахского литературного языка (1966)<br>Принципы терминологии казахского литературного языка (1966) |
| І. Кеңесбаев | Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі (1966) |
| Т. Жанұзақов | Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі (1966) |
| Н.Т. Сауранбаев | Қазақ әдебиет тілі және оның терминологиясын жасау туралы (1941)<br>Терминология сөздігі. Бірінші кітап (1948)<br>Терминология сөздігі. Екінші кітап (1950) |
| Ә. Қайдаров | Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас (1993)<br>Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас (1993) |
| Ө. Айтбаев | Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы (1988)<br>Қазақ терминологиясының қазіргі жайы мен міндеттері (1994)<br>Түркі тілдері терминдерін бірегейлестірудің алғышарттары (1998)<br>Основы казахской терминологии (2000)<br>Терминдердің жасалу жолдары мен принциптері (2001)<br>Қазақ тіл білімінің терминология мәселелері (2013) |
| Р.А. Өрекенова | Образование терминов в казахском языке (1980) |
| Ш. Құрманбайұлы | Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты (2004)<br>Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары (2004)<br>Терминтану (2006) |

Терминология мәселелерінің зерттелуі қоғам өмірімен қатар өз жалғасын табуда. Аталмыш тақырып бойынша Қазақстанда көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалған. Терминология саласында Ө. Айтбаевтың

«Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» (1992), Ш. Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминдену үрдісі» (1999), Қ. Айдарбектің «Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық аспектісі» (2009), А. Мусагулованың «Қазіргі қазақ тіліндегі бизнес терминдерінің даму үрдісі» (2014), А. Ахметбекованың «Лексикографические и метатекстовые характеристики терминологической дефиниции» (2015), А. Құрманаеваның «Сұлулық индустриясы терминжүйесінің қалыптасуы» (2020) атты докторлық диссертациялар қорғалды. Сонымен қатар, терминология саласы бойынша төменде көрсетілген кандидаттық диссертациялар қорғалды. Атап айтар болсақ, М.О. Исамбаев «О формировании терминов при составлении русско-латинско-казахского медицинского терминологического словаря» (1961), Е. Рамазанов «Формирование ботанических терминов на казахском языке и русско-казахский словарь по ботанике» (1964), Ж.М. Молдажаров «Қазақ лингвистикалық терминологиясының қалыптасуы мен дамуы» (1972), К.Т. Оспанова «Лексико-грамматические способы образования химических терминов в современном казахском языке» (1987), К.Г. Аяпбергенова «Истоки формирования и развития медицинской терминологии в казахском языке» (1987), С.С. Джансеитова «Терминология казахской музыки (на материале казахского и русского языков)» (1989), Ш. Құрманбайұлы «Өсімдік мүшелері мен құрылым-құрылысына қатысты терминдер» (1994), Г. Жұмашева ««Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер» (1996), С.Қ. Әлісжанов «Қазіргі қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасу процесі» (1996), Б. Ақшалова «Макроэкономикалық терминдердің лексика-грамматикалық сипаты» (1998), А. Исанова «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі заң терминдері» (1998), Г.Е. Омарова «Термины синтаксиса в учебной литературе» (1998), А. Төрениязова «Қазақ әдеби тілі синонимдер жүйесінің терминжасамдағы ролі» (1999), Е. Әбдірәсілов «Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары» (1999), М. Миров «Профессор Қ. Жұбановтың ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі» (1999), Е.Г. Дәулетов «Қазақ тіліндегі мемлекеттік құрылыс терминологиясының қалыптасуы» (1999), Ә. Нұржанова «Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері» (2000), Қ. Қабатаева «Х. Досмұхамедұлы еңбектеріндегі қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік терминдер» (2000), С. Исақова «Қазақ тіліндегі психология терминдері» (2000), И. Мұратбаева «Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы» (2000), Ә. Әміров «Қазақ баспасөзінің 1990-2000 жылдар аралығында терминологияны қалыптастырудағы рөлі» (2002), С.Е. Сәрсенова «Қазақ тіліндегі физика және астрономия терминдерінің құрамы мен құрылымы» (2002), А.Т. Қоңырова «Қазақ тіліндегі филологиялық терминдердің дамуы мен қалыптасу тарихы» (2003), Ә.Ә. Әбдірахман «Құран кәрімдегі тұрақты тіркестер мен термин сөздердің қазақ тілінде берілуі (лингвамәдени аспектісі)» (2004).

Салалық мамандар тарапынан қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялар: Г.К. Конкашбаев «Казахские народные географические термины» (1949), Т. Мусакулов «Биологические термины, принципы их

принятия и применения естествознания в казахской школе» (1958), М.М. Нугуманов «Проблема терминологии в преподавании химии в казахской средней школе» (1966), И. Нугуманов «Язык химии и дидактические основы его формирования в процессе обучения» (1993), Ш. Біләлов «Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру» (1997), С. Ақаев «Терминнің тілдік және танымдық табиғаты» (2002), А.А. Мустафаева «Современная арабская терминология: формирование и проблемы перевода (на материале терминологии информатики)» (2011), А.Т. Баекеева «Қазақ тіліндегі тау-кен терминологиясының қалыптасуы және ағылшын, орыс тілдерінде аударылу ерекшеліктері» (2021), Д.О. Осокина «Когнитивно-фреймовые модели формирования терминосистемы электронного обучения (на материале английского языка)» (2021).

Терминологияның дамуы да кез келген өзге ғылым саласы сияқты мамандарға тәуелді. Салалық терминологияның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір ғалымдар мен сол ғылым саласында қызмет істейтін мамандардың есімдерімен тікелей байланысты [26, 116].

Қазақ тіл білімінде терминология мәселесін зерттеп, «терминология», «термин» ұғымдарына анықтама беріп, оларға қойылатын талаптар, олардың негізгі сипаттары, терминологиялық жұмыстар және т.б. мәселелерін қарастырған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Осы саланы зерттеуші ғалымдардың «Терминология» ұғымына берген анықтамаларын төменде көрсеттік.

«Терминология – ғылым мен техниканың, грамматика мен философияның, саясат пен көркемөнердің салаларындағы терминдердің жиынтығы» [27, 165];

«Терминология – ғылым мен техника, өнер саласына байланысты терминдердің жалпы жиынтығы» [28, 801];

«Терминология – ғылым мен техника, өнер саласына байланысты терминдердің жалпы жиынтығы» [29, 633];

«Терминология – жалпы терминдер» [30, 550];

«Терминология – ... тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы» [2, 14];

«Терминология (*terminus* және *logos* – сөз ілімі) – ғылымның, техниканың, өндірістің, өнердің, қоғамдық өмірдің, шаруашылықтың сан-саласында арнайы ұғымдар мен нақты объектілерді атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы» [31, 388];

«Терминология (лат. *terminus* – шекара, шек + грек. *logia* – ілім) – белгілі бір білім саласындағы нақты объектілердің арнайы ұғымдары мен атауларын білдіру үшін қолданылатын сөздер немесе сөз тіркестерінің жиынтығы. Терминология тар кәсіби саладағы адамдардың игілігі болып табылады» [32, 380];

«Терминология – кең мағынасында «адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі» [26, 165].

«Терминология – арнаулы ұғымдар атауларының жиынтығы» [12, 43];

«Терминология – ғылымның, техниканың, өндірістің, өнердің, қоғамдық өмірдің, шаруашылықтың сан-саласында арнайы ұғымдар мен нақты объектілерді атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы» [33, 153].

«Терминология» ұғымына анықтамамен қатар, оған тән өзіндік қасиеттерді де байқауға болады. Мәселен, танымал лингвист, ғалым Э.Д. Сүлейменованың жалпы редакциясын басқаруымен 1998 жылы шыққан «Тіл білімі сөздігінде» терминологияға тән қасиеттер [32, 380] беріледі. Аталмыш қасиеттерді сурет түрінде былайша беруді жөн көрдік (Сурет 2).




Сурет 2 – Терминологияға тән қасиеттер

Терминолог Ш. Құрманбайұлы «Терминтану» атты еңбегінде терминологияның негізгі сипаттарын береді. Терминологияны жасалу кезеңі, оны құрайтын терминдердің құрамына, жасалу тәсілдеріне, тілдерге қатысына байланысты сипатталатынын айтады және терминологияның негізгі сипаттары [25, 168], терминологиялық жұмыстар [25, 178-200] беріледі.

Ғалым терминологияның негізгі сипаттарын тарихи (жасы, жасалу тәсілдері, байырғылығы, құрылу үлгілері, тұйықтығы, туыстығы, тұрақтылығы) және формалды (мөлшері, микротерминология, мезотерминология, макротерминология, терминдердің орташа ұзақтығы, құрылымдық құрамы, уәжділігі) деп екіге бөліп қарастырып, олардың анықталу жолдарын тізбектейді (Кесте 2).

Кесте 2 – Терминологияның негізгі сипаттары

| Терминологияның сипаты | Анықталу жолдары |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Тарихи сипаты | |
| Жасы | Белгілі бір саланың бөлініп шығу кезіне сәйкес мағынаны арнайыландыру арқылы жасалған терминдердің пайда болуының орташа уақытымен өлшенетін мерзім. |
| Жасалу тәсілдері | Терминжасамның түрлі тәсілдерімен (лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік) жасалған терминдердің ара-салмағын анықтау. Бұл белгілі бір саланың терминжасам үрдісін, дәстүрін анықтап, сол саланың терминологиясын одан әрі жетілдіру үшін қажет. |
| Байырғылығы | Белгілі бір терминологияның құрамындағы байырғы терминдер мен өзге тілдерден енген терминдердің ара-салмағын анықтау арқылы. |

2-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Құрылу үлгілері | 3 негізгі үлгі:<br>1) белгілі бір арнаулы саланы бөлшектеу және одан жаңа саланың тармақталып бөлініп шығуы;<br>2) екі ғылым саласының тоғысуы;<br>3) кешенді ғылымдар мен бірнеше ғылымдардың өзара байланысы негізінде қалыптасатын ғылымдар. |
| Тұйықтығы | Бір тілдегі терминологиялардың бір-бірінен терминалмасуын, сол саланың өз терминдері мен өзге саланың терминдерінің ара-салмағын анықтау арқылы. |
| Туыстығы | Терминологияның туыстығы бір арнаулы сала лексикасынан бөлініп шыққан (*генетикалық*) және әр түрлі арнаулы сала лексикаларының шығу тегінің бірдей немесе ұқсас болу (*типологиялық*) сипаты. |
| Тұрақтылығы | Терминологияның белгілі бір уақыт аралығында негізгі бөлігі мен құрылымын сақтап тұруы. |
| Формалды сипаты | |
| Мөлшері | Терминологияның құрамына кіретін терминдер саны арқылы. |
| Микротерминология | Құрамына 100 терминге дейін кіретін болса; |
| Мезотерминология | 100-1000 термин; |
| Макротерминология | 1000 астам термин; |
| Мегатерминология | 10 000 астам термин. |
| Терминдердің орташа ұзындығы | Нақты бір терминологиядағы терминдерді құрайтын сөздердің орташа санымен (лексикалық өлшем) немесе терминдерді құрайтын таңба санымен (таңбалық өлшем) өлшенетін сипаты. |
| Құрылымдық құрамы | Терминдердің түрі мен құрылымдық типтерінің арақатынасы арқылы. |
| Уәжділігі | Әр түрлі типтегі уәжі белгілі терминдердің жалпы пропорциясы мен арақатынасын анықтау арқылы. |

Төменде терминологиялық жұмыстардың негізгі және өзге де түрлеріне берілген түсініктер іріктелген:

«Реттеу – терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы;

Стандарттау (кодификация) – әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарда бекіту;

Біріздендіру – әр түрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі;

Терминдерді түгендеу – белгілі бір саланың, пәннің барлық немесе оның бір тармағының терминдерін жинау және сипаттау;

Ұғымдарды жүйелеу – сала ұғымдарын категориялары бойынша жүйелеу және ұғымдардың классификациялық схемасын жасау. Белгілі бір арнаулы саланың (білім, ғылым, техника) құрылымына сәйкес оның ұғымдарын орналастыру;

Терминологияны талдау – терминологияның кемшіліктерін анықтау мақсатымен жүргізілетін талдау, сараптау жұмысы. Бұл жұмыс – *семантикалық талдау, функционалдық талдау, диахронды талдау* деп аталатын үш сатыдан тұрады;

Терминдерді нормаландыру – мамандардың тілдік қолданысындағы терминдердің ішінен мейлінше қолайлы әрі дәл нұсқаларды, терминдерді қолдану мен жасау ережелерін таңдау және соларға басымдық бере отырып, бекіту. Терминологиялық норма жалпытілдік нормаға негізделеді, алайда оған сәйкес келмейтін жағдайлар да болады;

Терминологиялық сараптама – құжаттардағы қолдануға ұсынылмаған терминдер нормаланған терминдермен алмастырылады және құжаттағы барлық терминдердің жалпыға бірдей талаптарға сай келуіне баға беріліп, оларды жетілдіруге арналған ұсыныстар беріледі;

Терминологиялық аударма – шет тілдері терминдерінің ұлт тіліндегі терминдерге сәйкестігі анықталады да, ұлт тілінде тиісті баламасы жоқ терминдер болса, соларға сәйкесетін жаңа терминдер жасалады;

Терминологиялық редакциялау – белгілі бір арнаулы саладағы жеке авторлардың жасаған терминдері мен жалпыға бірдей терминдерді сәйкестендіру, яғни авторлық қолданыстағы терминдерді алмастыру немесе түсіндіру арқылы жүзеге асыру жұмысы;

Терминологиялық оқыту – арнаулы ұғымдар жүйесін жақсы түсініп, олардың оқытылатын пән саласындағы орнын білу арқылы алдағы оқу барысында берілетін материалдарды меңгеру «Мамандыққа кіріспе» пәнінің құрамында терминдер жүйесімен таныстырылатын терминологиялық қызметтің жаңа саласы;

Терминжүйені қалыптандыру – жасалған терминжүйені нормативтік сөздік түрінде рәсімдеу. Терминжүйенің ерекшеліктеріне байланысты қалыптандыру терминдер мен олардың анықтамаларының стандарты түрінде немесе ұсынылған терминдер жинағы ретіндегі ұсыныстар түрінде де болуы мүмкін.

Терминологияны стандарттау – құжаттарда міндетті түрде қолданылуы тиіс терминдер мен олардың анықтамаларын стандарт ретінде бекіту. Стандарттау халықаралық, тіларалық немесе тілішілік деңгейде жүргізілуі мүмкін;

Терминологияны ұсыну (мақұлдау) – шектен тыс нормалау (стандарт түрінде бекітіп тастау) шығармашылық ойлау мен термин шығармашылығын шектеуге апаратын жағдайда терминге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын, мейлінше дұрыс жасалған терминдерді қолдануға ұсыну. Оның нәтижесі ұсынылған терминдер жинағы ретінде жарияланады;

Терминологияны үндестіру – екі немесе одан да көп тілдердің терминологиясын салыстыру, яғни тіларалық реттеу жұмысы;

Терминологияны үйлестіру – жалпы терминдер жүйесі шеңберіндегі жекелеген терминологияларды үйлестіру;

Терминжүйені жобалау – белгілі бір терминжасам үлгісі бойынша терминжүйе жасаумен қатар, терминжүйенің одан әрі дамуы да қарастырылып,

сол ұғымдар жүйесінің дамуына байланысты жаңа терминдер жасаудың ережелері белгіленеді;

Ұйымдық терминологиялық жұмыстар – терминологиялық органдарды құрып, ұйымдастырудан бастап, олардың қызметін жоспарлау мен үйлестіру және терминтанушылар мен терминшілерді даярлау жұмыстарының жиынтығы;

Терминологиялық бақылау – әр түрлі мәтіндерде қолданылатын терминдердің өздері белгілейтін ұғымдарға барабар келуін, сол ұғымдарды дәл білдіруін тексеру» [25, 178-200].

Терминология терминдердің жиынтығы дей келе, «термин» ұғымына көптеген ғалымдар анықтама берген. Отандық ғалымдардың «термин» ұғымына берген анықтамаларын төменде сараладық.

«Термин – ғылым мен техниканың, көркемөнер мен қоғам өмірінің алуан түрлі саласына байланысты қолданылатын, тиянақты тұжырымды ұғымды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, атау сөз» [17, 165];

«Термин – ғылымда, техникада, искусствода белгілі бір ұғымды білдіретін атау сөз» [27, 352];

«Термин – белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі» [28, 801];

«Термин – белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі» [29, 633];

«Термин – ғылым, техника мен өнерде бір ұғымды білдіретін атау сөз» [30, 550];

«Термин – ... белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика» [2, 12];

«Термин – ғылым мен білім саласында ұғымдарды дәл атау үшін қолданылатын арнайы сөздер мен сөз тіркестері» [31, 387];

«Термин – арнайы ұғымдарды, түсініктер жиынтығын дәл беру, нақты белгілеу үшін жасалған арнайы сөздер мен сөз тіркестері» [32, 380];

«Термин – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер» [33, 325];

«Термин – ғылымның арнайы саласындағы ұғымды білдіретін арнайы сөз немесе сөз тіркесі» [34, 299];

«Термин – белгілі бір арнаулы салаға тән сөз» [13, 143];

«Термин – лингвистикалық анықтама: ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі» [26, 57];

«Термин – терминтанушылық анықтама: терминологиялық жүйенің элементі» [26, 57];

«Термин – арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысынан берілген анықтама: адам қызметі мен білімнің арнаулы салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарын белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі» [26, 57];

«Термин – белгілі бір ғылым мен техника саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөздер мен тіркестері» [35, 153].

Ғалым Ө. Айтбайұлы «Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері» атты еңбегінде терминнің басты үш белгісін [20, 16] көрсетеді (Сурет 3).




Сурет 3 – Терминнің белгілері

«Тіл білімі сөздігінде» [32, 380] (Сурет 4) және «Лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігінде» [34, 299] (Сурет 5) терминнің келесі ерекшеліктері беріледі.




Сурет 4 – «Тіл білімі сөздігі» бойынша терминнің ерекшеліктері




Сурет 5 – «Лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі» бойынша терминнің ерекшеліктері

Терминдер түрлі қарым-қатынас нәтижесінде көптеген тілдерден қазақ тіліне енеді. Қазіргі академиялық терминдер қазақ тіліне Еуропа тілдерінен еніп отыр. Болон үдерісіне дейінгі академиялық терминдер латын тілінен шыққан, яғни енген болса, Болон үдерісі нәтижесінде қазақ тіліне енген терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне еніп отыр.

Ғалым Ө. Айтбайұлы Еуропа тілдерінен енген сөздерді интертерминдер деп атайды да, оларды игерудің қазақ тілінде үш түрлі жолын сарқа пайдалану тәсілін қолдана отырып мағыналық аударма жасау, тілден соған сай келетін балама табу, қазақ тілінің ішкі заңдылығына сәйкестендіре жазып ыңғайлау, яғни қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық заңына ыңғайлап қабылдау деп көрсетеді [20, 388].

Терминолог мамандар арасында «Барлық термин – сөз, бірақ сөздің бәрі термин емес» деген тұжырым үнемі кездеседі. Осы орайда сөз бен терминнің ара жігін ажырату үшін терминнің өзіне тән белгілері мен терминге қойылатын талаптар болады.

Терминолог Ш. Құрманбайұлы «Терминтану» атты еңбегінде терминнің жеті басты белгілерін (Сурет 6) атайды.

ТЕРМИН(ДЕР)

- → Сөз немесе сөз тіркестері.
- → Негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба).
- → Белгілі бір терминологияның мүшесі.
- → Ұғым аты.
- → Міндетті түрде дефинициясы болады.
- → Негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер.
- → Атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, белгілі бір арнаулы сала шеңберінде қолданылады.

Сурет 6 – Терминнің белгілері

Ш. Құрманбайұлы өз еңбегінде терминге қойылатын талаптарды төмендегідей атап көрсетеді:

«Терминнің бірмағыналығы – бір арнаулы сала ішінде бір ғана мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы;

Термин мағынасының дәлдігі – атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі;

Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы – бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде қолдану қолайсыз. Алайда терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес. Белгілі бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндескен сөздерден тұратын тіркеспен аталса, ол терминнің жүйелілігін көрсетеді;

Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі – терминологияда сөзжасам заңдылықтарын қанағаттандыра бермейтін терминдер кездеседі;

Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы – терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі;

Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы – ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы;

Эстетикалық талаптарға сай келуі – терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы» [25].

Қазақ тіл білімінде терминология мәселелері көптеген ғалымдардың, зерттеушілердің зерттеу нысаны болғандығын көреміз. Ғылымда бұл мәселе

көптеген шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің ғылыми еңбектерінің тақырыбы болған. Сондықтан, шетелдік ғалымдардың қаламынан туған терминология саласындағы құнды еңбектеріне, «терминология», «термин» ұғымдарына берген анықтамаларына және т.б. терминге қатысты сұрақтарға тоқталу заңдылық.

Лингвист әрі терминолог, Барселона университетінің түлегі М.Т. Кабре «Terminology: Theory, Methods and Applications» атты еңбегінде былайша пайымдайды: «XVIII және XIX ғасырларда терминология саласында ғалымдар көшбасшы болды; XX ғасырда бұл салаға инженерлер мен техник мамандар келді. Технологияның тез өркендеуі мен дамуы жаңа ұғымдарды атауды ғана емес, сонымен қатар қолданылатын терминдердің сәйкес келуін қажет етті.

Қазіргі терминологияның негізін салушы, Вена Терминология Мектебінің басты өкілі Е. Вюстер (1898-1977 жж.) және Кеңес Терминология Мектебінің іргетасын қалаушы Д.С. Лотте (1889-1950 жж.) инженерия саласынан келген» [36, 2] деп жазады. Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде терминологияның бастауы Е. Вюстердің есімімен байланысты деп жазылады. «Қазіргі терминология 1930 жылдары Е. Вюстердің ғылыми еңбегі арқылы Вена қаласында пайда болды» [36, 5].

Тіл білімі ғылымында терминология саласының дамуы келесі ғалымдардың есімімен және олардың ғылыми еңбектерімен, тұжырымдарымен тығыз байланысты: Е. Вюстер [37], [38], [39], [40], [41], Д.С. Лотте [42], [43], [44], [45], [46], [47], J.L. Austin [48], P. Auger, L.J. Rousseau [49], R. Boutin-Quesnel [50], A. Clas [51], S.E. Wright, G. Budin [52], H. Felber [53], H. Picht, J. Draskau [54], G. Rondeau [55], J.C. Sager [56], [57], [58], [59], A. Rey [60], J. Pearson [61], H. Somers [62], M.T. Cabre [36], [63], [64], [65], D. Gouadec [66], G. Ciobanu [67], R. Dubuc [68], D. Sageder [69], А.А. Реформатский [70], [71], [72], О.С. Ахманова [73], В.М. Лейчик [74], В.П. Даниленко [75], Т.Л. Канделаки [76], А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева [77], Б.Н. Головин, Р.Ю. Кобрин [78], Р.А. Будагов [79], Э.А. Натансон [80], Я.А. Климовицкий [81], С.В. Гринев [82], С.Д. Шелов [83], [84], [85], [86], [87], С.В. Гринев-Гриневич [88], С.Н. Виноградов [89] және т.б. Терминология саласында еңбек еткен ғалымдардың барлығы «терминология» және «термин» ұғымдарына өз анықтамаларын ұсынған. Қос ұғымға берілген ғылым аясындағы анықтамалары төменде берілген.

«Терминология – саналы реттеу мен бірыңғайлауға ең қолайлы лексиканың ерекше бөлімін құрайтын өндірістің, қызметтің, білімнің белгілі бір саласының терминдерінің жиынтығы» [72, 116];

«Терминология – саналы реттеу мен бірыңғайлауға өте икемді лексиканың ерекше бөлімін құрайтын өндірістің, қызметтің, білімнің белгілі бір саласы терминдерінің жиынтығы» [73, 475];

«Терминология – арнайы мақсаттарға арналған тілдің деректерімен қызмет көрсетілетін білім және (немесе) қызмет саласының жалпы ұғымдарын білдіре отырып, арнайы мақсаттарға арналған тілдердің бірінде бірге қызмет атқаратын ресми құрылымның мағыналық бірлігі мен ұқсастығына (жақындығына) ие

стихиялық түрде қалыптасқан лексикалық бірліктердің жиынтығын қамтитын парадигмалық түрдегі тілдік құрылым» [74, 116];

«Терминология – тар мағынасында ұғымдардың тиісті жиынтығын көрсететін білімнің (бір ғылымның немесе ғылыми бағыттың) бір саласының терминдерінің жиынтығы. Кең мағынасында қызметтің барлық салалары терминдерінің жалпы жиынтығы» [75, 15];

«Терминология – 1) жалпы термин-сөздердің біршама белгісіз жиыны немесе жиынтығы; 2) белгілі бір білім (медициналық терминология, географиялық терминология) саласы терминдерінің (ұғымдарының және атауларының) жиынтығы; 3) жалпы терминдердің жасалуы, құрамы және қолданысы туралы ілім; 4) белгілі бір тілде қолданылатын, білімнің белгілі бір саласы терминдерінің және олардың басқа тілдердегі баламаларының жасалуы, құрамы және қолданысы туралы ілім; 5) жалпы терминологиялық ілім» [77, 14];

«Терминология – қызметтің (білім, техника, басқарма, мәдениет саласының) кәсіби шеңберімен сәйкестендірілген, бір-бірімен ұғымдық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық және грамматикалық деңгейлерде байланысқан терминдердің жиынтығы» [78, 5];

«Терминология – қызметтің ұғымдар жүйесіне изоморфты және оның қатысымдық (коммуникативтік) қажеттіліктеріне қызмет етуші, қызметтің кейбір саласының арнайы аталымы (номинация) бірліктерінің жиынтығы» [90, 131];

«Терминология – қандай да бір қызмет аясының немесе білім саласының денотаттары мен ұғымдарын білдіретін сөздер (терминдер) жиынтығы» [101, 150];

«Терминология – нақты жүйеде дәл анықтамасымен күнделікті қолданыстан ерекшеленетін ғылыми жүйедегі белгілі техникалық терминдердің жиынтығы» [103, 479];

«Терминология – ішінара социолект құрайтын, біршама анықталған терминдер жиынтығы» [105, 389];

«Терминология – 1) белгілі бір пәнде кездесетін арнайы лексикалық бірліктер; 2) тілдегі ұғымдарға арналған лексикалық бірліктердің дамуы немесе іріктеп алынуы» [107, 591];

«Терминология – сөз тіркесі мен атаулардың жиынтығы және түсініктемесі» [109, 401];

«Терминология – білім, өнер, қоғамдық өмірдің қандай да бір саласында қолданылатын терминдердің жүйесі, жиынтығы» [111, 1318];

«Терминология – терминдердің жүйесі, жиынтығы» [112, 558];

«Терминология – терминдерді, яғни бір немесе бірнеше тілдердің арнайы қолданылу саласына жататын лексикалық бірліктерді жинау, сипаттау, өңдеу және ұсынумен байланысты ғылым және қызмет саласы» [56, 2];

«Терминология – 1) терминдерді зерттеу барысында басшылыққа алынатын қағидаттар мен концептуалды негіздер; 2) терминографиялық жұмыста қолданылатын қағидаттар; 2) нақты арнайы пәннің терминдер жиынтығы» [36, 32].

«Терминология – қызметтің кәсіби аясымен (білім, техника, басқару, мәдениет саласымен) сәйкестелген, бір бірімен ұғымдық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық және грамматикалық деңгейлерде байланысқан терминдердің жиынтығы» [113, 4];

«Терминология – белгілі бір пәнде қолданылатын техникалық сөздер мен сөйлемшелер» [114, 1595];

«Терминология – арнайы бір пән немесе мамандықта қолданылатын сөздер немесе фразалар» [115, 756];

«Терминология – арнайы пәнде қолданылатын техникалық сөздер мен сөйлемшелер жиынтығы» [116, 1616].

Байқағанымыздай, «терминология» ұғымына түрлі ғалымдар түрлі анықтама берген. Алайда, барлық анықтамаларға ортақ бір нәрсені көруге болады, яғни терминология – терминдер туралы ілім және арнайы бір саланың терминдер жиынтығы. Ендігі кезекте «термин» ұғымына берілген анықтамаларға тоқталамыз.

«Термин – өздерінің ерекше міндетімен шектелетін арнайы сөздер; заттардың атауы мен ұғымының нақты көрінісі ретінде бірмағыналы болуға тырысатын сөздер. Бұл ғылымда, техникада, саясатта және дипломатияда қажет» [72, 115];

«Термин – арнайы ұғымның атауы болып табылатын, анықтама (дефиниция) талап ететін қолданыс аясындағы арнайы сөз (немесе сөз тіркесі)» [75, 15];

«Термин – арнайы ұғымдарды нақты білдіру және арнайы заттарды белгілеу үшін жасалатын (қабылданатын, кіретін және т.б.) арнайы (ғылым, техника және т.б.) тілдік сөз немесе сөз тіркесі» [73, 474];

«Термин – білімнің немесе қызметтің белгілі бір арнайы саласы теориясының жалпы – нақты немесе абстракт – ұғымын білдіретін арнайы мақсаттарға арналған белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі» [74, 31];

«Термин – кәсіби қызметте қабылданған және ерекше жағдайларда қолданылатын арнайы сөз (немесе сөз тіркесі). Термин – кәсіби білім саласының белгілі бір ұғымдарының жүйесіне енетін ұғымды сөздік білдіру. Термин – арнайы мақсаттарға арналған тілдің негізгі ұғымдық элементі. Өзінің терминологиялық өрісі ішінде термин бірмағыналы. Түрлі өрістердің бірдей дыбысталатын терминдері – омонимдер. Өзінің дұрыс түсінілуі үшін термин арнайы дефиниция (нақты ғылыми анықтама) талап етеді» [77, 14];

«Термин – ғылыми және кәсіби-техникалық нысандарды және олардың арасындағы қарым-қатынасты тану және игеру үдерісінде қолданылатын және кәсіби ұғымды қалыптастыратын және білдіретін арнайы мағынаға ие сөз немесе бағыныңқы сөз тіркесі» [78, 5];

«Термин – дәлме-дәл анықталған мағынасы бар сөз. Терминде бір ғана мағына болады. Термин бірмағыналылыққа (моносемияға) ұмтылады» [79, 33];

«Термин – қызметтің немесе білімнің қандай да бір саласының арнайы ұғымымен сәйкестендірілген сөз немесе сөз тіркесі» [80, 3];

«Термин – қызметтің белгілі бір саласының арнайы ұғымын білдіретін, бейтілдік таңбаның немесе нық жаңғыртылатын синтагманың барлық нұсқаларының жиынтығын қамтитын, терминология (терминжүйе) элементі» [90, 131];

«Термин – диалектикалық тұрғыда тұрақты таңбалау жүйесін және оның үздіксіз қайта мән берілуін өзіне ұйқастыратын тілдің серпінді үлгісінің құрамбөлігі (компонент)» [91, 15];

«Термин – ғылым және ғылыми пәндердің қосымшалары метатілінің сөздері (және сөз тіркестері), сонымен қатар, адам қызметінің нақты практикалық саласының арнайы реалияларын білдіретін сөздер» [92, 89];

«Термин – арнайы ұғымдарды нақты білдіру үшін жасалған (кірген, қабылданған) және дефиницияға негізделген қолданыстың арнайы саласының сөзі немесе сөз тіркесі» [93, 25];

«Термин – кәсіби ойлаудың вербалданған нәтижесі, кәсіби саладағы бағдардың лингва-танымдық мәнді құралы және кәсіби қатысымның ең маңызды элементі» [94, 63];

«Термин – арнайы ұғымдарды нақты атау үшін қабылданатын арнайы тілдің атаулы арнайы лексикалық бірлігі (сөз немесе сөз тіркесі)» [95, 33];

«Термин – белгілі бір терминжүйеде анықтамасы мен орны шектеулі, арнайы зат немесе ғылыми ұғымды білдіретін инвариант» [96, 17];

«Термин – бір нәрсенің атауы ретінде қолданылатын, әсіресе тілдің арнайы түрімен байланысты сөз немесе фраза» [116, 1616];

«Термин – кәсіби саланың ұғымы және пәнімен шартты түрде өзара қатынаста болатын және ақпаратты топтау, тіркеу, сақтау және жеткізу үшін қызмет атқаратын, көбінесе субстанционалды сипаттағы тілдік бірлік (сөз немесе сөз тіркесі)» [97, 77];

«Термин – кәсіби қатынас саласының номинативтік мәндегі семиотикалық бірлігі» [98, 14];

«Термин – кәсіби ұғымды білдіретін сөз немесе сөз тіркесі (құрамбөліктердің бағыныңқы байланысымен)» [99, 218];

«Термин – арнайы ұғымдарды логикалық тұрғыда нақты анықтау, ұғымдардың мазмұнын, олардың айырмалық белгілерін айқындау үшін қолданылатын сөздер немесе сөз тіркестері» [100, 178];

«Термин – сала ішіндегі ұғымды білдіретін бір немесе бірнеше сөзден құралған лексикалық бірлік» [102, 151];

«Термин – терминологиядағы термин немесе терминологиялық бірлік – пәндік салада бірмағыналы ұғымды білдіретін сөзден (қарапайым термин) немесе бірнеше сөздерден (күрделі термин) тұратын таңбаланушы бірлік» [104, 480];

«Термин – бір немесе бірнеше ұғымдарға берілген іргелес ұғымдар арқылы анықталатын лингвистикалық символ. Ол сөз немесе сөздер тобы болуы мүмкін. Сонымен қатар, әріп, графикалық символ, аббревиатура, акроним, жазба шартты белгілер және т.б. болуы мүмкін» [53, 168];

«Термин – қарым-қатынастың қиылысу нүктесінің (немесе реляциялық желі ішіндегі қиылысудың) атауы (таңбасы), лексикалану рәсімі арқылы жүзеге асатын атау» [105, 388];

«Термин – байланыстырушы жүйе аясында анықталатын, аталатын (номенклатура) немесе құрылымдалатын (таксономия) және бірмағыналы концепт немесе ұғымға сәйкес келетін атау» [106, 14];

«Термин [лат. *terminus* – шек, шекара] – 1) формалды логикада – сөзбен көрсетілген ұғым; 2) дәлме-дәл анықталған ұғымның атауы болып табылатын сөз» [108, 674];

«Термин (терминъ) – лат. сөйлемше, сөз, сөз тіркесі, заттың атауы, шартты қалыптасқан сөз» [109, 401];

«Термин – ғылымда, техникада, өнерде қандай да бір ұғымды нақты анықтайтын сөз» [110, 283];

«Термин [лат. *terminus* – шек, шекара] – 1) ғылым, техника, өнер, қоғамдық өмір және т.б. қандай да бір арнайы саласындағы белгілі бір ұғымның нақты белгісі болып табылатын сөз (немесе сөз тіркесі); 2) кез-келген ортадағы, мамандықтағы бір ұғымды білдіру үшін қабылданған арнайы сөз немесе сөйлемше» [111, 1318];

«Термин – ғылым, техника, өнердің қандай да бір арнайы саласының белгілі бір ұғымының атауы болып табылатын сөз немесе сөз тіркесі» [112, 558];

«Термин – ғылыми және кәсіптік-техникалық нысандарды және олардың арасындағы қарым-қатынасты тану және меңгеру үдерісінде қолданылатын, кәсіби ұғымды білдіретін және қалыптастыратын, арнайы мағынаға ие сөз немесе бағыныңқы сөз тіркесі» [113, 4];

«Термин (term) – белгілі бір мағынасы бар, әсіресе арнайы бір пәнге немесе тілдің түріне байланысты қолданылатын сөз немесе сөйлемше» [114, 1595];

«Термин (term) – біреуді немесе бір нәрсені сипаттау, оған бағыттау үшін қолданылатын сөз немесе фраза» [115, 755].

Жоғарыда берілген мәліметтер негізінде «термин» ұғымына да берілген анықтамалар әртүрлі екендігін байқаймыз. Дегенмен, барлық анықтамаларға ортақтықты да байқауға болады. Мысалы, терминдер арнайы кәсіби салада нақты ұғымды білдіреді, атауыштық қызмет атқарады, бір ғана мағынаға ие сөз немесе сөз тіркесі. Осы орайда, «жай сөз бен термин арасында қандай айырмашылық бар?» деген сұрақ туындайды.

Терминолог М.Т. Кабре «Terminology: Theory, Methods and Applications» атты еңбегінде жай сөз бен термин арасындағы айырмашылықты көрсететін бес ең маңызды прагматикалық факторды көрсетеді.

а) негізгі мақсат (the basic purpose);

ә) жанасушы пән (the subject dealt with);

б) қолданушылар (the users);

в) екі код кездесетін коммуникативтік жағдаяттар (the communicative situations in which both codes are found);

г) терминдер мен жай сөздер кездесетін дискурс түрлері (the types of discourse in which terms or general language words appear).

Терминолог М.Т. Кабренің ұсынған жай сөз (general language lexicon) бен термин (terminology) арасындағы айырмашылықты білдіретін кестесі (Сурет 7) [36, 113].

Терминдер жалпы тілдегі сөздерден ерекшеленеді, өйткені олар белгілі бір мамандандырылған шындықты атау үшін қолданылып, сілтемелік мақсатқа ие.

Төменде берілген суреттен (сурет 7) жай сөз бен термин арасындағы айырмашылықты аңғаруға болады.

| ЖАЙ СӨЗ (GENERAL LANGUAGE LEXICON) | ТЕРМИН (TERMINOLOGY) |
|---|---|
| НЕГІЗГІ МАҚСАТ (BASIC PURPOSE) | НЕГІЗГІ МАҚСАТ (BASIC PURPOSE) |
| перформативті (performative), экспрессивті (expressive), коммуникативті (communicative) | референттік (referential) |
| ПӘНДЕР (SUBJECTS) | ПӘНДЕР (SUBJECTS) |
| жалпы (generic) | арнайы (specific) |
| ҚОЛДАНУШЫЛАР (USERS) | ҚОЛДАНУШЫЛАР (USERS) |
| жалпы (general) | мамандар (specialists) |
| КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТ (COMMUNICATIVE SITUATION) | КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТ (COMMUNICATIVE SITUATION) |
| – құрылымдалған (– structured) | + құрылымдалған (+ structured) |
| ДИСКУРС (DISCOURSE) | ДИСКУРС (DISCOURSE) |
| жалпы (general) | кәсіби және ғылыми (professional and scientific) |

Сурет 7 – Жай сөз бен термин арасындағы айырмашылықты көрсететін прагматикалық факторлар [36, 113]

Жалпы қарым-қатынаста кең таралған перформативті, экспрессивті, коммуникативті, поэтикалық немесе металингвистикалық қолданыстар сияқты тілдің өзге мақсаттары терминологиялық дискурста жиі кездеспейді.

Терминология белгілі бір пән саласының мамандарына бағытталған. Терминологияның ауқымын кәсіби немесе спорттық лексикаларды немесе адамның қандай да бір іс-әрекетіне қатысты лексикаларды дамыту үшін кеңейтетін болсақ, термин дәрежесін түсінетіндердің саны артады және сонымен бірге осы қолданыстардың мамандану дәрежесі айтарлықтай төмендейді. Жалпы

халыққа тиесілі лексика мен қолданушы түрлеріне негізделген терминология арасындағы айқын көрінетін айырмашылық көмескі болады.

Теорияда терминология жалпы тіл лексикасы қолданылатын ауызекі, күнделікті жағдайларда емес, ең алдымен құрылымдық коммуникативті жағдайларда қолданылады. Сондай-ақ анықтамалық емес мәтіндерде терминология қолданылмайды. Анығында, белгілі бір саладағы сарапшылар мамандандырылған терминологияны әртүрлі коммуникативті әрекеттерде және абстракцияның бірнеше түрлі деңгейлерінде қолдана алады, осылайша терминологияның не екендігі туралы басқаша көзқарасты қалыптастырады.

Терминология пән ретінде де, қызмет түрі ретінде де оның әлеуметтік және прагматикалық аспектілеріне жіті назар аударатын жаңа көзқарасты қажет етеді. Терминдер, егер олар коммуникацияда қолданылса, жүйедегі бірлік қана болып табылады, сондықтан біз олардың табиғи сөйлеушілері мен әлеуметтік топтарына қатысты маңыздылығын қайта қарауымыз керек.

Терминология шектелген сала немесе қызмет ұғымдарын белгілеу үшін қолданылады. Бұл мағынада бірлік арнайы пәндік өрісте орналасса ғана термин бола алады. Жалпы тіл лексикасы, керісінше, сөйлеушілерге ортақ әрекеттің барлық түрлеріне қатысты қолданылады. Олай болса, енді терминдердің құрылымдық болмысын анықтауға тура келеді [36, 113-114].

Ғылыми еңбектерді басшылыққа ала отырып, біз ғалым Ө. Айтбаевтың еңбегіне тоқталамыз.




Сурет 8 – Терминдердің жіктелуі

Терминолог-ғалым Ө. Айтбаев терминдердің құрылымдық болмысын *тілдік* және *тілдік емес* деп бөліп қарауға болады дейді де, терминдерді былайша жіктейді [156, 30] (Сурет 8).

Тілдік терминдер:

1. Термин сөздер (терминдік мәндегі сөздер); а) түбір тұлғалы терминдер: *бал, алтын* т.б.; ә) туынды түбір терминдер: *жазушы, көрермен, қондырғы* т.б.; б) күрделі термин: *үшбұрыш, темір бетон;* в) қысқарған күрделі терминдер,

мұның өзін бірнеше топқа бөлуге болады: 1) буын қысқарту арқылы біріктіріп жасалған терминдер. Мұнда көбінесе екі сөздің басқы буындары біріктіріледі: *колхоз, совхоз;* 2) аралас типті күрделі терминдер. Бұлар, әдетте, бір сөздің басқа буынын не сол сөзді тұтас басқа бір сөздердің басқы дыбыстарымен біріктіру арқылы жасалады: *райпо – районное потребительское общество, сельпо – сельское потребительское общество;* 3) қысқарған сөздерден жасалған аббревиатуралар: *ГЭС*

2. Сөз тіркесі түріндегі терминдер: а) еркін тіркесті терминдер. Мұның құрамындағы әрбір компонент жеке тұрып термин бола алады. Ол басқа терминологиялық сөз тіркесінің қатарына енуі де ықтимал: Мысалы, *күкіртті азот, азотты алюминий, жазушылар одағы;* ә) еркін емес тіркесті терминдер, құрамындағы сөздердің бәрі бірдей жеке тұрып термин бола бермейді. Олар тіркесім түрінде ғана терминдік қызмет атқарады. Мыс., *қызыл бұрыш, ақ отау;* б) фразеологиялық терминдер: *оқу жылы, ғалым хатшы.*

Ш. Құрманбайұлы «Терминтанушы құралы» атты еңбегінде терминнің негізгі қасиеттерін (Кесте 3) атап көрсетеді.

Кесте 3 – Терминнің негізгі қасиеттері

| Терминнің қасиеті | Анықтамасы |
|---|---|
| Ұғым атауы болуы | Терминнің белгілі бір арнаулы сала ұғымының (абстракты, заттық) атауы ретінде сол саланың тілінде ұғымның негізгі белгілерін білдіруі. |
| Ғылыми анықтамасының болуы | Өзі белгілейтін ұғымның басты белгілерін қамтитын дәл ғылыми анықтамасының болуы. |
| Салаға тәндігі | Белгілі бір терминологияның мүшесі, сол арнаулы сала ұғымының атауы болуы. |
| Мағына дәлдігі | Термин мағынасы шекарасының анық, айқын болуы. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. |
| Контекстке тәуелсіздігі | Терминнің контекстен тыс тұрып та өзі атау болған арнаулы ұғым жөнінде мәлімет беретіндігі. Термин мағынасының контекст көмегінсіз де түсінікті болатындығы. |
| Стильдік бейтараптылығы | Терминмен белгіленетін ұғым мазмұнының объективтілігіне байланысты көп жағдайда оның қандай да бір қосымша ассоциация, стильдік реңк туғызбайтын қасиеті. |
| Арнайы жасалатындығы | Терминнің көп жағдайда ғылыми-техникалық және басқа да арнаулы салалардың ұғымдарының атауы ретінде мақсатты түрде жасалу қасиеті. |
| Дайын қалпында қолданылуы | Құрамында бірнеше сөз болатындығына қарамастан терминологиялық сөз тіркестердің синтаксистік бірлігін сақтай отырып, тұрақты қалпында, семантикалық тұтастықта жұмсалуы. |
| Атауыш сөз болуы | Терминнің атау сөз болып, қандай да бір ұғымды белгілеуі. |
| Терминологиялық тіркестердің семантикалық тұтастығы | Құрамында бірнеше сыңары бар күрделі терминдердің бөлшектенбей, мағына тұтастығын сақтау қасиеті. |
| Терминнің келісімділігі | Терминнің терминтанушылар мен сала мамандарының келісімі негізінде, мақсатты түрде жасалатындығы. |

Ш. Құрманбайұлы «Терминтанушы құралы» атты еңбегінде терминнің мағынасына төмендегі анықтамаларды ұсынады:

«Термин мағынасы – терминнің ғылыми анықтамасында (дефинициясы) қамтылған, өзі атау болған ұғым жөнінде арнаулы ақпарат беретін мағынасы;

Термин мағынасының кеңеюі – термин мағынасының ауқымы мейлінше кеңейіп, бұрынғы ұғым орнына сол ұғым да кіретін тектік ұғымды немесе жалпы ұғымды білдіруі;

Термин мағынасының тарылуы – термин мағынасының мейлінше нақтыланып, бұрынғы кең ұғым орнына оның бір түрін (түрлік ұғымды) немесе соның бір бөлігін білдіруі;

Тең мағыналы терминдер – бір ұғымның атауы ретінде пайдаланылатын мағыналары бірдей (немесе дәл сондай) терминдер;

Анық мағыналы термин – терминнің тұлғасы атау болған ұғымның мазмұнын жеткілікті дәрежеде ашып тұратындықтан, оның анықтамасынан сол мазмұнды құрайтын бірқатар белгілері көрініс табуы қажет болмайтын термин;

Терминнің бірмағыналылығы – терминнің бір ғана ұғымның атауы болып, бір ғана мағынаны білдіруі;

Абсолютті бірмағыналылығы – терминнің белгілі бір ұлт тілінің шеңберінде бір ғана мағынаны білдіруі;

Салыстырмалы бірмағыналылығы – терминнің белгілі бір сала терминологиясының шеңберінде немесе туыстас пәндер терминологиясында бір ғана мағынаны білдіруі;

Көпмағыналылығы – бір терминнің бірнеше мағынаны білдіруі;

Авторлық көпмағыналылық – жеке авторлардың өзі жасаған терминдерін қолдануы;

Жасырын көпмағыналылығы – әр түрлі тілдердегі терминдерді салыстыру барысында анықталатын көпмағыналылық;

Термин түсініктілігі – терминнің тілді тұтынушылар тарапынан қиындықсыз қабылдануы, жалпыға ұғынықтылығы;

Терминнің уәжділігі – термин мағынасының ұғынықты, семантикасының айқындығы, ал тұлғалық тұрғыдан өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі;

Термин уәжінің дәлдігі – терминнің белгілейтін ұғымы мен уәжінің дәл сәйкес келуі, жалған уәждің болмауы;

Жартылай уәжді термин – термин сөздің мағынасы мен терминді құраушы сыңарлардың жекелеген бөліктерінің ғана мағынасы түсіндірілетін термин;

Толық уәжді термин – терминді құраушы бөліктер мен құрамы арқылы термин мағынасын толық түсіндіруге болатын термин;

Жалған уәжді термин – белгілейтін ұғымы мен уәжі сәйкес келмейтін термин;

Дұрыс бағыттаушы термин – мағынасы ұғым мазмұнын дәл беретін, мағына қайшылығы болмайтын термин;

Мағыналық құрылымы – терминнің мағынасын құраушы сыңарлар жиынтығы;

Мағына ажыратушы белгі – іргелес ұғымдардан терминмен таңбаланушы ұғымның мағыналық айырмашылығын көрсететін белгі;

Тектік белгі – термин арқылы таңбаланған ұғымның тегін ажырататын белгі;

Түрлік белгі – термин арқылы таңбаланған ұғымның түрін, түрлік байланысын ажырататын белгі;

Елеулі белгі – термин мағынасындағы ұғымның басты ерекшелігін көрсететін белгі;

Елеусіз белгі – термин мағынасындағы ұғымның маңызды болып саналмайтын қасиетін көрсететін белгі;

Сипаттаушы белгі – термин мағынасындағы таңбаланған нысандар тобының барлығына тән сипатын көрсететін елеулі белгі;

Жалған белгі – термин мағынасынан орын алғанымен, ұғымның қандай да бір қасиетін білдірмейтін, басы артық белгі;

Терминнің арнайылануы – белгілі бір арнайы сала ұғымының атауы ретінде термин мағынасының кәсіптік сөзге тән сипатқа ие болуы;

Терминнің жалпылануы – термин мағынасының кеңейіп, жалпы ғылыми терминге немесе терминбөлшекке айналуы» [158].

Терминнің түрлерін ғалым Ш. Құрманбайұлы байырғы, жаңа, көне, ескірген, тарихи, кірме, калька, гибрид, диалект, базалық, негізгі, бастапқы, өзіндік, қатыстырылған, ядролық, шеткері, әмбебап, бірегей, көп мағыналы, уәжді термин және латын негізді деп бөліп қарастырған. Осы терминдерге автордың берген анықтамаларына тоқталсақ, «*байырғы термин* дегеніміз – белгілі бір тілде ертеден бар немесе сол тілдің терминологиясы қалыптаса бастаған алғашқы кезеңдерде жасалған термин; *жаңа термин* – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин; *көне термин* – ертеде болған ұғымды білдіргенмен, көп уақыт бұрын қолданыстан шығып, қазір мағынасы мүлде түсініксіз болып қалған термин; *ескірген термин* – кейіннен мейлінше сәтті әрі ұғымды дәл бейнелейтін атаулар жасалғандықтан, қазіргі уақытта қолданыстан шеттеп қалған термин; *тарихи термин* – тарихи ұғым атауы ретінде сақталғанымен, ол белгілейтін ұғымның өзі жойылғандықтан, қазір қолданылмайтын көнерген термин; *кірме термин* – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы, мазмұны, құрылымы) алмасқан термин; *калька термин* – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылымымен алмасқан термин; *гибрид термин* – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер; *диалект термин* – жергілікті сөздерді терминдендіру тәсілі арқылы жасалған термин; *базалық термин* – белгілі бір терминологияның алғаш пайда болуы кезінде сол терминологияның жасалуына негіз болған терминологиядан немесе лексиканың бір саласынан алмастырылып алынған термин; *негізгі термин* – белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін термин; *тірек термин* – терминологиялық сөз тіркестерін жасауда негізгі тірек етіп алынатын термин; *бастапқы термин* – туынды терминдерді жасауда пайдаланылатын негіз; *өзіндік*

*термин* – арнаулы сала терминологиясының өз шеңберінде пайда болған термин; *қатыстырылған термин* – іргелес білім саласының терминологияларынан алынып, сол саладағы мағынасын сақтай отырып қолданылатын термин; *ядролық термин* – белгілі бір терминологияның ядросын құрайтын термин; *шеткері термин* – терминологияның ядросынан алшақ, шеткері жататын термин; *әмбебап термин* – бірнеше тілдерде байқалатын құбылыстарды білдіретін термин; *бірегей термин* – бір ғана тілге тән ерекше құбылысты білдіретін термин; *көп мағыналы* – бірнеше мағынаны білдіретін термин; *уәжді термин* – мағынасының ұғынықтылығы және тұлғасы (форма) арқылы белгілейтін ұғым жөнінде мәлімет беріп тұратын термин; *латын негізді* – латын негізіне ұлттық тіл қосымшасы жалғанып жасалған термин; *есім термин* – кісі аттары немесе фамилияларынан жасалған термин; *топоним термин* – жер-су аттарынан жасалған термин; *жалқы есім термин* – жалқы есімдерден жасалған термин; *зат есім термин* – сөз таптарына қатысы тұрғысынан зат есім болатын термин; *етістік термин* – сөз таптарына қатысы тұрғысынан етістік болатын термин; *халықаралық термин* – бірнеше ұлттардың тілдерінде қолданылып жүрген, ғылым тілінде кең тараған термин; *жартылай халықаралық* – терминнің бірінші негізі халықаралық терминмен сәйкес келетін, ал екіншісі сәйкес келмейтін термин; *жартылай аударма халықаралық* – бірінші негізі сәйкес келетін, ал екіншісі ұлт тіліне аударылып алынған термин; *таралғы термин* – туынды, құранды және күрделі терминдерді жасауда дайын терминбөлшек ретінде пайдаланылатын негіз; *ішкі термин* – басқа көп сыңарлы терминнің құраушы сыңары болып табылатын термин; *сілтемелі термин* – анықтамалық сөздіктер ұсынбаған, өзге нұсқасына сілтеме жасалған термин; *жалпы ғылыми* – бірнеше ғылым саласында қолданылатын термин; *салалық термин* – белгілі бір арнаулы салаға тән, сол саланың терминжүйесінің мүшесі болып саналатын термин; *тарсалалық термин* – бір арнаулы саланың ішкі кіші тармағына тән термин» [158].

Терминолог Ш. Құрманбайұлы «Терминтанушы құралы» атты еңбегінде терминнің тұлғасы мен құрылымына тоқталады. Терминнің тұлғасына берген анықтамасы келесідей: «Терминнің тұлғасы – терминді таңбалаушы әріптер арқылы көрінетін оның сыртқы пішіні» [158]. Сонымен қатар, терминнің құрылымы беріледі: «*сөз термин* – бір сөзден тұратын, дара тұлғалы термин; *түбір термин* – бір ғана түбір морфемадан тұратын термин; *туынды термин* – сөз тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған термин; *тіркесті термин* – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалған термин; *тұрақты тіркесті* – кемінде екі немесе үш сыңардан тұратын, құраушы сыңарлары өзге синоним сөздермен алмастырылмай, үнемі тұрақты қолданылатын терминологиялық сөз тіркесі; *еркін тіркесті* – көп сыңарлы терминнің бірінші сыңарының біріншісін синониммен алмастыруға болатын термин; *тізбекті термин* – кемінде үш сыңардан тұратын, олардың аралары дефис арқылы бөлініп жазылатын термин; *қосымшалы термин* – негізгі түбір сөз бен қосымшадан тұратын термин; *күрделі термин* – терминнің негізі бірнеше түбір морфемадан тұратын термин; *сөзтаңба термин* – құрамында әріп немесе

сан таңба және сөз болатын термин; *модельсөз термин* – құрамына (сөзбен бірге) өз тұлғасымен белгілейтін нысанын модельдеуші графикалық таңба кіретін термин; *көп сыңарлы термин* – құрамында үш немесе одан да көп түбір морфемалар болатын термин; *екі сыңарлы термин* – екі сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі; *үш сыңарлы термин* – үш сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі; *төрт сыңарлы термин* – төрт сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі; *құрама термин* – бастапқы сөз тіркесінің негіздерін біріктіру арқылы жасалған термин; *құранды термин* – бірнеше бөліктен тұратын күрделі құрамды, туынды термин; *қысқартылған термин* – ықшамдылыққа қол жеткізу мақсатымен әріптік, буындық немесе аралас қысқарту тәсілімен қысқартылып жасалған термин; *қима термин* – бастапқы сөздің бір бөлігін қиып алып тастау арқылы жасалған термин; *әріптік қысқарым* – термин құраушы сыңарлардың бастапқы әріптерін ғана алып қысқарту жолымен жасалған терминдер; *күрделі қысқарым* – терминді құраушы сыңарлардың бөліктері мен тұтас сөзді біріктіру арқылы жасалатын термин; *телескопиялық термин* – бастапқыда сөз тіркесі түрінде қолданылған терминнің бірінші сөзінің басқы бөлігін (алғашқы буынын) екінші сөздің соңғы бөлігін қосу арқылы жасалған термин; *терминдерді тұтастыру* – терминнің ортаңғы бөлігін алып тастап, бастапқы және соңғы бөліктерін тұтастырып ықшамдап алу; *қысқа варианты* – терминнің қысқартылып, ықшамдалып алынған нұсқасы; *толық варианты* – терминнің қысқартылмай толық қалпындағы алынған нұсқасы; *графикалық варианты* – терминнің тек жазылуы арқылы айрықшаланатын нұсқасы; *фонетикалық варианты* – терминнің тек айтылуы арқылы айрықшаланатын нұсқалары; *фонетика-графикалық варианты* – терминнің айтылуымен бірдей лексемалардың түрліше жазылуы арқылы айрықшаланатын нұсқасы; *синтаксистік варианты* – термин жасалуының синтаксистік үлгісі арқылы айрықшаланатын тіркесті терминдердің нұсқалары; *сөз жасамдық варианты* – терминнің әр түрлі сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған нұсқасы; *морфологиялық варианты* – сөз өзгертуші қосымшалар арқылы ажыратылатын термин нұсқалары; *морфология-синтаксистік варианттары* – бір нұсқасы тіркесті термин немесе күрделі термин болатын, ал екіншісі синтаксистік және морфологиялық өзгерістерге ұшырау арқылы жасалған терминдер; *терминнің эллипс варианты* – бастапқыда сөз тіркесі түрінде қолданылған терминнің бір сыңарын қалдырып кету арқылы жасалған нұсқасы; *терминнің құрама варианты* – көп сыңарлы терминнің сөздерін немесе негіздерін біріктіру арқылы жасалған морфология-синтаксистік нұсқасы; *ұзындығы* – терминнің сол шекарасы мен оң шекарасының аралығы; *таңбалық ұзындығы* – терминді құрайтын әріп санымен өлшенетін ұзындығы; *төменгі шегі* – термин мен термин емес сөздің шекарасы; *жоғарғы шегі* – терминологиялық сөз тіркесі мен еркін сөз тіркесінің шекарасы; *термин шекарасы* – терминнің басы мен соңы, басталуы мен аяқталуы; *сол шекарасы* – терминнің басы; *оң шекарасы* – терминнің соңы; *құрылымы* – терминді құраушы морфемалар саны; *жүйелілігі* – белгілі бір ұғымдар жүйесіндегі алатын орны мен оның сол жүйедегі өзге ұғымдармен байланысы оны белгілейтін терминнің құрылымынан,

тұлғасынан көрініс табуы; *лексикалық ұштасымы* – әр түрлі тілдер терминологияларын құраушы терминдердің тұлғаларының (форма) жақындығы» [158].

Ғалым Ш. Құрманбайұлы жоғарыда аталған еңбегінде термин қызметінің 13 тобын саралап көрсетеді.

«*Терминнің қызметі* дегеніміз – арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин атқаратын қызметтердің жиынтығы дей келе төмендегі термин қызметтеріне анықтама береді:

*терминнің атауыштық қызметі* – терминнің ұғымның, заттар мен құбылыстардың атауы болуы; *танымдық қызметі* – терминнің таным құралы қызметін атқаруы; *таңбаланушылық қызметі* – терминнің таңбаланушыны белгілеп, оның мазмұнын білдіру қызметі; *ұғымдық қызметі* – терминнің ұғымды белгілеп, оның мазмұнын білдіру қызметі; *эврикалық қызметі* – жаңа білімді ашу, табу қызметі; *жүйелеушілік қызметі* – терминнің ұғымдар жүйесін тілдік таңбалар арқылы да жүйелеп беру қызметі; *ақпаратты тіркеу қызметі* – терминнің ғылыми-техникалық арнаулы ақпаратты сақтау қызметі; *ақпараттық қызметі* – терминнің ақпараттық-қатысымдық қызметі; *қатысымдық қызметі* – терминнің білімді, арнаулы ақпаратты жеткізу қызметі; *оқулық қызметі* – терминнің білім беру, түсіндіру, оқыту мақсатында қолданылуы; *ажыратушылық қызметі* – терминологиялық жүйе шеңберінде терминдердің өздері белгілейтін ұғымдардың аражігін ажыратуы; *анықтаушылық қызметі* – терминнің тұлғасы арқылы ұғымның түрлік-тектік белгілерін көрсету мүмкіндігі» [158].

Сондай-ақ, терминолог Ш. Құрманбайұлы аталмыш еңбегінде терминнің қолданысына да кеңінен тоқталады. Терминнің қолданысы төмендегі берілген кестеде сипатталады (Кесте 4).

Кесте 4 – Терминнің қолданысы

| Атауы | Анықтамасы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Қолданыстағы термин | Тыйым салынған, алмастырылған және көнерген терминдер қатарына жатпайтын, қазіргі ғылым тілінде бірізді қолданылып жүрген термин. |
| Көпшілік қабылдаған термин | Ғылыми қауым, жалпы көпшілік жаппай қабылдап, бірізді қолданылып жүрген термин. |
| Идиолектілі термин | Жеке қолданыстағы, авторлық терминдер. |
| Метадиалект термин | Белгілі бір ғылыми мектеп өкілдері немесе ғылыми ұжым ғана қолданатын термин. |
| Жиі қолданылатын термин | Белгілі бір арнаулы саланың тілінде жиі қолданылатын термин. |
| Сирек қолданылатын термин | Ғылыми әдебиеттерде аз қолданылатын термин. |
| Бір реттік термин | Белгілі бір контексте, мәтінде жеке автор тарапынан ғана қолданылып, жаппай қолданысқа ие болмаған бір күндік термин. |

4 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Шұбалаңқы термин | Бірнеше сыңардан тұратын, ұғым мазмұнын қамтығанмен, сипаттамалық қасиеті басым, қолдануға ыңғайлы бола бермейтін термин. |
| Ықшам термин | Бір сыңардан тұратын, қолдануға қолайлы, жаңа термин жасауға мүмкіндігі мол термин. |
| Терминнің қолданысқа енгендігі | Мамандардың, ғылыми қауымның жаппай қабылдауы және жиі қолдануымен сипатталатын терминге қойылатын талап. |
| Стандартталған термин | Ресми терминологиялық стандарттарға енгізілген термин. |
| Артықшылықты термин | Анықтамалық сөздіктерге енгізілген термин. |
| Қолдануға болатын термин | Терминологиялық стандарттар мен ұсынылған терминдер жинақтарында негізгі терминдермен қатар қолданылуына рұқсат етілген термин. |
| Сілтеме термин | Анықтамалық сөздіктер қолдануға ұсынбаған термин. |
| Ұсынылған термин | Міндетті түрде қолданылуы талап етілмейтін, мүмкіндігінше сол терминнің қолданылғаны дұрыс деп ұсынылатын жинақтарға енгізілген термин. |
| Ұсынылмаған термин | Ұсынылған терминдер жинақтарында оларды қолданбау қажеттігі атап көрсетілген термин. |
| Тыйым салынған термин | Терминологиялық стандарттарда қолданылуына тыйым салынған термин. |
| Алмастырылған термин | Орнына басқа термин ұсынылып, терминологиялық құжаттар арқылы ресми түрде алмастырылған термин. |
| Арнаулы салада қолданылуы | Терминнің өзіне тән терминологиялық мағынасын сақтай отырып, өзі мүшесі болып табылатын терминология шеңберінде, арнаулы мақсаттар тілінің бірінде қолданылу қасиеті. |

Ш. Құрманбайұлы еңбегі бойынша терминге қойылатын талаптар келесідей:

- Терминнің бірмағыналылығы;
- Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы;
- Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;
- Тілдік нормаға сәйкес келуі;
- Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы;
- Терминде эмоциялдылық пен экспрессиялықтың болмауы;
- Эстетикалық талаптарға сай келуі;
- Терминнің үндесімділігі;
- Терминнің қолданысқа енгізілгендігі;
- Синонимдердің болмауы;
- Инварианттылық;
- Терминнің уәжділігі [158].

Ғалымдардың еңбегін саралай келе терминнің түрлі, яғни сапасына, сөз тудыру қабілетіне, әлеуеттік сөз тудыру қабілетіне, пайдаланылған сөз тудыру

қабілетіне, ұялылығы, аударамалығы, бір және түрлі аудармалығы, ішкі синтагматикасы, интенция, экстенция, дәлдігі, терминденгеніне, терминқор, терминқатар сипаттарына қарай жіктелетінін көреміз. Әрбір термин сапасының анықтамасын төменде берілген 5-кестеден көруімізге болады.

Кесте 5 – Терминнің түрлі сипаты

| Сипаты | Анықтамасы |
|---|---|
| Термин сапасы | Терминнің қолдануға жарамдылығын анықтайтын қасиеттер жиынтығы. |
| Сөз тудыру қабілеті | Терминнің жаңа терминдердің жасалуына негіз болу қасиеті. |
| Әлеуеттік сөз тудыру қабілеті | Терминнің әлі пайдалануға болатын сөз тудыру мүмкіндігі. |
| Пайдаланылған сөз тудыру қабілеті | Терминжасам барысында терминнің сөз тудыру қабілетінің пайдаланылғандығы. |
| Ұялылығы | Терминологиялық жүйе ішінде тектес терминдердің болуы. |
| Аудармалылығы | Терминнің ұлт тіліне аударылатындығы. |
| Бір аудармалылығы | Бір баламаның, бір аудару тәсілінің болуы. |
| Түрлі аудармалылығы | Терминді аудару кезінде аударманың екі немесе одан да көп тәсілінің пайдаланылуы. |
| Ішкі синтагматикасы | Құранды терминнің байланысу ерекшеліктері. |
| Интенциясы | Белгілі бір ұғымдық-заттық өріс ішіндегі таңбаланушыға оның қандай да бір басты сипатын және сол саланың атаулар жүйесімен сәйкесуін барынша дәл бөліп көрсетуге ұмтылу әрекеті. |
| Экстенциясы | Термин сөздің мағынасы қамтитын, заттық-ұғымдық өріс аймағы. Терминнің экстенциясы оның ұғымдық жағы. |
| Дәлдігі | Терминнің өзі белгілейтін ұғым мазмұнын дәл қамтуы. |
| Терминденгендік | Термин тұлғасының жалпы қолданыстағы лексикадан байланысын үзуі, терминдену дәрежесі. |
| Терминқор | Белгілі бір ұлттың тіліндегі барлық арнаулы салалардың қалыптасқан, қолданыстағы терминдерінің жиынтығы. |
| Терминтоп | Тақырыптық, ұғымдық тұрғыдан өзара байланысты жүз терминге дейінгі терминдердің жиынтығы. |
| Терминқатар | Жарыса қолданылып жүрген мағыналас терминдер тізбегі. |

«Терминнің кемшіліктері дегеніміз – терминге қойылатын талаптарға, тілдік нормаға сай келмеуі. Терминнің бірнеше кемшілігі, *үндесімсіздігі* – терминнің эстетикалық қағидаттарға сай жасалмай, жағымсыз дыбысталуы және жарасымсыз, қажетсіз ұқсастық туғызуы; *семантикалық сәйкессіздігі* – таңбаланушы ұғым мазмұнының терминнің мағынасынан дәл көрініс таппауы; *бұрыс бағыттаушы термин* – уәжі қате түсінікке жетелейтін термин; *варианттылығы* – терминнің бірнеше нұсқасының жарыса қолданылуы; *шұбалаңқылығы* – терминнің бірнеше сөздің тіркесуі, қосарлануы, біріктірілуі арқылы жасалып, сөз туғызуға, айтуға, жазуға, жалпы қолдануға қолайлы болмауы; *көпмағыналығы* – терминнің бір терминологиялық жүйе шеңберінде бірнеше мағынаны білдіруі; *квантативті варианттар* – сыңарларының саны әр түрлі болатын жарыспалы нұсқалар; *салыстырмалы синонимдер* – бірінің мағынасы екіншісінен кеңдеу синоним терминдер; *толық синонимдер* – барлық

жағдаяттар мен тіркесім кезінде бір-бірімен алмастыруға болатын синоним терминдер; *толық сәйкеспейтін синонимдер* – барлық жағдаяттар мен тіркесім кезінде бірінің орнын бірі алмастыра бермейтін синоним терминдер; *термин жүйесіздігі* – терминнің түрді, текті немесе ұғымдар арасындағы қатынастарды білдіру тұрғысынан тұлғалық жүйесіздік туғызуы» [158].

Академиялық терминология жалпы терминологияның бір саласы болғандықтан, ең әуелі «терминология», «термин» дегеніміз не? Оларға қандай қасиеттер тән? Жалпы терминдер қалай жіктеледі? деген сұрақтарға тоқталдық. Отандық ғалымдардың еңбектерінде терминге берілген анықтамаларға тоқталып, термин табиғатына тән қасиеттерді сараладық. Сәйкесінше, жоғары оқу орындарында қолданысқа ие, яғни академиялық терминдер қабатын құрайтын терминдердің қалыптасуы және даму үдерісі мәселелеріне тоқталу кезекті мәселе.

## 1.2 Академиялық терминдердің қалыптасуы және даму үдерісі

Зерттеуші Т.А. Журавлева «Особенности терминологической номинации» атты монографиясында былай деп жазады: «Арнайы-кәсіби тілдесудің пайда болуы тікелей адамзат қоғамының дамуымен байланысты. Еңбек үдерісінде арнайы-кәсіби тілдесу жүзеге асырылады. Термин-сөз – бұл әрқашан кәсіби ойлау мен арнайы-кәсіби тілдесудің нәтижесі және құралы» [113, 3 б.]. Осы ойдың нәтижесінде арнайы бір саланың терминдері қалыптасып, даму үдерісі жүзеге асатындығын байқаймыз. Алайда, дәл осы еңбекте автор ойын былай деп жалғастырады: «Терминдер тек ғылым мен теориялық білім дами бастағанда ғана пайда болады деп ойлау дұрыс емес. Өткен заманда да, біздің дәуірімізде де кез келген мамандық, қызметтің кез келген түрі өз терминологиясын тудырады. Жалпы қолданыстағы сөздер ретінде қабылданатын көптеген сөздер, яғни терминологиялық емес, кәсіби ортада терминдердің мағынасына және атқаратын қызметіне ие болады». Осыған байланысты, жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің де қалыптасуы мен дамуы ғылымда туындайтын үдеріс.

Терминолог М.Т. Кабре «Terminology: Theory, Methods and Applications» атты еңбегінде қазіргі терминологияның дамуын төрт негізгі кезеңге [36, 5] бөледі:

- бастауы, алғашқы кезеңі (the origins) (1930-1960 жж.);
- саланы құрылымдау кезеңі (the structuring of the field) (1960-1975 жж.);
- серпіліс кезеңі (the boom) (1975-1985 жж.);
- экспансия, ұлғаю кезеңі (the expansion) (1985 ж.-қазіргі уақыт).

Алайда, академиялық терминдердің қалыптасуы тек осы кездерден басталады деп айту қиын. Мәселен, бірнеше академиялық терминдерге мысал келтірейік, яғни олар қашан және қайда алғаш рет қолданылды. «Қазақстан» атты ықшам энциклопедиялық сөздікте *академия* термині былай беріледі: *академия* – ғылыми қоғамдардың, мекемелердің, оқу орындарының атауы. Б.з.б. 4 ғасырда Афины маңындағы «қасиетті бақ» гректің *Akademos* деген мифтік батырының атымен аталып, онда Платон лекция (дәріс) оқыған. Ғылыми орталық ретіндегі

академиялар 17 ғасырдан бастап Лондонда (1660 ж.), Парижде (1666 ж.), Берлинде (1700 ж.) құрылды. Ресейде ғылым академиясы 1725 жылы ашылды. Қазақстанда 1946 жылы ұйымдастырылған [117, 22]. *Профессор* (лат. *professor* – оқытушы, мұғалім) – жоғары оқу орны оқытушысының, ғылыми мекеме қызметкерінің ғылыми атағы, қызмет лауазымы. Рим империясында (б.з.б. 1 ғ. – б.з. 5 ғ. соңы) алғаш рет қолданылған. Профессор атағын беруді жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің ғылыми кеңестері шешеді. Осы мысалдардан біз академиялық терминдердің қалыптасуы көне замандардан бастау алатындығын байқаймыз. «Жоғары білім беру жүйесі дамуының көне (античный) кезеңіне көптеген арнайы мақсаттарға арналған тілдердегі қазірге дейін кірме сөздер (заимствования) ретінде қолданылып келе жатқан көпшілік атаулардың пайда болуын жатқызған жөн» [119, 37].

Академиялық терминдердің қалыптасуы мен дамуы тек бір мемлекет ішінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік деңгейде көрініс табатын лингвистикалық құбылыс. Мәселен, Б. Дресслер ғылыми жұмысында Ресей Федерациясында білім беру жүйесінің терминологиясы XVII ғасырдың соңынан XVIII ғасырдың соңына дейін еуропалық ғылым және шеттен келген шетелдік оқытушылар, еуропалық университеттерден білім алып келген ресейлік студенттер мен ғалымдардың тікелей қатысуы әсерінен дами бастағандығын жазады. Сол дәуірдегі жоғары оқу орны тілінің терминологиялық аппараты негізінен батыс еуропа тілдерінен ену арқылы дамыды дейді. Мысалы: *университет* – латын тілінен *universitas* (жиынтық) – орыс тілінде Петр уақытынан белгілі, бірақ бұл сөз кең қолданысқа әлдеқайда кеш енген, 1755 жылы Мәскеу университеті, Ресейдегі бірінші университеттің ашылуымен байланысты болғандығын тілге тиек етеді. Бұл сөз орыс тіліне батыс еуропа тілдерінен енген дей келе, келесі тілдердегі нұсқаларын салыстырады:

- француз тілі – université;
- неміс тілі – Universität;
- ағылшын тілі – university;
- италян тілі – università;

*программа* – грек тілінен prógramma (жазбаша хабарландыру, алдын ала сипаттау, қаулы), орыс тілінде Ломоносовтың 1759 жылғы «Проект университетского регламента» атты жобасында кездеседі. Батыс еуропа тілдерінен орыс тіліне көптеген латинизмдер енген деп жазады.

- француз тілі – programme;
- неміс тілі – Programm;
- ағылшын тілі – program;
- италян тілі – programa;

*экзамен* – латын тілінен examen (өлшеу, сынау), орыс тілінде XVIII ғасырдың басынан белгілі, 1755 жылғы «Указ об учреждении Московского университета» атты құжатта кездеседі;

- француз тілі – examen;
- неміс тілі – Examen;
- ағылшын тілі – examination;

*студент* – латын тілінен *studens* (*studeõ* – ынтамен жұмыс істеймін, ықыласты шұғылданамын, тырысамын), орыс тілінде XVII ғасырдан бері белгілі; шетелдік державалармен дипломатиялық қарым-қатынастардағы ескерткіштерде, неміс тілінен, немесе тікелей, немесе («ш» емес «с» әріпінен басталатын) украин және поляк тілдері арқылы Петр уақытында, шамасы, голланд тілінен енген болу керек.

- неміс тілі – Student (басында «ш» дыбысталады);
- голланд тілі – student (басында «с» дыбысталады);
- ағылшын тілі – student;

*факультет* – латын тілінен *facultas* (мүмкіндік, қабілеттілік, ептілік, қабілет), орыс тілінде Петр уақытынан белгілі, 28.01.1724 жылғы «Указ об учреждении Академии» атты құжатта кездеседі, голланд тілі немесе неміс тілінен кірген.

- голланд тілі – facultéit;
- неміс тілі – Fakultät;
- испан тілі – facultad;
- француз тілі – faculté;
- ағылшын тілі – faculty;
- италян тілі – facoltà;

*декан, деканат* – латын тілінен *decanus* (алғашқыда – он адамның басшысы, *decem* – он), орыс тілінде қазіргі мағынасына ие сөз XIX ғасырдың басынан белгілі, алайда Петр уақытында да кездеседі, мысалы, дипломатиялық хат алмасуларда; сөздің ескі мағынасында – орта ғасырлық католиктік монастырларда аббатқа көмектескен монахтардан шыққан лауазымды тұлға.

- неміс тілі – Dekan, Dekanat;
- италян тілі, испан тілі – decano, decanato;
- француз тілі – doyen;
- көне француз тілі – doien – «корпорациядағы үлкен тұлға», «дін басылардың жоғарғы лауазымды тұлғасы», «монастырь бастығы»; décanat;
- ағылшын тілі – dean [119, 37-38].

Академиялық терминологияның қалыптасуына жоғары оқу орындарының ашылуы тікелей әсер етеді. «Ең бірінші университеттер XII-XIII ғасырларда Италияда, Францияда, Англияда ашылды» [142, 221]. Грек-латын академиясы – Мәскеудегі бірінші жоғары оқу орны. Академияны құрудағы мақсат – православтық дін қызметшілерін, мемлекеттік қызметкерлерді, оқытушыларды әзірлеу. Симеон Полоцкий мен Сильвестор Медведев жасаған және Федор Алексеевич патша қол қойған академияның «артықшылығы» жеті еркін өнерді, ежелгі тілдер мен құдай оқуын оқытатын, еуропалық университет бағдарламасына бағдарланған оқу орнын ашуды қарастырды. 1701 жылы оқу орны Славян-латын академиясы, 1775 жылы Славян, грек-латын академиясы деп атауы өзгертілді. Ұлы Синд (1721 ж.) қалыптасуымен бірге оқу орны оның қарамағына өтті [130, 93].

Ресейде жоғары оқу орны терминологиясының қалыптасуы мен дамуы тікелей еуропалық университеттердің әсерінен болғандығын көріп отырмыз. Ал Еуропада академиялық терминдер, яғни жоғары оқу орны терминологиясының қалыптасуы мен даму үдерісі көне Грекиядағы Афины маңынан бастау алады, өйткені жазба деректер сол жерде ғұлама Платонның дәріс оқығандығын білеміз. Осы орайда, Еуропадағы ең көне жоғары оқу орындарына тоқталып өтсек, себебі жоғары оқу орындары терминологиясының қалыптасуына және одан әрі дамуына университеттердің іргетасы қалануына тікелей байланысты.

В.П. Шестаков «Оксфорд и Кембридж: Старейшие университеты мира» атты еңбегінде былай деп жазады: «Оксфорд және Кембридж ең көне еуропалық университеттер болып табылады, олардың негізі орта ғасырларда қаланған, сәйкесінше 1249 жылы және 1284 жылы» [120, 26]. Дәл осы еңбекте XI-XII ғасырларда Оксфорд монастырларында монастыр мектептері болғандығы жайлы айтылады. 1100-1135 жылдары билік басында отырған король Генрих I кезінде Оксфорд айрықша мәнге ие болады. Король бұл жерде білімге үлкен қолдау көрсетіп, кедей студенттерге шәкіртақы беріп отырған. Генрих II билік құрған шағында Оксфорд жаңа ғалымдарға ие болады. 1167 жылы ағылшын ғалымдары Париж университетінен билік басында отырған әулеттердің арасында туындаған алауыздықтың нәтижесінде отанға оралуға мәжбүр болды. Олардың көпшілігі Оксфордта қоныс тауып, Париж университетінде қабылданған *studia generale* білім жүйесін қабылдады. Олар зайырлы пәндерді оқытып, өздерін «*masters*» деп атады. Бұл өз кезегінде «*universitas*» деген атауға ие болған гильдия жасады. Білім берудің осы жаңа жүйесі Кентербериден шыққан епископты Оксфордқа бақылаушы жіберуге мәжбүр етті. Ол бақылаушы *Chancellor* деген атауға ие болды. Нәтижесінде «*masters*» өздері Chancellor таңдайтын болды. Chancellor университет президентіне айналды – әлі күнге дейін жойылмаған лауазым. Осындай бірінші президент Роберт Гроссетест (1168-1253 жж.) болды. Ол үлкен білімпаздықты бойына жиған, Оксфорд Еуропадағы ең үздік университеттердің бірі болу деңгейіне шығару үшін көптеген қыруар іс бітірген ғалым тұлға болған. Университет қабырғасында білім алып жүрген барлық студенттер «*gown*» деп аталған ұзын киім киіп жүрген [120, 11-12].

Оксфорд және Кембридж университеттерінде оқыту тек дәрістер негізінде құрылған жоқ, сонымен қатар тьюторинг жүйесіне де негізделді. Университет профессорлары «*tutor*» рөлін атқарды. Олар 4-5 аспирантпен айналыса отырып, олардан апта сайын орындаған жұмыстары жайлы жазбаша есеп алып және олардың зерттеу тақырыптары бойынша кеңес беріп отырған. Оқытудың мұндай жүйесі өте қымбат, бірақ өте тиімді [120, 29].

Оксфорд университетінде алғашқы курс «*trivium*» деп аталды, оның құрамына грамматика, риторика және логика кірді. Келесі курс «*quadrivium*» деп аталды, бұл курсты құраған пәндер арифметика, геометрия, астрономия және музыка болды. Еркін өнерді оқыту ауызша емтиханмен аяқталды. Емтихан тапсырған соң, студент «өнер бакалавры (бакалавр искусств)» атағын иеленді. Қосымша пәндерді – медицина, философия (моральная философия), теология – әрмен қарай оқып жалғастыру жоғарырақ дәрежеге қол жеткізуге, яғни «өнер

шебері (мастер искусств)» дәрежесін алуға мүмкіндік берді [120, 33]. Сонымен қатар, В.П. Шестаковтың осы аталған еңбегінен *graduate* (старшекурсник) [120, 37], *Alma Mater* [120, 74], *Sizar* (бедный студент), *Gentelman Commoner* (состоятельный студент), *Master of Art* (дипломированный ученый) [120, 78], *Assistant Lecturer* (помощник лектора) [120, 111], *fellow* (феллоу) [120, 156], *University Lecturer* (преподаватель университета) [120, 226] сынды академиялық терминдер кездеседі. Осы деректер негізінде академиялық терминдердің қалыптасу тамыры тереңде жатқан лингвистикалық құбылыс екендігін байқаймыз. Осы орайда оксониан тілі (оксонианский язык) сөздігіндегі [120, 318-320] академиялық терминдерді кесте (Кесте – 7) түрінде беруді жөн көрдік.

Оксониан тілі (оксонианский язык) – орта ғасырлардан сақталып қалған Оксфорд пен Кембриджднің өз тілі бар. Бұл тілді түсіну үшін қазіргі уақытқа дейін қабылданған түбірі латын терминдерді түсіндіретін сөздік қажет [120, 318].

Кесте 6 – Оксониан тіліндегі академиялық терминдер

| Академиялық термин | Академиялық терминнің анықтамасы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Андергредуэйт (Undergraduate) | Үшжылдық білім беру бағдарламасын аяқтамаған және өнер бакалавры дәрежесін алмаған студенттердің атауы. |
| BA (Bachelor of Arts) | Өнер бакалавры (бакалавр искусств) – бірінші, ең төменгі ғылыми атақ. Үздік зерттеу үшін ғылымдар бакалавры (BSc) дәрежесі беріледі. Одан да жоғары дәрежелер – мастер және доктор. |
| Вице-канцлер (Vice chancellor) | Университеттің барлық әкімшілік басшысы. Бұрынғы уақытта екі жылға колледждер басшылары сайлаған. Қазіргі кезде жеті жылға әкімшілік кеңес мәжілісі сайлайды. |
| Деан (Dean) | Колледждегі діни өмірге жауапты кішкентай шіркеу басшысы. |
| Дон | Оксфорд және Кембриджде оқытушы немесе әкімші. |
| Канцлер (Chancellor) | Университет Сенаты сайлайтын өмір бойына берілетін құрметті лауазым. Бұрынғы уақытта канцлер университет басшысы болған. Қазіргі кезде ол университетке жылына бір-екі рет келеді, оның қызметі университет қорларының өсуі және өкілеттігімен түйіседі. |
| Коммеморейшн (Commemoration) | Университет негізін қалаушылар мен оның бенефакторлары құрметіне Темзада өтетін қайық жарыстары, балды қоса алғанда, оқу жылының аяқталуын тойлау. |
| Коммон румз (Common rooms) немесе Комбинейшн румз | Студенттер жиналуға арналған арнайы бөлме (Junior Common Room – JCR), немесе оқытушыларға арналған (Senior Common Room). Соңғысына міндетті түрде мантия (gown) киіп барады. |
| Конгрегация (Congregation) | Кембриджде Сенатта, ал Оксфордта Шелдон Театрында өтетін дәрежелерді беруге арналған жиналыс. |
| Коурт Кембриджде және квад (quad) Оксфордта | Колледждегі ауланың ішкі кеңістігі. |
| Мастер (Master) | Барлық феллоуз сайлайтын колледж басшысы. Кейбір колледждерде «мастер» сөзінің орнына «Дин», «Принципал», «Президент», «Ректор» немесе «Уорден» терминдері қолданылады. |

6-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Матрикуляция (лат. *matricula*) | Университетте қазан айында болатын студенттерді тіркеу. |
| Оксон (лат. *Oxonians*) | Оксфордта ғылыми дәреже алған студенттердің атауы. |
| Постгредуэйт (Postgraduate) | Өнер бакалавры (ВА) дәрежесін алған студенттер. |
| Профессор | Оксфорд және Кембриджде кафедра (chair) немесе факультет меңгерушісі ғана профессор деп аталады. Оқытушылардың басқа түрлері (өсу дәрежесіне қарай) – оқытушы (reader), дәріскер (лектор) (lecturer), аға (senior) дәріскер. |
| Региус профессор | Король шақырған кафедра меңгерушілері немесе профессорларға берілетін атақ. Алғаш рет 1540 жылы оқытушылардың ең маңызды мамандықтарын (дін оқуы, азаматтық құқық, медицина, грек тілі және иврит) белгілеу үшін король Генрих VIII негізін қалаған. |
| Резидент | Қала ішінде тұратын студент немесе феллоу. |
| Супервайзер | Кембриджедегі тьютор атауы. |
| Таун энд гаун | Университет пен қаланың атауы. |
| Терм | Оксфордта академиялық жыл үш термге бөлінеді, олардың әр қайсысы сегіз аптадан тұрады: Михелмас (қазаннан бастап желтоқсанның басына дейін), Хилари (қаңтардың ортасынан наурызға дейін), Тринити (сәуірден бастап маусымның ортасына дейін). Термдер арасындағы демалыстар «вокейшн (vacation)» деп аталады. |
| Трипос | Өнер бакалавры атағын алуға арналған емтихан. Бұл атау үш аяқты орындықтан шығады, яғни орта ғасырларда осы орындыққа отырып, өлеңдерді көркемдеп оқыған. |
| Тьютор | Студенттердің кішкене тобына жауапты оқытушы. Студенттер аптасына бір рет тьюторға барып, өздерінің жұмыстары жайлы есеп береді. Мұндай кездесулер тьюторинг немесе «тьют» деп аталады. |
| Фрешер | Бірінші курс студенті. |
| Феллоу (латын тілінен аударғанда «*socius*» сөзі – компаньон дегенді білдіреді) | Жетекші сайланбалы лауазымдарға жататын колледж мүшелері. Әдеттегідей, колледжде тұру артықшылығына ие. Сонымен қатар, белгілі бір уақытқа келген келуші феллоуз (Visiting Fellows), зерттеуші феллоуз (Research Fellows), оқытушы феллоуз (Tutorial Fellows), құрметті феллоуз (Honorary Fellows) бар. Феллоуз колледжде сабақ бере алады, бірақ міндетті емес. |
| Хай Тейбл (High Table) | Орта ғасырларда мастер, феллоуз және қонақтар түскі ас холлында студенттердің үстелдерінен жоғары орналасқан платформада түскі ас ішкен. |
| Хилари | Оксфорд университетіндегі көктемгі сабақтардың атауы. Бұл атау әулие Хилариус мейрамынан (15 қаңтар) шыққан. |
| Холл | Студенттер мен оқытушылардың бірге тамақтануына арналған бөлме. |
| Энкения (Encaenia) | Оқу жылының аяқталуы және диплом алу рәсіміне арналған мейрам. |

А.Б. Айтбаева «Тарихи-педагогикалық зерттеулердегі терминология және аударма мәселелері» атты мақаласында ғалым Х. Досмұхамедұлының ғылыми терминдер мен атауларды жасау тәжірибесіне байланысты ойын былайша

жазады: «Термин – ғылым атаулының тілі, онсыз ғылым дамымайды, қорланып сұрыпталмайды. Ғылымның өзіне тиісті төлтума терминдері мен негізгі атауларын анықтамай тұрып, оқу құралдарын, оқулықтар мен бағдарламалар жасау мүмкін емес» [121, 9]. Берілген оймен келіспеу мүмкін емес, өйткені термин – ғылым атаулының күре тамыры, қозғаушы күші. Дәл осы мақалада автор Х. Досмұхамедұлының ұлттық терминдер жасауда ұсынған басты принциптерін береді:

«1) Еуропа тілдерінен термин алғанда сақтықпен қараған жөн, ал ала қалған жағдайда өз тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкес лайықтап қолдану;

2) Еуропаның әртүрлі тілдерінен (латын, ағылшын, француз, неміс және т.б.) термин сөздерді қабылдауда орыс тілінің бізге дәнекер, жалғастырушы болып келгенін еске ұстай отырып, аталмыш терминдерді орыс ағайындар өз тілінің заңдылықтарына сәйкес өзгертіп алғанын да ұмытпаған жөн. Автор ғылыми атауларды түзген кезде оның түп-төркінін, шығу тегін, этимологиясын тексеріп, осыған орай оларды түп-қазығына жақындата қолданған жөн;

3) шет тілдерден енген атауларды сингармонизм заңына бағындыра қолдану қажет» [121, 10].

Жоғарыда берілген принциптер негізінде академиялық терминологияға байланысты ой қозғайтын болсақ, қазіргі кезде жоғары оқу орындарында қолданыста жүрген академиялық терминдердің басым көпшілігі Еуропа тілдерінен енген.

Академиялық терминдердің өзге тілдерден алынуы қалыпты құбылыс. Белгілі бір ұлттың өзге ұлттармен араласу, тәжірибе алмасу нәтижесінде терминологиялық қабат өзгеріске ұшырап отырады. «Жалпы тілдің, әсіресе терминологияның дамуы халықтың тарихымен, оның техникалық және мәдени өрлеуімен, басқа халықтармен қарым-қатынаста болу тарихымен тығыз байланысты.

Терминология тіл жүйесінің ең қозғалысқа икемді, саналы ықпалға еліккіш лексикалық қабаты» [122, 24]. «Ұлттық ғылыми терминдердің басқа тілдерден алынуы заңды үрдіс» [121, 10]. Академиялық терминдердің қазақ тіліне ену жолдары келесідей (Сурет 9):




Сурет 9 – Академиялық терминдердің қазақ тіліне ену жолы

Жалпы қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қалыптасуы жайлы сөз қозғай келе, зерттеуші Ш. Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы дамуының

кезеңдік сипаты» атты еңбегінде қазақ лексикасының терминденуін төрт кезеңге бөліп қарастырады, яғни

«1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі бірінші кезең;

2) 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі екінші кезең;

3) 1930 жылдар мен 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын үшінші кезең;

4) 1990 жылдан бергі төртінші кезең» [24, 6].




Сурет 10 – Қазақ лексикасының терминдену кезеңдері

Ал академиялық терминдердің Қазақстанда даму үдерісі ең алғашқы жоғары оқу орындарының ашылуымен тығыз байланысты, өйткені академиялық терминдердің қолданысқа ие кеңістігі білім беру саласы, яғни жоғары оқу орындары. Қазақстандағы академиялық терминдердің қалыптасып, дамуы XX ғасырдың бас кезінде басталды. Бұл уақыт қазақтың алғашқы жоғары оқу орнының ашылуымен тұспа тұс келеді, яғни «... қазақтың алғашқы жоғары оқу орны қазіргі Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет, бұрынғы ҚазПИ» [123]. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Ж. Самраттың «Алғашқы жоғары оқу орны қашан құрылған» атты мақаласында ҚазПИ 1918 жылы Ташкент қаласында ашылып, 1928 жылы Алматы қаласына көшірілгендігі жайлы жазылады [123]. Осы уақыттан бастап қазақ тіл білімінде академиялық терминдер қалыптасып, қарқындап дами бастады.

1933 жылы 20 қазанда КСРО Халық комиссарлар кеңесі «Қазақстанға мамандар дайындау туралы» №2293 қаулы қабылдады. Онда Алматы қаласындағы педагогикалық институт негізінде Қазақ мемлекеттік университеті – ҚазМУ-ды ұйымдастыру туралы шешім қарастырылды. Университеттің ресми ашылған күні 1934 жылдың 15 қаңтары болып белгіленді. Себебі сол күні алғашқы екі факультет – физика-математика және биология факультетіне 54 студенттің қабылданғаны және профессорлар мен оқытушылар құрамы жайлы бұйрыққа қол қойылған.

40-жылдардың басында университет құрамында 23 кафедрадан тұратын үш жаратылыстану факультеті (биология, физика-математика және химия) мен екі гуманитарлық факультет (филология мен журналистика) жұмыс істеді.

Ұлы Отан соғысының алдында университетте 2 докторлық және 4 кандидаттық диссертация қорғалды, 7 оқытушыға доцент атағы берілді. 30-жылдардың ортасында пайда болған студенттердің үйірмелері университеттің ғылыми өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. 1940 жылдың 9-13-наурызында студенттердің І Ғылыми конференциясы өтті [124, 22-24].

Қазақ тіл білімі ғылымында терминқор қалыптасуында алаш зиялыларының атқарған еңбектерін осы орайда айтпай кетуге болмайды. Ш. Құрманбайұлы «Алаш және терминтану» атты монографиясында алаш зиялыларының атқарған орасан зор еңбектерін былайша сипаттайды: «ХХ ғасырдың 20-жылдары термин, терминология мәселелерімен айналысқан ұлт зиялыларының термин шығармашылығы мен олардың жазған еңбектері, мақалалары, баяндамалары, түрлі жиындарда (съезд, конференция) айтқан пікірлері негізінде олардың көздеген мақсатын анықтауға болады. Өткен ғасыр басында ғылым-білім саласында еңбек еткен алаш оқығандары терминологиялық қорды қазақ тілі негізінде жасап, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды мақсат етті.

Олар қазақ балалары ана тілінде білім алып, ғылымды өз тілінде игеруі қажет деп санап, оған өте үлкен мән берді. Қазақ білімпаздары аталған мақсаттарына сәйкес жұмыстар атқарды. Оны ең алдымен, ғасыр басында (20-30-жылдары) алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдарынан анық көруге болады. А. Байтұрсынұлының – «Тіл – құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш»; Е. Омарұлының – «Пішіндеме»; Х. Досмұхамедұлының – «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану»; Ж. Аймауытұлының – «Психология», Ж. Күдериннің – «Өсімдіктану», М. Жұмабайұлының – «Педагогика», М. Дулатұлының – «Есеп тану» сынды оқулықтары мен оқу құралдарындағы терминдердің орта есеппен 90 пайызы қазақ тілінің төл сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа атаулар болып келеді. Кірме атаулар 10-15 пайыздан аспайды. Олардың дені тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңын сақтай отырып, өзгертіліп алынған» [125, 12-13]. Аталмыш оқулықтар мен оқу құралдарында қолданылған терминдер де жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің қазақ тілінде қалыптасып, одан әрі дамуына үлкен әсерін тигізді.

Р.А. Өрекенова «Образование терминов в казахском языке» (1980) атты еңбегінде «қазақ халқының әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріндегі үлкен өзгерістер даму үдерісінде жаңа сөздермен, терминдермен үнемі толығып отыратын тілдің сөздік қорында көрініс тапқан» [23, 5] дейді.

Мәселен, қазақстандық жоғары оқу орындарының Болон үдерісіне көшуі жоғары оқу орындары кеңістігіндегі академиялық терминологияға көптеген өзгерістер енгізді. «1999 жылдың маусым айында Еуропаның 29 елінің білім министрлері Болонья қаласында бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл оқиғаның нәтижесі еуропалық білім жүйесіндегі Болон үдерісінің бастамасына айналды. Жалпы алғанда, Болон үдерісінің негізгі құжаттары: университеттердің

Ұлы хартиясы (Болонья, 1988 ж.), Лиссабон конвенциясы (1997), Сорбон декларациясы (Париж,1998) және Болон декларациясы (1999). Үдерістің негізгі мақсаты – 2010 жылға дейін Еуропа елдеріндегі жоғары білім берудің ұлттық білім беру жүйесінің үйлесімдігі» [126, 75].

«2003 жылы Берлинде Болон үдерісіне қатысушылардың саны 40-қа жетті, оның ішінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы да бар. 2003 жылдың 18 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ресми түрде Болон үдерісіне қатысушы елдердің қатарына енді. Бұл құжатқа сол кездегі университеттің ректоры Т.Ә. Қожамқұлов қол қойды» [127, 53].

Қазақстан Болон Декларациясына 2010 жылы қол қойды. Сол жылдан бастап қазақстандық жоғары оқу орындарының академиялық терминологиясы едәуір өзгеріске душар болды. «Терминдер, бір жағынан халықаралық ортақ болып кеткен сөздерден жасалса, екінші жағынан – ел-елдің өз тіліне аударылып та алынып отырады» [20, 287 б.]. Осыған байланысты, академиялық терминдер түрлі жолмен қазақ тіліне енді.

Кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып енді. Мысалы: *academic backlog – академиялық қарыз, academic term – академиялық кезең, academic degree – академиялық дәреже, academic mobility – академиялық ұтқырлық, academic hour – академиялық сағат, academic calendar – академиялық күнтізбе, academic break – академиялық үзіліс, academic freedom – академиялық еркіндік* және т.б.

Кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылмай енді. Мысалы: *advisor – эдвайзер, tutor – тьютор, supervisor – супервайзер, credit – кредит, transcript – транскрипт, proctor – проктор* және т.б.

Сонымен қатар, қазіргі жоғары оқу орындары кеңістігінде гибрид академиялық терминдерді де кездестіруге болады. Мысалы: *курстан курсқа өту GPA балы, «AU» (Audit) бағасы, «I» (Incomplete) бағасы* және т.б. Қазіргі кезде қазақстандық жоғары оқу орындарында қолданыста жүрген Болон үдерісі академиялық терминдеріне мысал келтіре кетейік (Кесте 7).

Кесте 7 – Болон үдерісі академиялық терминдері

| Академиялық термин | Академиялық терминнің анықтамасы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Академиялық еркіндік | Білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім беру мазмұнын дербес анықтау және білім беру қызметін ұйымдастыру үшін білім беру үдерісі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы [128, 87]. |
| Академиялық кезең (Academic Term) | Теориялық оқыту кезеңі: ұзақтығы 15 апта болатын семестр [128, 87]. |
| Академиялық кредит (Credit, Credit-hour) | Білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі [128, 87]. |

7-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) | Оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, практикаларды өткізу, демалыс күндерін (демалыс және мереке) ескере отырып құрылған күнтізбе [128, 87]. |
| Академиялық қарыз (Academic Backlog) | Оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктері бойынша оқылмаған пәндердің немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанғысыз бағасы бар пәндердің болуы [128, 87]. |
| Академиялық сағат (Academic hour) | Оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады [128, 87]. |
| Бакалавр (Bachelor) | Бакалавриаттың (жоғары білімнің) білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже [128, 88]. |
| Бакалавриат (Undergraduate Study) | 240 академиялық кредиттерді міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрларды даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі [128, 88]. |
| Бейіні бойынша Доктор (Doctor) | Кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәреже [128, 88]. |
| Белсенді үлестірме материалдар (Hand-outs) | Білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеруіне уәждемесі үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі иллюстрациялық материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар) [128, 88]. |
| Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) | Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарламасын меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші [128, 88]. |
| Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы (Academic Mobility) | Білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылына) басқа ЖОО-ға (ел ішінде немесе шетелде) меңгерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді өз ЖОО-да академиялық кредиттер түрінде міндетті түрде қайта тапсыра отырып немесе басқа ЖОО-да оқуды жалғастыру үшін ауыстыру [128, 87]. |
| Дәреже (Degree) | Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары беретін дәреже [128, 90]. |
| Дескрипторлар (Descriptors) | Білім алушылардың тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін алған білім, білік, дағды мен құзыреттіліктерінің деңгейі мен көлемін сипаттау оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге және академиялық кредиттерге негізделетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы [128, 90]. |

7-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Докторантура | Білім беру бағдарламалары тиісті даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім [128, 90]. |
| Магистранттың / докоранттың жеке жұмыс жоспары | Білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына қалыптасатын білім беру бағдарламаларын меңгеру, оқу (теориялық оқыту) және зерттеу (ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысы) траекториясын көрсететін құжат [128, 91]. |
| Таңдау компоненті | Жоғары оқу орындары ұсынатын оқу пәндерінің және олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өз бетінше таңдап алатын кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) тиісті ең төменгі көлемдерінің (немесе академиялық сағаттардың) тізбесі [128, 92]. |
| Философия докторы (PhD) | Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәреже [128, 94]. |

Болон үдерісі әсерінен аталмыш үдеріске дейін қолданыста болған кейбір академиялық терминдер (*аспирант, аспирантура*) мүлдем қолданыстан шығып қалды, алайда ол терминдер Болон үдерісі әсерінен енген (*PhD, докторантура*) терминдермен алмасты [129, 62].

Болон үдерісіне дейінгі қолданыста болған *автореферат, ғылыми жетекші, куратор* деген бірқатар академиялық терминдердің Болон үдерісінен кейін *аннотация, супервайзер, эдвайзер* сынды академиялық терминдерімен алмасқанын көруімізге болады.

Болон үдерісі жалпыға ортақ білім кеңістігін құруға бағытталған қадам. Бұл дегеніміз білім кеңістігіндегі академиялық терминология жалпыға ортақ деген сөз. Бұл да жаһандану үдерісінің бір сипаты. Қазіргі кезде білім беру кеңістігі де жаһандану құбылысына душар. «Жаһандану өмірдің барлық қырларына әсерін тигізетін күрделі күшке айналғандықтан, бір де бір ұлт оның маңыздылығын жоққа шығара алмайды және бір де бір қоғам оның салдарынан сақтандырылмаған. Сондықтан, жаһандану жоғары білім беру кеңістігіне де едәуір дәрежеде жанасады» [131, 1].

«Жоғары білімнің үздіксіз дамуында болып жатқан терең өзгерістерге әлем күні бүгінге дейін куә болуда. Елдер арасындағы жаһандану мен экономикалық интеграция үдерістері кең көлемде және теңдесі жоқ жылдамдықта орын алуда. Білім берудегі (әсіресе жоғары білім берудегі) терең өзгерістердің маңызды көрсеткіші оның (әсіресе жоғары оқу орындарының) күннен күнге ұлғайып бара жатқан интернационалдану (internationalization) үдерісі. Бұл үдеріс әлемдегі

барлық жоғары оқу орындарында ойып орын алып жатқан жалпы беталыс» [132, 114]. «Халықаралық терминдердің тіл-тілдерде таралуы – белгілі бір салада ғылыми жаңалықтың ашылуына байланысты терминдердің халықаралықтануы» [133, 182].

1990 жылдан ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың жаңа принциптерін жасау күн тәртібіне қойылды. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа ене бастады. Жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Десе де жаһандану үдерісі әсерінен терминнің барлық талаптарына сай жасалып, қолданысқа енген терминдер де бар.

Тілдің даму үдерісі үздіксіз дамып жататын құбылыс, жаңадан енген терминдер тілдің лексикалық қорын байытады әрі терминологиялық лексика қабатының дамуына өзіндік үлес қосады.

Қоғамда қолданысқа енген кез келген термин – қоғам тарапынан қолдауды, тілдік тұрғыдан жүйелеуді қажет етеді. Сондықтан термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады. Ал термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалап, реттеп отыруды қажет ететін өте жауапты жұмыс. Олай болмаған жағдайда терминологиядағы жүйеліліктің, реттіліктің бұзылуы сөзсіз. Терминология жағы бірізділіктің сақталмауы әр автордың өзінше термин жасауымен сол терминнің қоғамда жарыса қолданылуына әкеп соғады [134, 610].

**Тарау бойынша түйін**

Ә. Қайдаров терминология – ұлттық тілде көрініс тауып, кез келген жаңалықтарды сезінуге, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс екенін атаса, осы ойды жалғастырған ғалымдар терминология ғылымы дамуының орасан зор екенін айқындап, жетілген тілдің басты көрсеткішінің бірі – оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылатынын айтады. Ұлт тілінің дамыған, шарықтау шегіне жетуінің белгісі оның белгілі бір кеңістіктегі терминологиялық жүйесінің қалыптасуы.

Кез келген кәсіби саланың өзіне тән терминологиялық жүйесі бар. Терминдер кез келген кәсіби саланың лингвистикалық қабатын құрайды. Бұл қабат сол кәсіби саланы танып білуге арналған арнайы құрал. Белгілі бір ғылымды оқу, түсіну, меңгеру, үйрену және үйрету сол ғылым аясында қолданысқа ие атаулар, яғни терминдерсіз қол жетімсіз дүние.

Терминология ғылымы өз аясында бірнеше бөліктерге бөлініп, салаланып кете береді. Академиялық терминология да жалпы терминологияның бір саласы.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында отандық және шетелдік терминологиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық және практикалық негізіне кеңінен тоқталып, терминология саласындағы көптеген еңбектер сараланды. Қазақ тіл біліміндегі терминология ғылымының зерттелу мәселесі, қазақ терминологиясының негізін салушы ғалымдар, олардың терминология саласындағы жазған еңбектері, ғылыми зерттеулері, оқулықтары, ғылыми

мақалалары мен баяндамалары жайлы сөз қозғалады. Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алған қазақ тіл біліміндегі терминология саласының зерттелу жайы, даму кезеңдері, «терминология», «термин» ұғымдарына қазақ ғалымдарының, терминтанушыларының берген анықтамалары берілген тарауда көрініс табады.

Сонымен қатар, шетелдік ғалымдардың терминология саласында атқарған және қаламынан туған еңбектері де қарастырылды. Аталмыш тарауда Канада, Англия, Франция, Австрия, Испания, Румыния, Чехия, Ресей және т.б. зерттеушілерінің көптеген терминологиялық еңбектері негізге алына отырып, терминология және термин ұғымдарына берілген анықтамалары талданды.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының Болон үдерісіне көшуі жоғары оқу орындары кеңістігіндегі академиялық терминологияға көптеген өзгерістер енгізілгені, Қазақстан Болон Декларациясына қол қойған жылдан бастап қазақстандық жоғары оқу орындарының академиялық терминологиясының едәуір өзгеріске ұшырап, академиялық терминдердің түрлі жолмен қазақ тіліне енгендігі айтылды.

Терминдер тек ғылым мен теориялық білім дами бастағанда ғана пайда болады деп ойлау қате. Өткен заманда да, біздің дәуірімізде де кез келген мамандық, қызметтің кез келген түрі өз терминологиясын тудырады. Жалпы қолданыстағы сөздер ретінде қабылданатын көптеген сөздер, яғни терминологиялық емес, кәсіби ортада терминдердің мағынасына және атқаратын қызметіне ие болады, жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің де қалыптасуы мен дамуы ғылымда туындайтын үдеріс саналады.

Терминологияның дамуы төрт негізгі кезеңге: бастауы, алғашқы кезеңі, саланы құрылымдау кезеңі, серпіліс кезеңі, экспансия, яғни ұлғаю кезеңіне жіктелді.

Сонымен қатар, терминологияға тән қасиеттер, оның негізгі сипаттары, терминологиялық жұмыстар, сондай-ақ жай сөз бен термин арасындағы айырмашылықты көрсететін прагматикалық факторлар, терминдердің жіктелуі, терминнің негізгі қасиеттері, терминнің мағынасы, терминнің түрлері, терминнің тұлғасы мен құрылымы, терминнің қызметі, терминнің қолданысы, терминге қойылатын талаптар, терминнің түрлі сипаты және терминнің кемшіліктері ғалымдар тарапынан берілген еңбектер және тұжырымдар нәтижесі бойынша айқындалды.

# 2 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ БЕРУ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛГЕ БЕЙІМДЕЛУІ

## 2.1 Латын тіліндегі академиялық терминдердің ұлттық тілдегі көрінісі

Қазіргі академиялық терминология жалпы терминология саласының ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Тіліміздегі түрлі академиялық терминдер жаһандану үдерісі нәтижесінде пайда болған, сәйкесінше бұл құбылыс терең зерттеуді қажет етеді [135, 281].

Тілдің терминологиялық жүйесі мен жалпы лексика жүйесі үнемі тығыз байланыста дамиды. Олар бірін-бірі толықтырып отырады. Тілдегі көптеген терминдердің шығу тегі латын тілімен байланысты.

Латын тілі (*Lingua Latīna*) ежелгі тілдердің біріне жатады. Оны «өлі тіл» деп атайды, өйткені бұл тілде ешбір халық сөйлемейді. Генеологиялық топтастыру бойынша латын тілі үндіеуропа тілдеріне жатады [136, 5].

Көне римдіктердің тілі латын деп аталады, өйткені ол тілде алғашында аңыз бойынша б.з.д. 753 жылы іргетасы қаланған негізгі Рим қаласы орналасқан, Апеннин түбегінің орталығындағы Лаций жазығына қоныс тепкен көне тайпа сөйлеген [137, 3].

Латын тілі үлкен, әрі этникалық құрамы бойынша Рим империясынан (батыста қазіргі Португалиядан бастап шығыста қазіргі Румынияға дейінгі аумақты қамтиды) басқа италий тілдерін ығыстырып (этрусс және грек тілдері өз әсерін тигізді), ресми мемлекеттік тілге айналды. Антикалық дәуірдегі латын тілінің тарихы бірнеше кезеңдерге (Сурет 11) бөлінеді [132, 6].

| | |
|---|---|
| Архаикалық кезең → | Б.з.д. VI-IV ғғ. |
| Классикалыққа дейінгі кезең → | Б.з.д. III-II ғғ. |
| «Алтын латын» → | Б.з.д. I ғ. – б.з. I ғ. |
| «Күміс латын» → | Б.з. I-II ғғ. |
| Кеш латын → | II-VI ғғ. |

Сурет 11 – Латын тілінің кезеңдері

Қайта өркендеу дәуірінде (XIV-XVI ғғ.) латын тілі ғылым тіліне айналады. Осы дәуірдің қайраткерлері – гуманистер – (Леонардо да Винчи, Микеланджело, Роттердамдық Эразм және т.б.) классикалық латын тілін тірілте отырып, өз еңбектерін латын тілінде жазған. Жаңа уақытта Коперник, Галилей, Ньютон, Спиноза, Декарт, Ломоносов сынды көптеген атақты ғалымдардың еңбектері латын тілінде жазылды [138, 4-5].

«Латын тілі Рим империясының дәуірленіп тұрған кезінде әлемдегі ең қуатты тіл болғандығы ешкім күмән келтірмейтін ақиқат. Әйгілі император Цезарь, сөз атасы Цицерон, Вергилий, Гораций, Овидийлер осы тілде сөйлеп, осы тілде өлмес туындылар қалдырған. Ол заманда латын тілінің болашағына оның достарын қойып, жаулары да күмән келтірмейтін еді. V ғасырда Рим империясы ыдырағаннан кейін латыннан да қауқар кете бастады, бірақ біржолата жойылған жоқ. Роман тілдер тобын құрайтын (рома – Рим деген сөз) итальян, испан, француз, португал тілдеріне өмір беріп, ғылыми терминологияның алтын қазығына айналды. Бүгінде латын тілі бір мыңнан асатын халқы бар Ватиканның ғана ресми тілі, бірақ жоғарыда аталған төрт тіл оның бүгінгі күндегі жайқалған жапырағы сияқты» [138, 7].

Әлемге аты әйгілі ғұламалардың еңбектері қағаз бетіне түсіп, жазу түрінде жарыққа шыққан латын тілі кез келген ғылым саласының терминологиясын қалыптастырып бергені күмән келтірмес ақиқат. «... термин сөздердің басым бөлігін латын және грек тілдерінің сөздері құрайды» [139, 190]. Академиялық терминдердің де қайнар көзі – латын тілі.

ҚР мемлекет және саясат қайраткері, тарихшы, заң ғылымдарының докторы М. Құл-Мұхаммед «Ұлт тірегі – тіл» атты сұхбатында тілдердің дамуы жайлы сөзін былай деп жалғастырады: «Герман тілдерінің тарихы ... V-IX ғасырға дейін ертедегі англ, сакс, ют, скандинав тайпаларының диалектілері ретінде пайда болып, X-XV ғасырларда ағылшын, неміс, норвег, дат, швед т.б. дербес тілдерге айналады.

Тіл дамуының тарихына көз жіберген болсақ, XVIII ғасырға дейін әдебиетте француз тілінің басымдығы айқын еді, ал ғылымда неміс тілі үстемдік жүргізді. Алысқа бармай, Ресей тарихына үңіліп көрейікші. Пушкиннен бастап, тақтан түскен II Николайға дейінгі орыс аристократиясының тілі француз болып келді емес пе? Ломоносов заманында орыс тілі шәркей сүйреткен шаруаның тілінен аса алмаған еді. Ал Шекспирге дейін ағылшынның әдеби тілі қалыптаспаған болатын. Бұл кезеңде француз әдебиетіндегі Шекспир дүниеге келгенге дейін өмірден озған бір ғана Ф. Рабленің өзі неге тұрады. Бұдан шығар қорытынды: XIX ғасырға дейін әлемдегі үстем тіл әуелі латын, кейін француз тілі болып келді» [140, 7].

Қазақстанның 1991 жылға дейін КСРО құрамында болып келгендігі баршаға аян. Кеңес Одағы кезінде орыс тілінің үстемдік құрғаны да айқын дүние. Осы орайда латын тілінің академиялық терминдерінің қазақ тіліне ену жолы латын тілі ⟶ роман тілдері ⟶ орыс тілі ⟶ қазақ тілі.

«Ағылшын тілінің сөздік қоры негізінен латын түбірлі сөздерден тұрады. Дүние жүзі бойынша латын тілі заң, медицина және ғылыми терминологияда кеңінен қолданылады, тіпті Рим империясына ешқандай тарихи байланысы жоқ елдер де латын тілі сөздерін қабылдаған» [160]. «Латын тілі әмбебап мәдени код ретінде біздің өміріміздің түрлі салаларында қолданылуын белсенді түрде жалғастыруда» [161, 278]. «Латын тілі қолданылуын ешқашан тоқтатқан емес» [162]. Осы ойлардың негізінде латын тілінен енген академиялық терминдердің қазақ тілінде де көрініс тапқандығына көз жеткіземіз.

Кесте 8 – Латын тіліндегі академиялық терминдерінің қазақ тіліндегі көрінісі

| Латын тіліндегі академиялық терминдер | Қазақ тіліндегі баламасы |
|---|---|
| Abituriens – абитуриент | Талапкер |
| Approbatio – апробация | Мақұлдау |
| Assistens – ассистент | Көмекші |
| Attestation – аттестат | Куәлік |
| Auditorium – аудитория | Дәрісхана |
| Consultatio – консультация | Кеңес |
| Curriculum – куррикулум | Жұмыс оқу жоспары |
| Director – директор | Басқарушы |
| Disciplina – дисциплина | Тәртіп |
| Discussion – дискуссия | Пікірсайыс |
| Disputo – диспут | Пікірталас |
| Dissertatio – диссертация | Зерттеу жұмысы |
| Documentum – документ | Құжат |
| Examen – экзамен | Емтихан |
| Examinator – экзаменатор | Емтихан алушы |
| Experimentum – эксперимент | Тәжірибе |
| Expertus – экспертиза | Сараптама |
| Laboratorium – лаборатория | Зертхана |
| Lectio – лекция | Дәріс |
| Lector – лектор | Дәріскер |
| Recensio – рецензия | Пікір |
| Stipendium – стипендия | Шәкіртақы |

Терминдерді қолдану барысында латын тілінен енген академиялық терминдер қазақ тілінде жарыспа қолданылып келеді. Яғни, латын тіліндегі нұсқасы мен қазақ тіліндегі нұсқасы қатар қызмет атқарып келеді. Осындай терминдер қатарын төмендегі кестеден айқын аңғаруымызға болады (Кесте 9).

Кесте 9 – Жарыспа қолданылатын академиялық терминдер

| Латын тіліндегі академиялық терминдер | Қазақ тіліндегі қолданысы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Abiturients | Абитуриент, талапкер |
| Assistens | Ассистент, көмекші |
| Approbatio | Апробация, мақұлдау |
| Auditorium | Аудитория, дәрісхана |
| Collectivus | Коллектив, ұжым |
| Concursus | Конкурс, байқау |
| Consultans | Консультант, кеңес беруші |
| Contractus | Контракт, келісім-шарт |
| Disciplina | Дисциплина, тәртіп |
| Discussion | Дискуссия, пікірсайыс |
| Dissertatio | Диссертация, зерттеу жұмысы |
| Documentum | Документ, құжат |

9-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Examen | Экзамен, емтихан |
| Examinator | Экзаменатор, емтихан алушы |
| Experimentum | Эксперимент, тәжірибе |
| Expertus | Эксперт, сарапшы |
| Laboratorium | Лаборатория, зертхана |
| Lectio | Лекция, дәріс |
| Stipendium | Стипендия, шәкіртақы |

Жоғарыда көрсетілген академиялық терминдер жарыса қолданылып жүрсе де ұлттық тілдегі баламасының басым қолданыста екені көрінеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақ тілінің корпусы, яғни «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» бойынша *абитуриент* термині 51 рет кездессе, *талапкер* термині 977 құжатта кездескенін айта аламыз. Ал *коллектив* термині 645, ал *құжат* термині 2510 құжатта кездеседі. Қазіргі кезде *документ* термині ұлттық тілде *құжат* термині кең қолданыста, корпус бойынша 10 607 құжатта қамтылады. Десе де *аудитория* термині *дәрісхана* терминіне қарағанда көп қолданылады, ұлттық корпуста *аудитория* термині 652 құжатта кездеседі, ал *дәрісхана* термині 61 құжатта кездеседі. Қазақ тілінде көптеген академиялық терминдер еш аудармасыз қолданылып жүр, жалпы қолданыста жүрген терминдер легі академиялық ортада көп кездеседі. Аудармасыз қолданыста жүрген терминдер қатарын төмендегі кестеден көруімізге болады (Кесте 10).

Кесте 10 – Латын тілі негізінде (аудармасыз) қолданыста жүрген академиялық терминдер

| Латын тіліндегі академиялық терминдер | Қазақ тіліндегі қолданысы |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Aspirans | Аспирант |
| Au(c)tor | Автор |
| Baccalaureus | Бакалавр |
| Candidatus | Кандидат |
| Colloguium | Коллоквиум |
| Conferential | Конференция |
| Congressus | Конгресс |
| Conspectus | Конспект |
| Contextus | Контекст |
| Contingens | Контингент |
| Curator | Куратор |
| Cursus | Курс |
| Decanus | Декан |
| Dissertans | Диссертант |
| Doctor | Доктор |
| Docens | Доцент |
| Externus | Экстерн |

10-кестенің жалғасы

| | |
|---|---|
| Forum | Форум |
| Innovatio | Инновация |
| Institutum | Институт |
| Laureatus | Лауреат |
| Magister | Магистр |
| Opponentis | Оппонент |
| Plagiatus | Плагиат |
| Rector | Ректор |
| Referre | Реферат |
| Sectio | Секция |
| Seminarium | Семинар |
| Sessio | Сессия |
| Studens | Студент |
| Universitas | Университет |

10-кестеде келтірілген терминдер латын тілі негізінде қолданыста жүр, оның көп бөлігі жоғары білімді мамандарға берілетін, сонымен қатар олардың ғылыми біліктілігін әртүрлі салада анықтайтын өзіндік ерекшеліктері бар ғылыми дәрежелер мен атақтар номенклатурасын құрайды. Алайда, бұл терминдердің ішінде бірқатарының қолданыс аясының өзгергенін байқауымызға болады, мысалы бұрында *ассистент* – көмектесуші, жәрдемдесуші болса, қазақ тіліндегі қазіргі қолданысы ЖОО-дағы профессордың көмекшісі, дәріс, лабораториялық және практикалық сабақтар өткізуге жәрдемдесетін адамды айтамыз. *Decanus* – он адамның бастығы дегенді білдірсе, қазір *декан* – ЖОО-дағы факультеттің жетекшісі. *Docens* – үйретуші болса, қазір ЖОО-дағы оқытушының лауазымы және ғылыми атақ. Яғни, терминдер мағынасының өзгеруін көруімізге болады.

## 2.2 Академиялық терминдердің лексикографиялық дереккөздерде түзілуі

Тілдің лексикалық қабатының өзгеріске ұшырауы мемлекетте болып жатқан түрлі жағдайларға байланысты. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары және Қазақстан жоғары оқу орындарының Болон үдерісіне көшкеннен соң жоғары оқу орындарында қолданыстағы академиялық терминология да үлкен өзгеріске түсті.

Зерттеу жұмысының осы бөлімінде академиялық терминдердің түзілуін қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі, философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі, педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік, психологиялық-педагогикалық сөздік, қазақ әдеби тілінің сөздігі негізінде салыстырамыз.

Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуін әліпби бойынша қосымшада (Қосымша А) береміз және оның сурет түріндегі сызбасы осы бөлімде келтіріледі.




Сурет 13 – Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуі (1)

Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуін зерттей отырып, барлық сөздіктерде кездесе бермейтініне көз жеткіздік, оны жоғарыда келтірілген суретке қарап айта аламыз. *Абитуриент, абонемент, автор, авторлық құқық, автореферат, аға ғылыми қызметкер, академик, академия, академиялық жыл, академиялық сағат, аккредитация, ақпарат, акпараттық-коммуникациялық технология, алгоритм, аннотация, апробация, аспирант, аспирантура, ассистент, аттестаттау, аудитория, ашық сабақ* [143, 141, 142, 130] терминдері барлық сөздікте кездесе бермеді, көріп тұрғанымыздай бұл терминдер ҚӘТС-те қамтылған, десе де біздің зерттеу материалдарымызда *академиялық сағат, академиялық жыл* терминдеріне біршама өзгеше анықтама берілген, мысалы, *академиялық сағат (academic hour)* – оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады. Сонымен қатар, қазіргі таңда білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген төмендегі терминдердің анықтамасы мүлде берілмеген. Олар: *академиялық ұтқырлық (academic mobility)* – білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылына) басқа ЖОО-ға (ел ішінде немесе шетелде) меңгерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді өз ЖОО-да академиялық кредиттер

түрінде міндетті түрде қайта тапсыра отырып немесе басқа ЖОО-да оқуды жалғастыру үшін ауыстыру.

*Академиялық күнтізбе (academic calendar)* – оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, практикаларды өткізу, демалыс күндерін (демалыс және мереке) ескере отырып құрылған күнтізбесі.

*Академиялық қарыз (academic backlog)* – оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктері бойынша оқылмаған пәндердің немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанғысыз бағасы бар пәндердің болуы.

*Академиялық кезең (academic term*) – теориялық оқыту кезеңі: ұзақтығы 15 апта болатын семестр.

*Академиялық еркіндік* – білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім беру мазмұнын дербес анықтау және білім беру қызметін ұйымдастыру үшін білім беру үдерісі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы.

*Академиялық кредит (кредит, credit, credit-hour)* – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

*Аралық бақылау* – академиялық күнтізбеге сәйкес бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

*Ағымдағы бақылау* – академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқытушы өткізетін оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеру.

*Ақпараттық-білім беру порталы* – ҚОТ бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелік ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің жүйелі-ұйымдастырылған өзара байланысты жиынтығы.

Аталмыш академиялық терминдер жоғарыда аталып кеткен сөздіктерде мүлде көрсетілмеген, тек зерттеу материалымызда берілген. Бұл терминдер академиялық дискурста өте белсенді қолданылып, терминдік қасиетке ие десек болады. Бұл терминдер тек ЖОО қызметкерлеріне таныс.

Болон үдерісі кезінде тілімізге еніп, жиі қолданысқа түскен терминдер *білім алушының академиялық рейтингі (rating), белсенді үлестірме материалдар (hand-outs) (ханд-оутс), бакалавриат (undergraduate study), бакалавр (bachelor), бітіртуші кафедра, бейіні бойынша доктор (doctor), білім беру бағдарламасы,* және *бағдар беру аптасы.*

Барлық сөздіктерде *бакалавр* термині кездеседі, тек философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігінде ғана кездеспейді. Ал бакалавриат термині тек ҚӘТС кездеседі (Сурет 14) және оның анықтамасы төмендегідей:

*Бакалавр* – жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже мен біліктілік [141, 24].

*Бакалавр* (лат. baccalaureus) – бірсыпыра елдерде алғашқы ғылыми дәреже; төрт жылдан төмен емес негізгі білім бағдарламасын жетік меңгерген, қорытынды аттестаттаудан өткен адамдар үшін жоғары кәсіптік білімнің алғашқы сатысы [142, 46].

*Бакалавриат* – университетті бітіріп, бакалавр дәрежесін алатындарға арналған қосымша оқу бағдарламасы [144, 614].

Ал осы терминдерге зерттеу материалдарында мынадай анықтама беріледі.

*Бакалавриат (undergraduate study)* – 240 академиялық кредиттерді міндетті түрде меңгере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрларды даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

*Бакалавр (bachelor)* – бакалавриаттың (жоғары білімнің) білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.




Сурет 14 – Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуі (2)

Қазақ тіліндегі сөздіктерде *ғылыми жетекші* термині ҚӘТС-те берілгенмен, өзге сөздіктерде берілмеген. Ал зерттеу материалында *ғылыми жетекші / консультант* – білім алушының басшылығымен бітіру жұмысын (дипломдық жұмысты (жобаны / магистрлік немесе докторлық диссертацияны) орындау жүзеге асырылатын білім алушының академиялық тәлімгері деп беріледі.

*Грант, ғалым хатшы, ғылым докторы, ғылыми деректер, ғылыми жұмыс, ғылыми іссапар, ғылыми қызметкер, ғылыми дәреже, ғылыми зерттеулер, ғылыми-зерттеу жұмысы* [146, 141, 130, 142] және т.б. терминдердің түзілуін 15-суреттен көруімізге болады.




Сурет 15 – Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуі (3)

Академиялық терминдердің келесі бірқатары *дағды, дәріс, дәріс беру, дәрісхана, декан, деканат, дескриптор, диплом, дипломант, дипломдық жұмыс, директор, диссертант, диссертация, диссертациялық қорғау, диссертациялық кеңес, диссертациялық сараптама, доктор, докторант, докторантура, документ, доцент* [142, 146, 141]. Бұл терминдердің сөздіктерде түзілуі 16-суретте бейнеленген. Төменде академиялық терминдердің сөздікте мүлде тіркелмеген нұсқалары берілген, не болмаса мағына алшақтығы байқалады.

*Дәреже (degree)* – қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары беретін дәреже.

*Дескрипторлар (descriptors (дескрипторс))* – білім алушылардың тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын зерделеуді аяқтағаннан кейін алған білім, білік, дағды мен құзыреттіліктерінің деңгейі мен көлемін сипаттау оқу нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге және академиялық кредиттерге негізделетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы.

*Дипломдық жұмыс (жоба)* – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті проблеманы студент және курсант (бұдан әрі – студент) өз бетінше зерттеу нәтижелерін қорытуды білдіретін бітіру жұмысы.

*Докторантура* – білім беру бағдарламалары тиісті даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор дәрежесін бере

отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

*Докторлық диссертация* – докторанттың дербес зерттеуі болып табылатын ғылыми жұмысы, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде саралауға болатын немесе ғылыми мәселе шешілген, немесе енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер жазылған.

*Диплом алды практикасы* – бакалаврдың бітіру жұмысын орындау үшін білім алушы қажетті материалдарды жинау мақсатымен дипломдық жобалау алдында өткізілетін кәсіби практиканың түрі.

*Дипломға қосымша (diploma supplement)* – Европалық комиссия, Европа Кеңесі және ЮНЕСКО стандарттары бойынша жасалған жоғары білім туралы ресми құжаттың жалпы европалық стандартталған қосымшасы; білімнің біліктілік иеленушісі меңгеріп аяқтаған оқудың сипатын, деңгейін, контекстін, мазмұнын және статусын сипаттайды. Бұл аталған терминдер академиялық терминдер қатарында өте жиі қолданылып жүр.




Сурет 16 – Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуі (4)

Төменде келтірілген терминдер легі сөздіктерде кездеседі, кейбір терминдердің анықтамасы сөздіктерде берілген анықтамадан басқаша, атап айтар болсақ соңғы зерттеу материалдарында кездесетін терминдер анықтамасы Болон үдерісі қағидаларына негізделген, нақты уақыт өлшемін қамтитын анықтамаға сай. Мысалы:

*Магистр (master)* – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.

*Магистрлік диссертация* – ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, ғылыми-педагогикалық магистратура таңдаған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеу болып табылатын магистранттың бітіру жұмысы.

*Магистрлік жоба* – таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемасының қолданбалы есебін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименталдық нәтижелері бар өзіндік зерттеу болып табылатын магистранттың бітіру жұмысы.

*Модуль* – білім алушылардың алған білімдері, біліктері, дағдылары, құзыреттілігі және бағалаудың тиісті критерийлері бар білім беру бағдарламасының дербес, оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған құрылымдық элементі.

*Модульдік оқыту* – білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі.

*Мультимедиа* – пайдаланушыға әртүрлі мәліметтермен (графикамен, мәтінмен, дыбыспен, бейнемен) диалог режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені.

*Міндетті компонент (core subjects)* – міндетті компонент-МЖМБС белгілеген және міндетті түрде оқу бағдарламасы бойынша оқитын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.




Сурет 17 – Академиялық терминдердің қазақ тілі сөздіктерінде түзілуі (5)

Сонымен қатар, жоғарыда аталған сөздіктерде мүлде кездеспейтін терминдер саны да жетерлік. Зерттеу нәтижесі бойынша барлық жинақталған 700 академиялық терминдердің 137 тілдік бірлік қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде, 22 тілдік бірлік философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігінде, 30 тілдік бірлік қазақша түсіндірме терминологиялық сөздікте, 77

тілдік бірлік психологиялық-педагогикалық сөздікте және 310 тілдік бірлік қазақ әдеби тілінің сөздігінде тіркелген (Сурет 18).




Сурет 18 – Академиялық терминдердің сөздіктерде түзілуінің пайыздық көрсеткіші

Сандық талдау нәтижесінде жоғарыда аталған сөздіктерде түзілмеген академиялық терминдердің үлесі 20% құрады. Мысалы оған дәлел төменде берілген біршама терминдер легі бола алады:

*Пострееквизиттер (postrequisite) (постреквизит)* – пәнді оқу аяқталғаннан кейін алынған білім, білік, дағды және құзыреттілігі талап етілетін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері және (немесе) модульдер.

*Пререквизиттер (prerequisite) (пререквизиттер)* – оқылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білім, білік, дағды және құзыреттіліктері бар пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері.

*Силлабус (syllabus)* – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйрену тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімін көрсететін пәннің оқу бағдарламасы.

*Кредиттік оқыту технологиясы (credit unit system)* – академиялық кредиттер жинай отырып, пәндерді және (немесе) модульдерді оқу кезектілігін таңдау және білім алушыларға дербес жоспарлау негізінде оқыту.

*Кредиттік ұтқырлық* – академиялық кредиттер жинақтау мақсатында білім алушылардың өз ЖОО-да жалғасып жатқан оқу шеңберінде шет елдерде оқу немесе тағылымдамадан өту мерзіміне ауысуы (ұтқырлық кезеңінен кейін студенттер оқуды аяқтау үшін өз білім беру ұйымына қайтарылады).

*Куратор* – білім алушылардың тәрбиесі, бос уақытының ұйымдастырылуы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары бойынша мәселелерді шешу үшін тағайындалатын оқытушы; бір тұлға куратор мен эдвайзер функцияларын қатар атқаруы мүмкін.

*Курстан курсқа өту GPA балы* – жыл сайын әр оқу жылына белгіленетін келесі оқу курсына өтуүшін қажетоқу жетістіктерінің орташа баға деңгейі.

*Кредиттерді қайта есептеу* – өзге оқу орнында немесе өзге оқу жоспары бойынша оқылған пән мазмұнының бекітілген және қолданыстағы оқу жоспары пәніне сәйкестігін мойындау рәсімі, нәтижесінде алған бағасымен бірге оқу пәні білім алушының транскриптіне енгізіледі.

Осы сынды көптеген академиялық терминдер сөздіктерде кездеспейді. Өйткені, қазіргі таңда қолданыста жүрген академиялық терминдер Болон үдерісі әсерінен тілімізге еніп, білім мен ғылымды ұштастыруда өз үлесін тигізуде. Өз кезегінде бұл терминдерді қазақ тілінде қолдану әлемдік білім кеңістігінде, өзге білім ортасында білім алушылардың тез бейімделуіне жол ашады.

Қазақ тіліндегі сөздіктерде мүлде кездеспеген, бірақ қазіргі таңда білім беру саласында қолданысқа ие терминдер болашақта академиялық терминдер сөздігін құрастырудың іргетасы болары сөзсіз.

Жоғарыдағы ойымызды қорытындылай келе, терминология саласының дербес бір бөлігі болатын терминдер легін ғылымда академиялық терминдер деп атауымызға толық негіз бар деп, **академиялық терминология** – жоғары оқу орындарында (академия, университет, институт) қолданылатын терминдердің жиынтығы деген анықтама береміз.

Бұл зерттеу нәтижесі «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы мақсатының іске асырылуымен тығыз байланысты. Мобильді қосымша цифрлық дәуірде ғылымның дамуына үлкен үлес қосатын заманға сай зерттеудің тың нәтижесі деп білеміз. Академиялық терминдер легі осы қосымшада тез әрі әліпбилік тізіммен тауып алуға өте жеңіл.




Сурет 19 – «Академиялық терминдер сөздігі» мобильді қосымшасы




Сурет 20 – «Академиялық терминдер сөздігі» мобильді қосымшасындағы академиялық термин

**Тарау бойынша түйін**

Берілген тарауда академиялық терминдердің қалыптасуы мен дамуы жайлы сөз болады. Академиялық терминологияның қалыптасуы ең алғаш университеттердің ашылуымен тығыз байланысты. Данышпан Платонның дәріс оқыған жері Афины маңынан бастау алып, әрі қарай Еуропа елдеріндегі Париж, Оксфорд және Кембридж университеттерінің негізі қаланып, ондағы оқытушылар мен білім алушыларға байланысты университет қабырғасындағы қолданыста болған академиялық терминдер қарастырылды. Сол кездің өзінде барлық академиялық терминдердің шығу төркіні латын тілінен бастау алатыны дәлелденді. Бертін келе Ресейде алғашқы жоғары оқу орындарының ашылып, академиялық терминологияның даму үдерісі жайлы айтылады. Қазақстанда академиялық терминологияның қалыптасуы мен даму үдерісі де алғашқы жоғары оқу орындарының іргетасы қалануымен тұспа-тұс келгендігі жайлы жазылады. Академиялық терминдердің латын тілі – үнді-еуропа тілдері – орыс тілі – қазақ тіліне ену жолдары сызбаға түсірілді.

Академиялық терминологияның латын тілінен бастау алатындығы дәлелденді. Латын тілінің академиялық терминдерінің ұлттық тілдегі көрінісі сипатталды, яғни латын тілінің академиялық терминдерінің қазақ тіліндегі баламалары, жарыспалы қолданыста жүрген академиялық терминдер, қазақ тіліне аудармасыз латын тілінде қолданыстағы академиялық терминдер және алғашқы мағынасы мен қазіргі мағынасы кестеге түсірілді.

Академиялық терминдердің түзілуін қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі, философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі, қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік, психологиялық-педагогикалық сөздік, қазақ әдеби тілінің сөздігі негізінде салыстырылды, олардың сөздіктерде түзілуін қарап, сөздіктер негізінде зерттеу жұмысын жүргізу барысында сөздіктерде түзілмей кеткен академиялық терминдерді көрсеттік. Академиялық терминдердің бұл тізбегі болашақта академиялық терминдер сөздігін қалыптастыруда үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз.

# 3 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ БЕРУ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ СЕМАНТИКАЛАНУ ҮДЕРІСІ

## 3.1 Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің семантикалану үдерісі және компоненттік құрылымы

«Сөз бен ұғым – тіл мен ойлаудың екі өзара қатысты бірліктері. Сөз – тілдің бірлігі, ұғым – ойлаудың бірлігі. Сөздің құрамы материалдық және идеалдық болады. Сөздегі материалдық – дыбыстық рәсімделуі, идеалдық – шынайы дүниенің құбылыстары мен заттарын бейнелейтін сөздің мағынасы (ұғым)» [163, 6]. «Семантизация (грек. *semanticos* – белгілейтін, көрсететін) – тілдік бірліктің мәнін, мағынасын анықтау; тілдік бірліктің мазмұндық жағы туралы қажетті мағлұматтарды хабарлаудың үдерісі және нәтижесі» [164, 273]». «Сөздердің қазіргі семантикалануының түрі өзгертілген, қазіргі жағдайға бейімделген» [165, 148]. Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің де семантикалану үдерісі қазіргі жоғары оқу орындарында қалыптасқан жағдайларға бейімделгендігін байқадық.

Семантикалану сөзі кең мағынасында – оқырманға немесе тыңдарманға ақпаратты ұсыну және олар ұсынылған ақпаратқа ие бола отырып оны сөйлеуде дұрыс әрі идиоматикалық тұрғыда қолдана алуы. Семантикалану тар мағынасында – лексикографиялық семантикалық талдау, яғни сөздің сөздіктегі мағынасын ашудың кез келген тәсілі [170]. Осы орайда терминографиялық семантикалануды «вербалды және бейвербалды құралдардың көмегімен терминологиялық бірліктердің семантикасын түсіндірудің үдерісі және/немесе нәтижесі» [171] ретінде анықтаймыз.

Бірыңғай білім беру кеңістігін құру, яғни ақпараттандыру мен жаһандану жағдайындағы қазіргі қоғам «жоғары оқу орындарында білім беру және ғылыми қызмет үдерісінде қарым-қатынастың тиімділігін көтеру» [172] сынды маңызды мәселені шешуге ұмтылады. Термин «кәсіби ойлаудың вербалданған нәтижесі, кәсіби ортадағы бағдарлаудың мәнді лингватанымдық құралы және кәсіби қарым-қатынастың ең маңызды элементі» екендігі белгілі [173]. Қазіргі таңда терминографиялық «семантикалану теориясы енді қалыптаса бастағандықтан анықтамалар түрлерінің тек аз ғана бөлігі тұжырымға шығарылған, ал басым бөлігі сөздіктерде (оқулықтарда) көрсетілген. Сөздіктерде қолданылатын барлық семантикалану құралдарының айқындалуы мен сипаттамасы өзекті болып табылады» [171, 3]. Бұл ғылыми және білім беру мәтінінің лексикалық бірліктерінің семантикалануы кезінде ғылыми және білім беру мәтін мүмкіндіктерін кеңейту үшін ерекше маңызға ие, өйткені өндіріс саласында орын алатын сәтті қарым-қатынас үшін студенттер мен болашақ мамандар игеруге және меңгеруге қажетті терминологиялық лексиканың негізгі әрі ең қол жетімді дереккөздері болып табылады.

Жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби қарым-қатынасының сәтті болуы жоғары оқу орындарындағы ғылыми және білім беру қызметі үдерісіндегі

қарым-қатынастың тиімділігіне тікелей байланысты. Сәйкесінше, біртұтас білім кеңістігін құру, ақпараттандыру мен жаһандану жағдайындағы қазіргі қоғам аталмыш маңызды ғылыми мәселені барлық қолжетімді құралдар арқылы шешуге ұмтылуда.

Белгілі бір білім саласын оқи бастаған студент (білім алушы) ең алдымен адресат, ғылыми немесе ғылыми-оқу мәтінін (оқулық мәтіні) бір бүтін немесе ғылыми білімге арналған өзіндік құндылыққа ие терминді оның ең маңызды компоненті ретінде қабылдайтын реципиент.

Ғылыми мазмұндағы терминологиялық лексиканы арнайы ғылыми мәтіннің құрылымының негізгі компоненті ретінде қарастыру терминді «ықшамдалған білім, таным нәтижесі, оның «жалқы есімі», пәндік білімге ену, оны бақылаудың, сақтаудың және жеткізудің жолы» [174, 10] ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай терминге деген кең көзқарас қалыптасып келе жатқан маманның санасында «ғылыми мәтінді тек стиль ретінде ғана емес, қызмет, яғни терминдер белгілі бір ретпен ұйымдастырылған жай ғана сөздер емес, сонымен қатар белгілердің жиынтығы ғылыми білімнің бейнесін, терминологиялық жүйені құрайтын ғылыми мазмұн ретінде де сипаттауға» [170, 17] мүмкіндік береді.

Мамандықтың тілін меңгеру тілдік тұлғаның лексиконы мен тезаурусындағы өзгерістермен ғана шектелмейді, сонымен қатар оның прагматиконында, яғни психологиялық және коммуникативтік деңгейде болады.

Біріншіден, болашақ маманда терминге ақпараттық белгілердің ерекше түрі ретінде тұрақты оң көзқарас қалыптасу керек, яғни олар болмаған жағдайда «сенімді әрі озық білім» [175, 104] болуы мүмкін емес. Екіншіден, ғылым тілін меңгеру үдерісінде тілдік тұлғаны сөйлеу субъектісі белсенді түрде терминдермен басқарылатын, ол үшін жаңа коммуникативтік жағдаяттардың қатарына қосу үрдісі орын алады.

Білім алушыға термин туралы мұндай ақпаратты беру және ол берілген ақпараттың негізінде терминдерді ғылыми және кәсіби тілдесу аясында дұрыс, нақты әрі еркін қолдана алуы сөздің (терминнің) мағынасының мейлінше кең ашылуын білдіреді.

Қазақ тілінің лексикалық қорының толығуы шет тілдерінен енген терминдердің төл тілімізге енуі арқылы да толығады. Осы мәселеге байланысты, ғалымдардың ғылыми пікірлеріне тоқталамыз.

Д.С. Лотте өз еңбегінде былай деп жазады: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы жеңілдік орыс тіліндегі ғылыми-техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге алып келді» [42, 5].

Бүгінгі таңда қазақ терминологиясындағы күрделі мәселелердің бірі – шет тілі терминдерін қабылдау. Жалпыға ортақ халықаралық терминдерді сол күйінде өзгеріссіз қабылдасақ өз тіліміздің мәртебесіне нұқсан келтіреміз, ал, халықаралық терминдерді сол күйінде қабылдамай, қазақ тіліне, өзіміздің дыбыстық ерекшеліктерімізге қарай бейімдесек, баршаға ортақ ғылымда бар терминдердің қолданысын шектеп алмаймыз ба? деген де пікірлер орын алуда. Өйткені, бұл мәселе әлі күнге дейін нақты шешімін таппаған.

Жалпы қазақ терминологиясы термин ретінде қалыптасуынан бастап бүгінгі күнге дейін, әсіресе тәуелсіздік алған жылдардан бері термин мәселесінің өзектілігі күн өткен сайын арта түсуде. Академиялық терминология да өзектілігі жоғары салалардың біріне айналды. Болон үдерісі кіргелі ЖОО-ның өзіндік метатілі қалыптасты деп айта аламыз.

Тілімізде бұрын қолданып, ал қазіргі таңда ЖОО-да академия терминімен тіркесіп, бұрынғы мағынасын қайта жаңартып, ЖОО метатілі болып термин ретінде қолданылып отыр.

Академиялық терминдер де сөзге жұрнақ жалғау, сөздерді біріктіру, тіркестіру тәсілдері арқылы қалыптасты. Олардың ішінде қазақ тілінде термин жасауда -шы, -ші, -лық, -лік, -у, -ман, -кер, -гер сияқты жұрнақтар өнімділік танытуда. Мысалы: *оқытушы, білім алушы, жетекші, зерттеуші, кеңесші, оқулық, біліктілік, бағалау, болжау, зерттеу, оқырман, тыңдарман, талапкер, әдіскер, тәлімгер* және т.б.

Академиялық термин жасауда кемінде екі сөздің бірігуінен *гипермәтін, гипермедиа, іссапар, дерексөз, дәйексөз, келісімшарт, өтемақы, шәкіртақы* т.б. академиялық терминдері жасалып, қолданыста жүр.

Термин жасаушы тәсілдердің бірі ретінде сөздердің тіркесуі арқылы жасалуын айтуға болады. Бұл тәсіл арқылы да кейінгі жылдары бірқатар терминдер қалыптасты, ал академиялық терминдерге келетін болсақ, біршама термин қалыптасып жиі қолданысқа ие болып жүр, мысалы: *академиялық адалдық, академиялық ұтқырлық, академиялық демалыс, академиялық еркіндік, академиялық қарыз, академиялық үзіліс, аралық бақылау, әдіскерлік кеңес, әдістемелік бөлім, докторлық жұмыс, магистрлік жұмыс, кредиттік ұтқырлық* және т.б.

Қазақ терминология саласында ойып орын алған ғалым Ә. Қайдар халықаралық терминдерді мүмкін болғанынша қазақ тіліне аударып беруге болатындығы, немесе аударуға келмейтін терминдерді сол күйінде өзгеріссіз емес, қазақ тілінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау, яғни дыбысталуы мен тұлғалануы жағынан қазақша етіп ұсыну қажеттігін баса айтады.

Ғалым осы мәселеге байланысты келесі берілген қағидаларды айтып өтеді, яғни олар: 1) қысқартуға тиісті термин-атаулардың бәрі қазақ тілінің негізінде орыс тілінде қалыптасқан (біріккен, қосарланған тіркес түрінде) терминдер мен атаулардың үлгісі мен модельдері бойынша жасалуы керек; 2) олар күрделі термин мен атаудың құрамындағы әрбір дербес сөздің не алғашқы әріпі, не алғашқы буыны бойынша қысқартылыуы керек; 3) алғашқы әріпі мен буыны бойынша қысқартылған термин-атаулар құрамында жеке-дара сөздердің де болуы мүмкін және олар қазақ тілінде оңтайлы айтылуына қарай ықшамдалып алынса да болады; 4) осы қағида бойынша қысқарту нысанына қысқартудың барлық түрлері (аббревиатуралар) емес тек атау мен терминдік мәні бар сөздер мен сөз тіркестері ғана жатады; 5) қысқарған терминдердің айтылу ережелері де айқындалуы керек [19].

Ғалым Ә. Қайдар ұсынған тағы бір қағиданың мақсаты қазақ тіліне қабылданатын терминдер мен олардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық қорды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

Негізгі 10 қағида қазақ тіліндегі ұлттық және халықаралық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіруге негізделген. Ғалымның пікірінше қазақ тіліндегі терминдердің 30 пайызы ұлттық терминдер де, ал қалған 70 пайызы (шамамен алғанда) халықаралық терминдерді құрайды екен. Ал бұл өз кезегінде ұлттық тілдің өзіндік жолмен дамуына қауіп төндіреді [19]. Біз де бұл пікірге толықтай қосыламыз, өйткені қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған қазіргі уақытта терминдердің негізінен ұлт тілінде жасалғаны және бұл жолда қолда бар барлық мүмкіндіктер пайдаланылғаны жөн. Осы тұрғыда қазіргі уақытта бірқатар жұмыстар атқарылды, терминдердің ұлт тілінде жасалуына басымдық берілгені мәлім, алайда бұл үдеріс әлі де жалғасын табуы қажет деп ойлаймыз. Нәтижесінде ұлттық терминдер мен халықаралық терминдердің табиғи ара салмағы сақталады.

Жалпы тілдің лексикалық қорының толығуына екі түрлі жағдай септігін тигізеді, біріншісі – сыртқы жағдаяттар, екіншісі – тілдің өзінің ішкі даму заңдылықтары. Сыртқы жағдаяттар дегеніміз – қоғамда пайда болып жатқан жаңа заттарды, құбылыстарды, тың ұғымдарды атау қажеттілігі. Ал, тілдің ішкі заңдылықтарына келер болсақ, жаңа сөздерді жасаумен қатар, сөз мағынасын тарылту, не кеңейту арқылы айқындай түсу, тіркесу қабілеттерін арттыру, жалғау-жұрнақтардың қызметін реттеу, т.б. сияқты құбылыстарды көреміз [19, 6] – деп ой түйіндеген зерттеуші Р. Сыздықова өз мақаласын терминология туралы ұтымды ойларымен толықтыра түседі. Зерттеуші әрбір жаңа сөз – әлеуметтік құбылыс, өйткені оны тудырып отырған қоғам тіршілігі дейді. Р. Сыздықова интертерминді мүлде аудармауға да кейбір сөздер тұсында келіспейтіндігін жасырмайды. Бұл мәселе турасында да автор негізгі қағиданы, яғни қазақ тілінің сөздік қорындағы мүмкіндікті сарқа пайдалану керектігін тағы бір мәрте қайталап айтады. Зерттеуші сөзімен айтсақ, әрине, егер қазақ сөзінің семантикалық сыйымдылығы көтерсе, яғни сол терминдік ұғымды дәл бере алатын болса, халықаралық терминнің орнына қолдануға болады. Бұрында басқа мағына беріп, қазіргі таңда басқа сөзбен тіркесіп академиялық терминге ие болған төмендегідей мысалдарды көпшілікке ұсынамыз. Мысалы, *адалдық* сөзінің Қазақ әдеби тілі сөздігінде үш түрлі мағынасы бар: бірінші – 1. *Ізгілік, тазалық, имандылық қасиет*. Өнестен өсіп алты алаш Бұл жаһанға таралды. А д а л д ы қ ойла, жігіттер, Асылың пәктен жаралды (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Білер еді-ау өнердің не берерін. Танысса ақын, ойшыл адаммен, Табар еді-ау а д а л д ы қ ар көмегін (Ш. Құдайбердиев, Шығ.). деген мағынасы, екіншісі – 2. *Бір-бірімен серттескен, сүйген адамдардың өзара шынайы берілгендігі*. А д а л д ы қ – азбас азық (М. Тиесов, Әңгім.). Әділдік пен а д а л д ы қ, Тура жолда жүрмек (Ш. Иманбаева, Өлең.) Сен соны іштей ұғына, Көрсетпей маған жасынды. Тек менің а д а л д ы ғ ы м а Кеткенсің иіп басыңды (М. Шаханов, Ғасырлар.). Әйелдің а д а л д ы ғ ы

дегенді еркек атаулы ең алдымен тән тазалығы деп түсінеді. Әкесінің де ұғымы солай (Б. Нұржекеев, Күтумен өт.)., үшіншісі – *Астың ішіп-жеуге жарамдылығы, тазалығы.* Асханадағы дайындалған астың а д а л д ы ғ ы н д а еш дау жоқ («Қаз.әдеб.») [143, 81].

Енді осы адалдық термині бұл университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын анықтайтын, алдау мен плагиаттан аулақ болу, академиялық стандарттарға шынайы болу, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардағы адалдық пен қағидаттылық сияқты принциптерді қамтитын моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидаттар мен құндылықтардың жиынтығы деген түсінікке ие. Осы орайда, бұл терминге келесідей түсініктеме берілген, *академиялық адалдық* – академиялық үдерістің барлық қатысушыларын оқыту мен бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен принциптердің үйлесімі. Яғни, сөздіктегі осы үш мағынаның алғашқысы ғылыми термин ретінде бірінші мағынаның кеңейтілген түрі, және метатілге айналған термин, десе де бұл термин тіркес түрінде қалыптасып, өз мағынасын осы академиялық деңгейде аша түседі.

*Ұтқырлық.* Зат. *Ұтымдылық, мазмұндылық.* Сұлтанмахмұт Майра сөзінен асыл ұтқырлық, бейнелі ақиқат сезді (Д. Әбілдаев, Арман.). Бұл түсіндірме сөздіктен алынса, *академиялық ұтқырлық* – білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңде (семестр, оқу жылы) өзге жоғары оқу орнындағы (ел ішінде немесе шетелде) білім бағдарламалары бойынша игерген кредиттерді міндеті түрде қайта есептеп білім алу үшін барып келу деген түсінік зерттеу материалдарынан алынды. Ұтқырлықтың мағынасы академиялық ұтқырлық деп тіркесе келе өз мағынасын кеңітеді, жай ұтқырлық қана емес, ЖОО білім алушысының өзге елге барып оқып, оқу жоспарына сай кредиттерін қайта есептеп, білім алуында жатыр. Осы сынды *академиялық үзіліс* – білім алушының қалауы бойынша берілетін ағымдағы академиялық кезеңге (семестрге) оқу мүмкін еместігінің дербес себептеріне байланысты оқудағы үзіліс. Жалпы алғанда үзілістің мағынасы бұл тоқтау, кідіріс. *Академиялық үзіліс* деген тіркесті термин белгілі бір себепке байланысты алынатын, яғни оқып жатқан жылын тәмамдай алмау себебіне байланысты алынатын үзіліс. Бұл тек белгілі бір уақыт аралығына ғана берілетіндігімен түсіндіріледі.

*Академиялық сағат* – жоғары оқу орындарында өткізілетін лекция, сабақ үшін белгіленген уақыт мөлшері. Сағаттың өзі уақытты білдіретін болса, академиялық сағат ЖОО-дағы лекция мен семинар сабақтарына тиесілі.

Мысал келтірілген терминдерді алып қарасақ, олардың жасалуында жүйелілік бар, сонымен қатар термин сөзде түсіндірме, яғни сол сөз атап отырған ұғымның өзіне тән мәнді белгісін анықтайтын сипаты бар, үшіншіден, бұл термин сөзде экспрессиялық бояудың бар екенін де байқаймыз. Шет тілдік терминдердің осындай белгіге ие болуы, олардың қазақ тілінде де термин бола алатынымен түсіндіріледі.

Ғалым Ө. Айтбайұлы «Қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы мен міндеттері» деген мақаласында қазақ терминологиясының негізгі мәселелеріне жан-жақты тоқтала келе, ұлттық терминді қалыптастыруға қажетті принциптерді

атап көрсетеді. Ғалымның пайымдауынша термин жасау төмендегідей принциптерге бағынуы керек.

Бірінші принцип: Термин жасау үшін қазақ тілі сөз байлығын барынша сарқа пайдалану қажет.

Екінші принцип: Термин жасауда қазақ тілінің сөз байлығы жетпеген кезде туыстас түркі тілдері сөз байлығын сарқа пайдалану.

Үшінші принцип: Интернационалды (халықаралық) терминдерді қабылдау мәселесі. Ғалым осы үдерісті үшке бөліп қарайды:

1. Интертерминдердің мағынасын дәл беретін қазақ тілінен балама табу;

2. Оларды сөзбе-сөз аудару, калькалау;

3. Еш икемге келмеген интертерминдердің тұлғасын өзгертіп, қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау.

Төртінші принцип: Қысқарған терминдер жасау. Мұнда да негізінен өз лексикалық қорымызды сарқа пайдалана отырып, өзге терминдерді өзіндік етіп алудың жолдары мейлінше баса қарастырылып отыруы керек.

Бесінші принцип: Шарттылық. Термин негізінде белгілі бір қалыпқа түсіп, соны қатып ұстайтын арнайы лексикалық қабатты құрайтын болғандықтан шарттылық міндетті түрде болады. Бұған саналы түрде барып отыруға тура келеді.

Осы негізгі бес принципті атап көрсете отырып, Ө. Айтбайұлы қосымша екі принцип ұсынады.

Алтыншы принцип: Терминдерді жазу.

Жетінші принцип: Термин мәселесі үнемі мемлекет тарапынан қамқорлықта болу [21].

В.Д. Табанакова ізімен, семантикалану дегенде «сөздіктегі терминнің жан-жақты мағынасының ашылу қабілетін айқындайтын лексикографиялық семантикалық талдауды» түсінеміз [166]. Осы орайда академиялық терминдердің семантикалану үдерісіне қатысты ой туындайды. Терминнің этимологиясына үңілу, терминнің семантикалық мазмұнын айқындайтын анықтамаларға тоқталу, қазіргі таңдағы термин өзектілігін корпустағы мысалдар негізінде талдау терминнің табиғатын ашады. Жоғарыда келтірілген академиялық терминдердің бірқатарына төмендегідей талдау жүргізе отырып, академиялық терминнің семантикасына үңілуге тырыстық.

Соңғы кезде өте белсенді академиялық терминнің бірі – *тьютор*. Доктор Е. Клейннің сөздігіне [167] сүйенсек, *tutor*, зат есім латын тілінен *tūtor* сөзінің жекеше түрдегі табыс септігі *tūtōrem* «*defender, guardian* (қорғаушы, қамқоршы)» деген мағынаны білдіреді. *Tuērī* етістігінің бастапқы мағынасы «*to show friendliness to somebody*».

Оксфорд және Кембридж университеттерінде қолданыстағы Оксониан тілінен *тьютор* – студенттердің кішкене тобына жауапты оқытушы дегенді білдіреді. Студенттердің аптасына бір рет тьюторға барып, өздерінің жұмыстары жайлы есеп беруі тьюторинг немесе «тьют» деп аталады [120].

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология деген еңбекте «*тьютор* – студенттің жеке ғылыми жетекшісі; үйдегі мұғалім, репетитор; оқу орнындағы куратор, тәрбиеші» [142, 193].

Педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздігінде «*тьютор* – (ағ. *tutor* – үй мұғалімі) – үйретуші, басқарушы, оқу орнындағы тәрбиеші: 1) тутор түрінде XIX ғасырдың соңында және революцияға дейінгі Ресейде қолданылды, оқу орнындағы бақылаушы; 2) XX ғасырдың соңында студенттің жеке ғылыми жетекшісі» [130, 102].

*Тьютор* терминінің қолданылуына корпустық талдау. Зерттеудің бұл кезеңі 560 миллион сөз қолданысына ие қазіргі ағылшын тілінің американдық нұсқасы (Corpus of Contemporary American English) корпусында қарастырылды, аталмыш корпуста *тьютор* терминінің қолданылу жиілігі – 3155, сонымен қатар терминнің тіркесімділік қабілеті зат есім, (18-n), сын есім (7-j), етістік (2-v), үстеу (3-r) сынды сөз таптарымен берілген.

Ал қазақ тілінің ұлттық корпусында *тьютор* терминіне қатысты тек екі құжат табылды. Корпуста келтірілген мысалдар негізінде *тьютор* терминінің қолданылыс аясын көруімізге болады. Американдық корпуста *тьютор* терминінің басым бөлігі академиялық кеңістікте кездеседі, сонымен қатар қазақ тілінің ұлттық корпусында кездескен «Қашықтан білім алу бойынша оқитын тұлғалардың жеке оқу жоспарын құрастыру үшін қашықтықтан оқу орталығы тьютор тағайындайды» мысалынан да академиялық кеңістікте қолданылатынын байқауымызға болады.

Е. Клейннің сөздігінде [167] *curator,* зат есім латын тілінен *cūrātor,* «*manager, overseer, superintendent* басқарушы, бақылаушы, жетекші)», әдеби мағынасында *one who has the care of* деген мағынаны береді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде *куратор* (лат. *curator*) – жоғары оқу орындарындағы әр курсты жеке өз қамқорлығына, бақылауға алатын жетекші ұстаз [150, 414]. С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде *куратор,* -а, м. (книжн.) – *человек, который курирует кого-что-н.* деп келтіріледі [112]. Ағылшын тілі корпусында *куратор* термині 4506 жиілікті құрайды, ал қазақ тілінің ұлттық корпусында 51 құжатта кездеседі, барлық мысалда дерлік *куратор* термині жоғары оқу орындарына қатысты қолданылған, тек біршама мысалда *куратор* термині *эдвайзер* терминімен қосақтала айтылады. Ал *эдвайзер* термині ұлттық корпуста 61 құжатта беріледі және *эдвайзер* термині ресми құжаттар мысалында жүреді.

Е. Клейннің сөздігінде [167] *proctor,* зат есім латын тілінен *procurator, prōcūrōtor* «*manager, overseer* (басқарушы, бақылаушы)». Термин қазақ тілінің ешбір сөздігінде кездеспейді. Ағылшын тілі корпусында *проктор* термині 1809 жиілікті құрайды, ал ұлттық корпуста *проктор* термині мүлдем кездеспейді. *Проктор* термині зат есім, сын есім, етістік, үстеу сынды сөз таптарымен тіркесе алады.

Е. Клейннің сөздігінде [167] *decade* латын тілінен *decas* "*the number ten; a group of ten*" зат есім 1) *a group of ten things*; 2) *a period of ten years*.

*Декада*. 1) онкүндік (әдебиет пен өнер жетістігінің көрермендер қауымына салтанатпен паш етілуі); 2) он күн аралығындағы мерзім [147].

*Декада* терминінің тіркесімділік қабілеті зат есім, сын есім, үстеу және етістік сынды сөз таптарымен тіркесе алады. Корпустағы жиілігі – 807, ал қазақ тілінің ұлттық корпусында – 77.

Зерттеу барысында жинақталған тілдік бірліктердің негізінде жоғары оқу орындары академиялық терминдерін шартты түрде бес топқа бөлдік: оқу-ісіне, ғылымға, тәрбие жұмысына, халықаралық қатынастарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер және жоғары оқу орындарындағы лауазымдарды білдіретін академиялық терминдер. Нәтижесінде жоғары оқу орындары академиялық терминологиясы лексика-семантикалық топтарға топтастырылды [168, 197].




Сурет 21 – Академиялық терминдердің лексика-семантикалық топтарға бөлінісі

Зерттеу барысында жинақталған академиялық терминдерді бес лексика-семантикалық топтарға бөлгендігіміз туралы жоғарыда айтылып өтті. Келесі кезекте әр лексика-семантикалық топқа кіретін академиялық терминдерді кесте түрінде (Кесте 12) ұсынамыз.

Кесте 12 – Академиялық терминдердің лексика-семантикалық топтастырылуы

| Лексика-семантикалық топ | Академиялық термин |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Оқу-ісі академиялық терминдері | Ағымдағы бақылау, академиялық адалдық, академиялық еркіндік, академиялық кредит, академиялық күнтізбе, академиялық сағат, академиялық транскрипт және т.б. |
| Ғылымға байланысты академиялық терминдер | Автореферат, ғылыми-әдіснамалық конференция, ғылыми-әдістемелік кеңес, ғылыми болжам, ғылыми дәреже, ғылыми еңбек, ғылыми журналдар, ғылыми зерттеулер, ғылыми-зерттеу әдістері және т.б. |
| Тәрбие жұмысына байланысты академиялық терминдер | Еңбек тәрбиесі, құқықтық тәрбие, моральдық тәрбие, тәрбие жұмысы, ізгілік тәрбиесі, тәрбие және т.б. |
| Халықаралық қатынастарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер | Академиялық ұтқырлық, коммюнике, конвенция, конгресс, қорытынды акт, ноу-хау, симпозиум, сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық және т.б. |
| Лауазымдарды білдіретін академиялық терминдер | Аға ғылыми қызметкер, академик, аспирант, ассистент, әдіскер, білім алушылар, ғылым докторы, ғылым кандидаты, студент, оқытушы, декан, проректор, ректор, және т.б. |

Зерттеу барысында жинақталған тілдік бірліктердің негізінде академиялық терминдердің 43% оқу-ісіне, 25% ғылымға, 11% тәрбие жұмысына, 6% халықаралық қатынастарға және 15% жоғары оқу орындарында қолданылатын лауазымдарға байланысты академиялық терминдердің пайыздық көрсеткіші анықталды.




Сурет 22 – Академиялық терминдердің лексика-семантикалық топтастырылуының пайыздық көрсеткіші

Терминдерді морфологиялық тұрғыдан, негізінен, бесReferences бөліп қарастыруға болады [139, 189]:

1. Атау тұлғалы, жеке сөзден тұратын термин (мысалы: блокада – ағ. *blockade* – қазақша – *ереуіл немесе қоршау*);

2. Сөз тіркесінен тұратын термин (мысалы: базовая память – ағ. *conventional memory* – қазақша – *базалық жад*);

3. Біріккен сөзден тұратын термин (мысалы: международный – ағ. *international* – қазақша – *халықаралық*);

4. Қос сөз тұлғасындағы термин (мысалы: масс-медиа – ағ. *mass-media* – қазақша – *масс-медиа немесе бұқаралық ақпарат құралдары* деп те қолданамыз);

5. Қысқарған сөз түріндегі термин (мысалы: ЮНЕСКО – ағ. *UNESCO* – қазақша – *ЮНЕСКО*).




Сурет 23 – Терминдердің морфологиялық бөлінуі

Зерттеу барысында жинақталған жоғары оқу орындарының академиялық терминдері компоненттік құрылымы жағынан бір компонентті (*студент, академия, бакалавр, магистрант, докторант, доктор, кредит*), екі компонентті (*академиялық күнтізбе, академиялық қарыз, академиялық ұтқырлық, ғылыми дәреже, ғылыми конференция*), үш компонентті (*аға ғылыми қызметкер, білім беру бағдарламасы, ғылыми-әдістемелік кеңес, профессорлық-оқытушылар құрамы, әдістемелік жұмыс қызметі*) және көп компонентті (*академиялық мәселелер жөніндегі департамент, оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі*) терминдер болып келетіні анықталды.




Сурет 24 – Академиялық терминдердің компоненттік пайыздық көрсеткіші

Жинақталған тілдік бірліктердің 45 пайызы бір компонентті академиялық терминдерді, 33 пайызы екі компонентті академиялық терминдерді, 14 пайызы үш компонентті академиялық терминдерді және 8 пайызы көп компонентті академиялық терминдерді құрады (Сурет 24).

Қазақ тіліндегі сөздіктерде мүлде кездеспеген, бірақ қазіргі таңда білім беру саласында қолданысқа ие терминдер мобильді қосымшада берілді.

Ол компоненттік құрылымы жағынан бір компонентті (*антиплагиат, деан, кампус, кантин, коуч, ментор, пострееквизит, пререквизит, транскрипт, проктор, силлабус, эдвайзер, супервайзер*), екі компонентті (*академиялық еркіндік, академиялық қарыз, академиялық ұтқырлық, кредиттік ұтқырлық, элективті пәндер*), үш компонентті (*бейіні бойынша доктор, бағдар беру аптасы, оқу пәніне жазылу, оқу пәнінің саясаты, ғылыми кеңес беруші, оқу пәніне тіркелу, оқу пәнінің коды*) және көп компонентті (*академиялық мәселелер жөніндегі департамент, оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі, оқу жетістіктерін сырттай бағалау, оқу үлгерімінің орташа балы, оқыту-тәрбиелеу үрдісінің бағдарламалық-әдістемелік қамтылуы*) терминдер болып келетіні анықталды.

## 3.2 Академиялық терминдердің жасалу жолдары

Берілген тараушада біз академиялық құжаттардағы терминдерді жасалу тәсілдеріне қарай топтастырдық.

Қазақ тіл білімінде қалыптасқан дәстүр, сонымен қатар ғалым Ә. Әміровтің бөлуі бойынша біз терминдердің жасалуының семантикалық тәсілін және сөзжасамдық тәсілін бөліп көрсетеміз. Оның ішінде түбір терминдерді олардың жалпы әдеби қолданыстағы мағынасынан терминге ауысуына немесе терминденуі барысында мағынаның тарылуы немесе кеңеюіне қатысты негізінен семантикалық терминдер ретінде қарастырсақ, сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған терминдерді туынды және күрделі деп, ал күрделі академиялық терминдерді біріккен терминдер, қысқарған терминдер және сөз тіркесінен жасалған терминдер деп қарастырамыз [176, 41].

**Семантикалық тәсіл арқылы жасалған академиялық терминдер**

Тілдің лексикалық құрамының, ондағы сөз мағыналарының өзгерісі – тілде үздіксіз жүріп тұратын құбылыс [177, 117]. Осылайша, жаңа сөздердің пайда болуына, сөздердің мағынасының тарылуына немесе кеңеюіне қоғамдағы үздіксіз орын алып жататын жаңалықтар негіз болады. Ал ол сөздердің көпшілігі қазақ тілінің сөздік құрамында бұрыннан бар сөздер арқылы жасалған.

Мәселен, «қарыз» сөзі бұрын «жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттің қайтарма негізде және белгілі бір мерзімге ақшалай қаражат алуы» деген мағынада қолданылып келген болатын [176]. Ал уақыт өте келе берілген сөздің мағынасы кеңейіп, терминдік мағынаға ие болды. Қазіргі терминдік мағынасы: *академиялық қарыз* – сессия тапсыра алмаған, яғни белгілі бір пәннен емтихан тапсыра алмаған білім алушының міндетті әрекеті, оның мақсаты – емтиханды қайта тапсыру.

*Борыш, бересі* мағынасында қолданылып келген «қарыз» сөзінің де мағынасы кеңейді, қазіргі уақытқа дейін экономикалық термин ретінде қолданыс тапқан болса, терминдік мәні: «қарыз – бір жақ (қарыз беруші) екінші жаққа (қарыз алушыға) меншіктік немесе оперативті басқаруды, ақшаны немесе түр түсті белгіленген заттарды табыстайтын, ал қарыз алушы сол тектес және сапасы сондай затты немесе ақшаны қайтаруға міндеттенетін шарт» [179, 100].

Ал академиялық термин ретіндегі қазіргі мағынасы: *академиялық қарыз* – оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктері бойынша оқылмаған пәндердің немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанғысыз бағасы бар пәндердің болуы. *Академиялық қарыз* студенттің белгілі бір семестрде игеру керек кредит санының игерілмеуі. Яғни мағынасы кеңейіп, осы академиялық терминологияда өзіндік мағынамен терминдік қабілетін аша түседі.

Адамгершілік қасиет, намыс, ұят мағынасында жұмсалып келген «ар» сөзінің де мағынасы кеңейе келе *студенттің ар-намыс кодексі* деген термин қолданысқа түсті. Термин ретінде *студенттің ар-намыс кодексі* – Студент Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, таңдаған мамандығының шебері болуға, өз бойында шығармашылық тұлғаның жақсы қасиеттерін дамытуға

ұмтылады; Студент өзінен үлкендерге құрметпен қарайды, өзін қоршаған адамдарға дөрекілік көрсетпейді, мүмкіндігінше әлеуметтік қорғалмаған адамдарға қамқорлық көрсетеді; Студент – әдептіліктің, мәдениеттің және адамгершіліктің үлгісі, өнегесіздікке қарсы, дініне, ұлтына және жынысына байланысты кемсітушілікке жол бермейді; Студент салауатты өмір салтын ұстанады және зиянды әрекеттерден толықтай бас тартады; Студент ЖОО-ның дәстүрлерін құрметтейді, институт мүлкін, Студенттер үйіндегі тазалық пен тәртіпті сақтайды; Студент ЖОО-ның беделі мен корпоративтік мәдениетін жоғарлатуға, шығармашылық белсенділікті дамытуға бағытталған барлық пайдалы қызметті (оқу-ғылыми, спорттық, шығармашылық және т.б.) қажет деп таниды; Институт қабырғасынан тыс уақытта Студент жоғары мектеп өкілі екенін естен шығармайды және оның беделі мен абыройын барынша сақтауға күш салады; Студент академиялық келеңсіздіктің барлық түрлерімен күресуді өз міндеті деп санайды, оған жататындар: білімді бақылау үрдісінде көшіру немесе басқа адамдардан көмек сұрау, өз еңбегінің нәтижесі деп барлық көлемде дайын оқу материалдарын (оның ішінде Интернет ресурстарын қосқанда), тапсыру (рефераттар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа жұмыстар), – дәлелді себепсіз оқудан қалу, кешігу, жоғары баға алу мақсатымен туыстық және қызметтік қатынастарды пайдалану; Студент жоғарыда аталған академиялық келеңсіздіктердің барлығын Қазақстанның саяси, экономикалық болашағын жарқын ету жолындағы, сапалы және бәсекеге қабілетті білім алу жолындағы үйлесімсіздік деп қарастырады.

«Ғылым» сөзінің де мағынасы кеңейіп, тіркесімділік қабілеті арта түсті: *ғылыми атақ, ғылым докторы, ғылым кандидаты, ғылыми дәреже, ғылыми болжам, ғылыми жетекші, ғылыми еңбек, ғылыми журнал, ғылыми мақала, ғылыми зерттеулер, ғылыми конференция, ғылыми журнал* және т.б.

Семантикалық тәсіл арқылы қалыптасқан академиялық терминдер осы айтылғандармен шектелмейді. Қалыптасқан академиялық терминдерге шолу терминдердің жасалу тәсілдерінің ішінде семантикалық тәсілдің де өзіндік орны бар екендігін көрсетеді. Бұл тәсілден басқа академиялық терминдерді қалыптастырудың синтетикалық және аналитикалық тәсілдері бар екенін ескеретін болсақ, аталмыш тәсілдің қазақ тілінің сөздік қорындағы негізгі төл немесе оған сіңісіп кеткен басқа тілдік элементтерге қатысты түбір терминдер екендігін айтамыз.

**Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған академиялық терминдер**

Қазақ тілі тіл білімінде жалғамалы тілге жатқызылатыны мәлім. Сондықтан да қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде қосымшалардың, оның ішінде жұрнақтардың жаңа сөз тудырудағы рөлінің ерекше екендігін атап өткеніміз жөн.

Болон үдерісі жүргелі терминдер ерекше қарқынмен қалыптасуда. Қазақ тілінде терминжасауда басқа да тәсілдер сияқты қосымшалар арқылы терминжасау тәсілінің де өзіндік алар орны бар. Қазақ тіліне қосымшалар арқылы көптеген терминдердің (*апталық, біліктілік, құзыреттілік, дәрісхана,*

*зерттеуші, оқытушы, жетекші, кеңесші* және т.б.) қалыптасып, қолданысқа енуі осының дәлелі.

Бұл өз кезегінде қосымшалардың ұлт тілінде терминжасаудағы белсенділік деңгейінің бірдей дәрежеде емес екенін көрсетеді. Себебі қоғамның дамуы, қоғамдағы болып жатқан түрлі оқиғалар мен өзгерістер, басқа да үдерістердің орын алуы, қосымшалардың да атқаратын қызметіне өз әсерін тигізетіні анық. Мысалы, қазақ тілінде термин жасауда бір кездері белсенділігі төмен деп есептеліп келген біршама жұрнақтардың қазіргі уақытта белсенділігі артқандығы байқалса, керісінше бұрын белсенділік танытып келген қосымшалар жаңа сөз жасауда өнімсіздік танытып отыр, ал кейбір қосымшалардың термин жасаудағы белсенділігі әрқашанда бір деңгейде екенін байқаймыз.

Сондықтан біз академиялық терминдердің қосымша жалғану арқылы жасалуы жайлы сөз қозғағанда, оларды терминжасам деңгейіне қарай өнімді және өнімсіз түрлері деп бөліп қарастырамыз.

**Өнімді жұрнақ**. Соңғы жылдары пайда болып, қолданысқа ене бастаған академиялық терминдер мен сөздерді тудыруда белсенділік танытып жүрген жұрнақтардың бірі -шы/-ші.

-шы, -ші жұрнағы бұрыннан да сөз тудырушы жұрнақтар қатарында. Оған осы жұрнақтан жасалған (*оқытушы, білім алушы, хатшы, жетекші, кезекші, кеңесші, зерттеуші, ізденуші* және т.б.) көптеген сөздер (академиялық терминдер) дәлел бола алады. Бұл жұрнақтың жаңа сөз тудырудағы өнімділігі қазіргі кезде де сақталуда.

-шы/-ші жұрнағы арқылы: *хатшы (секретарь), жетекші (руководитель), оқытушы (преподаватель), тіркеуші (регистратор), үйренуші (обучающийся), үйретуші (обучающий), бітіруші кафедра (выпускаящая кафедра), кезекші (дежурный), зерттеуші (исследователь)* және т.б. сияқты терминдер қолданылған.

Жаңа сөз тудыруда *-лық/-лік* жұрнағының қызметі төмендегідей.

-лық/-лік жұрнағымен жасалған *белсенділік, ұтқырлық, біліктілік, құзыреттілік, лекциялық, кураторлық, эдвайзерлік, инновациялық, докторлық, магистрлік, тьюторлық, кафедралық, прокторлық, оқытушылық* және т.б. терминдер кездеседі.

Термин жасауда -у жұрнағының қызметі орасан зор.

Ғалым Ш. Құрманбайұлының айтуынша терминология саласында қимыл атау формасымен келетін терминдердің молынан ұшырауының себебі – ең алдымен қимыл әрекетті білдіру үшін етістіктің қажеттілігінен болса, екіншіден терминдердің ұғым атауы ретінде зат есімге тән формада көрінуді қажет етуінен [25] деп білеміз. Қимыл атауының бойында осы екі қажеттілікті де өтейтін қасиеттер бар.

-у жұрнағы арқылы *бақылау, ағымдағы бақылау, аралық бақылау, модульдік оқыту, қорытынды бақылау, пайымдау, оқыту, бейіндік оқыту, бағалау, зерттеу, болжау* және т.б. толып жатқан сөз тіркесі түріндегі академиялық терминдер қолданысқа түсті.

**Сөздердің бірігуі арқылы жасалған академиялық терминдер**

Қазақ тілінде академиялық терминдердің жасалу тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі арқылы жасалған академиялық терминдер. Бір сөзбен екінші сөзді біріктіру арқылы академиялық термин жасау қазақ тілінде жаңадан қолданылып жүрген тәсіл деп айту қиын. Мысалы, аталмыш тәсіл арқылы жасалған академиялық терминдер келесідей: *гипермәтін, дәйексөз, гипермедиа, күнтізбе, қолтаңба, қолхат, түпнұсқа, іссапар, шәкіртақы, қаламақы, төлемақы* және т.б.

**Сөз тіркесі арқылы жасалған академиялық терминдер**

Аналитикалық тәсілмен академиялық термин жасаудың тағы бір тәсілі сөздердің тіркесуі арқылы жүзеге асады, яғни бір сөзбен екінші сөзді тіркестіре отырып атау жасау сөзжасамның өнімді тәсілдерінің бір болып саналады.

Тіркесті терминдер зат немесе құбылыстың атауы ретінде атауыштық қызмет атқарады. Өйткені дара мағыналы болып, таза номинативті қызмет атқару – терминге тән қасиет [178, 13]. Олар атауыштық мағынада қолданылуының нәтижесінде тұрақтылық қасиетке ие болып, көпшілігінің құрамындағы сыңарлары бір-бірімен біріге келе, бөлуге келмейтін бір бүтін тілдік бірлік ретінде жеке атауға айналады.

Сөз тіркесі арқылы жасалған терминдер академиялық терминдер арасында ең көп жасалған терминдер тізбегін құрайды. Мысалы: *академиялық адалдық, академиялық ұтқырлық, академиялық демалыс, академиялық еркіндік, академиялық қарыз, академиялық үзіліс, аралық бақылау, әдіскерлік кеңес, әдістемелік бөлім, докторлық жұмыс, магистрлік жұмыс, кредиттік ұтқырлық, студенттік көктем* және т.б.

## 3.3 Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің қолданысқа бейімделу ерекшеліктері

Қазақстан жоғары оқу орындарының академиялық терминологиясы Болон үдерісі әсерінен көптеген өзгеріске ұшырағандығы жайлы жоғарыда айтып өттік. Тілімізге енген академиялық терминдердің бейімделу жолдары әртүрлі.

Академиялық аударма – бұл міндетті эстетикалық компонентті (көбінесе тек интуитивті, иррационалды түрде түсінетін) және түпнұсқада жасырын түрде болатын, бірақ адекватты қабылдауға барынша ұмтылу үшін қажетті рационалды компонентті біріктіретін осы сөздің жоғары және қатаң мағынасындағы филологиялық аударма [169, 126].

Терминолог ғалым Б. Қалиұлының «Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?», «Жат сөздер жағадан ала бермесін», «Халің қалай, қазақ орфографиясы», «Үндестік заңы ұлы заң», «Термин жасам туралы кейбір ойлар», «Термин тағдыры да ойыншық емес» атты тақырыптарға жазылған көптеген мақалалары бар. Ғалым аты аталған мақалаларында негізінен шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне сол күйінде өзгеріссіз ала салуға болмайтыны, дыбыстық

жағынан қазақ тілінің заңдылығына сай өзгеріске түскен қалпында алу керектігіне назар аударады.

Терминдердің құрылымындағы әрбір дыбыстың қазақша дыбысталуы, яғни жат дыбыстардың әліпби құрамынан шығарылып тасталуы, сонымен қатар, сөз ішінде екі немесе одан да көп дауыссыз дыбыстардың қатар тұрмауы (дауысты дыбыстар да солай), сондай-ақ, қазақша айтылған орысша сөздердің ішіндегі дыбыстардың сингармонизм заңы бойынша бір-бірімен үндесіп, үйлесіп келуі, және т.б. мәселелерді автор өз еңбектерінде қарастырады.

Осы ережені басшылыққа алып, академиялық терминдер мысалында көрсек: *холл, мониторинг, прокторинг, оффлайн, силлабус, мидтерм, тьютор* деген сияқты академиялық терминдерді тіліміздің дыбысталу заңдылығына сай өзгертіп алсақ, онда олар: *хол, мониториң, прокториң, офлайн, силабус, мидтем, түтор* болып дыбысталуы тиіс. Десе де қазіргі таңда осы айтылған терминнің барлығы болмаса да бірді екілі қазақ тілінің үндестік заңына бейімделіп қолданылып жүр деп айта аламыз. Мысалы: *оффлайн – офлайн* болып жазылу керек болса, термин осы қалпында Қазақ тілінің ұлттық корпусында 78 мысалында осылай беріледі. Мыс., *Бұл интернеті бар мектептерде онлайн, қалғандарында офлайн істейді. Мониторинг –мониториң.* Сонымен қатар қазақ тілі қазір түрлі салаларда кең қолданыста жүргендіктен, мемлекеттік тілдің коммуникативтік қуатына *мониториң* жүргізетін, мүмкіндіктерін сараптап, тәуекелдерді болжайтын социолингвистикалық ғылыми-сараптамалық зерттеулер жүйелі сипат алса деген ұсыныс жасағым келеді.

Ал дыбысталуы жағынан да, дыбыстық тіркесімі жағынан да қазақ тілінің заңдылығына қайшы келмейтін халықаралық терминдер болса оларды осы күйінде қабылдай берсек болады.

Кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне **аударылу** арқылы (*academic calendar – академиялық күнтізбе, academic mobility – академиялық ұтқырлық, academic backlog – академиялық қарыз*), **ағылшын тілінен қазақ тіліне аудармасыз** (*advisor – эдвайзер, credit – кредит, tutor – тьютор, mentor – ментор, transcript – транскрипт, descriptor – дескриптор, postrequisite – постреквизит, prerequisite – пререквизит, webinar – вебинар*) және **гибрид терминдер** (*курстан курсқа өту GPA балы, «AU» (Audit) бағасы, «I» (Incomplete) бағасы, CALS технологиялар, ID карта*) ретінде қалыптасып, бейімделуде.




Сурет 25 – Академиялық терминдердің бейімделу жолдары

Білім дискурсындағы қазіргі академиялық терминдердің бейімделуін анықтау мақсатында 2017 жылы пилоттық сауалнама жүргізілді. Пилоттық сауалнама көмегімен негізгі зерттеуге алынатын академиялық терминдер мен респонденттер саны анықталды. Сонымен қатар, зерттеудің нәтижесіне қол жеткізу мақсатында 2018, 2019, 2020 жылдар аралығында сауалнама жүргізу жалғастырылды.

Сауалнамаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің «Лингвистика» және «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандықтарының, Философ Константин университеті және Вена экономика және бизнес университетінің студенттері, магистранттары және докторанттары қатысты. Респонденттердің жас ерекшеліктері 17-55 жас аралығын құрады. Сауалнамаға 12 респонденттен қатыса отырып, олардың 6 тікелей сауалнамаға, 6 онлайн сауалнамаға жауап берді. Жалпы есеппен 80 респондент қатысып, 760 жауап алынды.

Сауалнаманың мақсаты академиялық терминдердің қолданылу жиілігін және бейімделу ерекшеліктерін, яғни екпінге байланысты және дыбысталуына байланысты ерекшеліктерін анықтау. Сауалнама барысында жалпы саны 34 академиялық термин қолданылды. Сауалнама нәтижесінде барлық респонденттердің жауаптары (тікелей және онлайн) талданып, қазіргі академиялық терминдердің қолданылу жиілігі анықталды. Сауалнама нәтижесі (Сурет 26) берілді.

Ғалым Ш. Құрманбайұлының айтуынша, терминдерді қазақ тілінің өз лексикалық қорынан алып, мағынасына қарай терминдік жүк артып пайдалануға немесе өзге халықтардың тілдерінен дайын қалпында қабылдап қолдануға болады. Тілімізге енген терминнің бір бөлігі зерттеу нәтижесі көрсеткендей Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген. Жалпы қазақ терминологиясының қалыптасуы үздіксіз үдеріс, терминдердің пайда болуын жан-жақты талқылау, академиялық терминдердің қазақ тіліне енуін, оның қалай бейімделуін қарау заңдылық.

Терминнің фонетикалық бейімделу ерекшеліктері PRAAT инструменталды бағдарламасы негізінде қарастырылды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей: негізінен, ағылшын тілінен енген терминнің дыбыстық құрамы, буын саны мен құрылымы, буындардың жігі айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды. Мұндай өзгерістер мүлде кездеспейді деп те айта алмаймыз, себебі сөздің орыс тілінде жазылуы мен қазақ тілінде айтылуы арасында үлкенді-кішілі фонетикалық айырмашылықтар кездесіп отырады.

Эксперимент нәтижесі бойынша екпін және дыбысталуына байланысты кездескен өзгерістер мен олардың бейімделу ерекшеліктерінің пайыздық (Сурет 27) көрсеткіштеріне қол жеткізілді.




Сурет 26 – Академиялық терминдердің қолданылу жиілігі




Сурет 27 – Академиялық терминдердің бейімделу ерекшеліктері

Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдерге респонденттер екпінді әртүрлі буындарға түсірген. Мысалы, *силлабус (syllabus)* терминіне екпін бірінші, екінші және үшінші буынға түсірілгені байқалды. Сонымен қатар, *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің дыбысталуы және жазылуы әртүрлі болды. *Мониторинг* терминіне екпін үшінші және төртінші буынға түсірілгені байқалды және жазылуы да әртүрлі болды.

Сондықтан, Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің фонетикалық құрылысы, академиялық терминдердің құрамындағы дыбыс, буын түрлері, екпін және артикуляция-акустикалық сипаты қарастырылды.

Зерттеудің мақсаты Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің қазақ тіліндегі айтылым үлгілерінің фонетикалық сипаттамасын талдап, олардың қазақ тілінің академиялық терминология қорына ену жолдарын анықтау болып табылады. Осы мақсатқа жету жолында келесі мәселелер қарастырылады:

- Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің артикуляция-акустикалық сипаттамасын беру;
- Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің құрамындағы дыбыс, буын сегменттерінің естілім сипаттамасын беру, аталмыш академиялық терминдердің қазақ тілінің академиялық терминология қорына ену жолдарын (бейімделу) анықтау.

Зерттеу материалы ретінде қазақ тілі өкілдерінің Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің бейімделуін анықтайтын эксперименталды зерттеудің нәтижесінде «*жиі*» қолданысқа ие деп танылған академиялық терминдер алынды. Зерттеу жұмысымызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде Болон үдерісінен кейін белсенді қолданыста жүрген академиялық терминдер алынды.

Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдерді оқу үшін 17-55 жас аралығындағы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті қазақ тобында білім алатын екі студент, екі магистрант, екі докторант таңдалды. Зерттеліп отырған академиялық терминдер екі нұсқада жазып алынды: жазбаша түрде және ауызша түрде. Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің қазақ тілінде айтылуына олардың жазбаша нұсқасы үлгі болады.

Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық терминдердің ауызша және жазбаша нұсқаларын фонетикалық тұрғыдан талдау барысында PRAAT (computer software) компьютерлік бағдарламасы қолданылды. Зерттеліп отырған академиялық терминдер түбір күйінде, атау септігінде, жекеше түрде берілген.

Фонетикалық талдауға түсетін академиялық терминдер: *силлабус (syllabus), мониторинг (monitoring)* және *мидтерм (midterm)*.

Бірінші мысал Болон үдерісі әсерінен қазақ тіліне ағылшын тілінен аудармасыз енген академиялық термин «*силлабус (syllabus)»*.




Сурет 28 – С1: *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суреті

Ең бірінші суреттегі бейнеленген толқын таңба *силлабус* академиялық терминнің осциллограммасы. Бұл бейнеде дауысты дыбыстардың қарқыны, күші, дауыссыз дыбыстар көрсетілген. Екінші бейне тоналдылықты (тональность) көрсетеді, ал ортадағы сызық буындарды бейнелейді. Үшінші сурет қарқындылықты (интенсивность) көрсетеді.

Таңдалып отырған академиялық терминдердің ішінде *силлабус* сөзін 6 білім алушы, яғни 2 студент, 2 магистрант және 2 докторанттың дыбыстау үлгілеріне талдау жасалынды. Бірінші студенттің (С1) сөйлеуіндегі *силлабус* сөзінің акустикалық суретіне сүйенсек, сөздің 3 буыннан тұратынын байқаймыз. Алайда С1 бұл сөзді латын тіліндегі дыбысталу ерекшелігіне өзгеріс енгізбей дыбыстағаны көрінеді, яғни екпін қазақ тілінің ережесіне сай келмей, сөздің бірінші буынына түсіп отыр. Сонымен қатар, соңғы -*бус* буыны [bəs] болып дыбысталады, қазақ тілінде *у* дыбысы ешқашан *ә* болып дыбысталмайтынын

ескерсек, бұл қазақ тіліне жат сөз екені көрініп-ақ тұрады. С1 дыбысталуында бірінші *си*- буынының созылмалығы 328 мс, *ла*- буыны 167 мс, ал *бус* буыны 425 мс құрайды. Екпінді бірінші буынға түсіргенімен студенттің дыбыстауында үшінші буынға ұзағырақ уақыттың кеткені көрінеді, бұл буынның құрамында 3 дыбыстың болуымен түсіндіріледі.

Талдаудағы сөздің қарқындылығын қарастыратын болсақ, бірінші буындағы *и* дыбысының қарқындылығы 68 дБ, екінші буындағы *а* дыбысы 78 дБ, үшінші *ә* дыбысы 74 дБ.

Негізгі тон қозғалысының көрсеткіштері төмендегідей сипатқа ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 266 Гц, екінші буындағы *а* дауысты дыбысының жиілігі 265 Гц, ал үшінші *ә* дыбысының жиілігі – 218 Гц.

Дыбысталу бір сарынмен айтылып тұрғанын жиіліктердегі көрсеткіштерден көруге болады.

Екінші студенттің айтуындағы *силлабус* терминінің дыбыстық сипаттамасын талдайық.




Сурет 29 – С2: *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші студенттің (С2) сөйлеуіндегі мысалдың акустикалық суреті. Студенттің айтуындағы нұсқада *силлабус* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 775 мс, оның ішінде бірінші *си-* буыны 243 мс, екінші *ла-* буыны 169 мс, ал үшінші *бус* буыны 363 мс құрады. Екінші және үшінші буынның созылмалылығында үлкен айырмашылық бар.

Зерттеу аясындағы *силлабус* терминінің қарқындылығына келер болсақ, алғашқы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 63 дБ, екінші буындағы *а* дауысты дыбысының қарқындылығы 80 дБ, ал үшінші буындағы *у* дауысты дыбысының қарқындылығы 74 дБ.

Негізгі тон қозғалысының көрсеткіштері төмендегідей: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 212 Гц, екінші буындағы *а* дауысты дыбысы 229 Гц және үшінші буындағы *у* дауысты дыбысы 208 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші студенттің айтуындағы *силлабус* терминінің қарқындылығы екінші буында, яғни *ла-* буынында басым екенін байқаймыз, сәйкесінше екінші студенттің айтуында екпіннің екінші буынға түсірілгендігін байқаймыз.

Тон қозғалысына байланысты буындардағы дауысты дыбыстардың шулы жиіліктерінде айырмашылық үлкен емес, дегенмен екінші буындағы *а* дауысты дыбысында жиілік басым екендігін байқаймыз.




Сурет 30 – М1: *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші магистранттың (М1) сөйлеуіндегі *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суретін талдайық. Бірінші магистранттың айтуындағы нұсқада

*силлабус* терминінің жалпы созылмалығы 796 мс, оның ішінде бірінші *си-* буыны 188 мс, екінші *ла-* буыны 277 мс, ал үшінші *бус* буыны 331 мс. Үш буынның ішінде соңғы буынның созылыңқы айтылғаны байқалады.

Зерттеу аясындағы *силлабус* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 63 дБ, екінші буындағы *а* дауысты дыбысының қарқындылығы 77 дБ, ал үшінші буындағы *у* дауысты дыбысының қарқындылығы 55 дБ. Бірінші магистранттың айтуында да екінші буындағы *а* дауысты дыбысының қарқындылығы жоғары.

Тон қозғалысының көрсеткіштеріне келер болсақ, бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 98 Гц, екінші буындағы *а* дауысты дыбысы 104 Гц және үшінші буындағы *у* дауысты дыбысы 105 Гц шулы жиілікке ие. Келесі екінші магистранттың (М2) айтуындағы *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суретін талдайық.




Сурет 31 – М2: *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші магистранттың (М2) айтуындағы нұсқада *силлабус* терминінің жалпы созылмалығы 1008 мс, оның ішінде бірінші *си-* буыны 331 мс, екінші *ла-*

буыны 244 мс, ал үшінші *бус* буыны 433 мс. Үш буынның ішінде соңғы буынның созылыңқы айтылғаны байқалады.

Зерттеу аясындағы *силлабус* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 68 дБ, екінші буындағы *а* дауысты дыбысының қарқындылығы 76 дБ, ал үшінші буындағы *у* дауысты дыбысының қарқындылығы 59 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 99 Гц, екінші буындағы *а* дауысты дыбысы 110 Гц және үшінші буындағы *у* дауысты дыбысы 104 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші магистранттың айтуындағы нұсқада екпін үшінші, яғни соңғы *бус* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген.

Енді бірінші докторанттың (Д1) айтуындағы *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суретін талдайық.




Сурет 32 – Д1: *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші докторанттың (Д1) айтуындағы нұсқада *силлабус* терминінің жалпы созылмалығы 733 мс, оның ішінде бірінші *си-* буыны 178 мс, екінші *ла-* буыны

250 мс, ал үшінші *бус* буыны 305 мс. Бірінші докторанттың айтуындағы нұсқада да үш буынның ішінде соңғы буынның созылыңқы айтылғаны байқалады.

*Силлабус* академиялық терминінің қарқындылығы, бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 63 дБ, екінші буындағы *а* дауысты дыбысының қарқындылығы 71 дБ, ал үшінші буындағы *у* дауысты дыбысының қарқындылығы 58 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 122 Гц, екінші буындағы *а* дауысты дыбысы 104 Гц және үшінші буындағы *у* дауысты дыбысы 96 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші докторанттың айтуындағы нұсқада екпін екінші, яғни *ла-* буынына түсірілгені байқалады.

Енді алтыншы білім алушы, яғни екінші докторанттың (Д2) айтуындағы *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суретін талдаймыз.




Сурет 33 – Д2: *силлабус* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші докторанттың (Д2) айтуындағы нұсқада *силлабус* терминінің жалпы созылмалығы 1133 мс, оның ішінде бірінші *си-* буыны 334 мс, екінші *ла-* буыны

373 мс, ал үшінші *бус* буыны 426 мс. Екінші докторанттың айтуындағы нұсқада да үш буынның ішінде соңғы буынның созылыңқы айтылғаны байқалады.

*Силлабус* академиялық терминінің қарқындылығы, бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 82 дБ, екінші буындағы *а* дауысты дыбысының қарқындылығы 87 дБ, ал үшінші буындағы *у* дауысты дыбысының қарқындылығы 68 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 222 Гц, екінші буындағы *а* дауысты дыбысы 283 Гц және үшінші буындағы *у* дауысты дыбысы 187 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші докторанттың айтуындағы нұсқада екпін екінші, яғни *ла-* буынына түсірілгені байқалады.

Зерттеу нәтижесі берілген академиялық терминнің қазақ тіліне бейімделуі үдерісінде орыс тілінің әсерінің басымдығын көрсетеді, өйткені қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түсетіні мәлім. Бұл орайда *силлабус* терминінің *ла-* буынына екпін түсуі, орыс тілінің әсерінің басымдығымен түсіндіріледі.

Келесі зерттеліп отырған академиялық термин – *мидтерм (midterm).*




Сурет 34 – С1: *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші студенттің (С1) айтуындағы нұсқада екі буыннан тұратын *мидтерм* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 737 мс, оның ішінде бірінші *мид-* буыны 326 мс, екінші *тёрм* буыны 411 мс құрады. Бұл нұсқада бірінші буынға

қарағанда екінші буынның созылыңқы айтылғаны байқалады және екінші буынның *тёрм* деп айтылғандығын атап өтеміз.

Зерттеу аясындағы *мидтерм* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 70 дБ, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысының қарқындылығы 76 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 105 Гц, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысы 112 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші студенттің айтуындағы нұсқада екпін соңғы *тёрм* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген.




Сурет 35 – С2: *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші студенттің (С2) айтуындағы нұсқада екі буыннан тұратын *мидтерм* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 610 мс, оның ішінде бірінші *мид*-буыны 249 мс, екінші *тө(р)м* буыны 361 мс құрады. Бұл нұсқада да бірінші

буынға қарағанда екінші буынның созылыңқы айтылғаны байқалады және екінші буынның *төм* деп айтылғандығын атап өтеміз.

Зерттеу аясындағы *мидтерм* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 67 дБ, екінші буындағы *ө* дауысты дыбысының қарқындылығы 72 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 151 Гц, екінші буындағы *ө* дауысты дыбысы 114 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші студенттің айтуындағы нұсқада да екпін соңғы *тө(р)м* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген. Сонымен қатар берілген нұсқада *р* дауыссыз дыбысы анық айтылмайды.




Сурет 36 – М1: *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші магистранттың (М1) айтуындағы нұсқада екі буыннан тұратын *мидтерм* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 481 мс, оның ішінде бірінші *мид-* буыны 118 мс, екінші *тёрм* буыны 363 мс. Берілген нұсқада бірінші

буынға қарағанда екінші буынның созылыңқы айтылғаны байқалады және екінші буынның *тё(р)м* деп айтылғандығын атап өтеміз, яғни дауыссыз *р* дыбысы анық байқалмайды.

*Мидтерм* академиялық терминінің қарқындылығына келер болсақ, бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 67 дБ, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысының қарқындылығы 68 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 161 Гц, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысы 118 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші магистранттың айтуындағы нұсқада екпін соңғы *тё(р)м* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген.




Сурет 37 – М2: *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші магистранттың (М2) айтуындағы нұсқада *мидтерм* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 663 мс, оның ішінде бірінші *мид-* буыны 310

мс, екінші *төрм* буыны 353 мс. Берілген нұсқада екі буынның созылмалығында үлкен айырмашылық байқалмайды.

*Мидтерм* академиялық терминінің қарқындылығына келер болсақ, бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 77 дБ, екінші буындағы *ө* дауысты дыбысының қарқындылығы 82 дБ, яғни екінші буынның қарқындылығы бірінші буынға қарағанда басым болып тұр.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 189 Гц, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысы 180 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші магистранттың айтуындағы нұсқада екпін соңғы *төрм* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген.




Сурет 38 – Д1: *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің акустикалық суреті

Келесі *мидтерм* академиялық терминін бірінші докторанттың айтуында талдаймыз.

Бірінші докторанттың (Д1) айтуындағы нұсқада *мидтерм* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 910 мс, оның ішінде бірінші *мид*- буыны 433 мс, екінші *төрм* буыны 477 мс. Берілген нұсқада екі буынның созылмалығында үлкен айырмашылық байқалмайды.

*Мидтерм* академиялық терминінің қарқындылығы келесі көрсеткіштерге ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 71 дБ, екінші буындағы *ө* дауысты дыбысының қарқындылығы 74 дБ, яғни екінші буынның қарқындылығы бірінші буынға қарағанда басым болып тұр.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 175 Гц, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысы 136 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші докторанттың айтуындағы нұсқада да екпін соңғы *төрм* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген.




Сурет 39 – Д2: *мидтерм (midterm)* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші докторанттың (Д2) айтуындағы нұсқада *мидтерм* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 992 мс, оның ішінде бірінші *мид*- буыны 445

мс, екінші *тёрм* буыны 547 мс. Берілген нұсқада бірінші буынға қарағанда екінші буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

*Мидтерм* академиялық терминінің қарқындылығы келесі көрсеткіштерге ие: бірінші буындағы *и* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 86 дБ, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысының қарқындылығы 76 дБ құрады.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *и* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 224 Гц, екінші буындағы *ё* дауысты дыбысы 240 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші докторанттың айтуындағы нұсқада да екпін соңғы *тёрм* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген.

Келесі зерттеліп отырған академиялық термин – *мониторинг.*




Сурет 40 – С1: *мониторинг* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші студенттің (С1) айтуындағы нұсқада төрт буыннан тұратын *мониторинг* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 1158 мс, оның ішінде бірінші *ма-* буыны 338 мс, екінші *ни-* буыны 177 мс, үшінші *то-* буыны 138 мс және төртінші *ринг* буыны 505 мс құрады. Бұл нұсқада төртінші, яғни соңғы буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

Зерттеліп отырған *мониторинг* академиялық терминінің қарқындылығы келесідей: бірінші буындағы *а* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 82 дБ, екінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 66 дБ, үшінші

буындағы *о* дауысты дыбысының қарқындылығы 81 дБ және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 83 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері: бірінші буындағы *а* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 215 Гц, екінші буындағы *и* дауысты дыбысы 220 Гц, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысы 218 Гц және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысы 287 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші студенттің айтуындағы нұсқада екпін үшінші *то-* буынына түсірілгені байқалады. Сонымен қатар, *мониторинг* академиялық термині *маниторинг* болып айтылған, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысы *а* болып және төртінші буындағы *нг* дауыссыз дыбыстары анық айтылғандығы анықталды.




Сурет 42 – С2: *мониторинг* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші студенттің (С2) айтуындағы нұсқада төрт буыннан тұратын *мониторинг* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 845 мс, оның ішінде бірінші *ма-* буыны 211 мс, екінші *ни-* буыны 168 мс, үшінші *то-* буыны 172 мс және төртінші *риң* буыны 294 мс құрады. Бұл нұсқада төртінші, яғни соңғы буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *а* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 79 дБ, екінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 60 дБ, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысының қарқындылығы 80 дБ және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 81 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *а* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 204 Гц, екінші буындағы *и* дауысты дыбысы 207 Гц, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысы 199 Гц және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысы 257 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші студенттің айтуындағы нұсқада екпін төртінші *риң* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілген. Сонымен қатар, *мониторинг* академиялық термині *маниториң* болып айтылған, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысы *а* болып және соңғы буындағы *ң* дауыссыз дыбысы анық айтылғандығы анықталды.

Келесі *мониторинг* академиялық терминін бірінші магистранттың айтуында талдаймыз.




Сурет 43 – М1: *мониторинг* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші магистранттың (М1) айтуындағы нұсқада төрт буыннан тұратын *мониторинг* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 923 мс, оның ішінде бірінші *мо-* буыны 129 мс, екінші *ни-* буыны 111 мс, үшінші *то-* буыны 286 мс

және төртінші *риң* буыны 397 мс құрады. Бұл нұсқада төртінші буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *о* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 80 дБ, екінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 68 дБ, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысының қарқындылығы 81 дБ және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 86 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 233 Гц, екінші буындағы *и* дауысты дыбысы 220 Гц, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысы 177 Гц және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысы 351 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші магистранттың айтуындағы нұсқада екпін үшінші *то-* буынына түсірілгені байқалады. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталмаған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілмеген. Алайда, *мониторинг* академиялық термині *мониторiң* болып айтылған, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысы *о* болып дыбысталған және соңғы *ринг* буыны *ң* болып айтылғандығы байқалады.




Сурет 44 – М2: *мониторинг* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші магистранттың (М2) айтуындағы нұсқада төрт буыннан тұратын *мониторинг* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 734 мс, оның ішінде бірінші *мо-* буыны 130 мс, екінші *ни-* буыны 127 мс, үшінші *то-* буыны 179 мс және төртінші *ринг* буыны 298 мс құрады. Бұл нұсқада да төртінші буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминінің қарқындылығы келесідей: бірінші буындағы *о* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 79 дБ, екінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 78 дБ, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысының қарқындылығы 78 дБ және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 77 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 211 Гц, екінші буындағы *и* дауысты дыбысы 212 Гц, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысы 222 Гц және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысы 228 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші магистранттың айтуындағы нұсқада екпін үшінші *то-* буынына түсірілген және *мониторинг* болып айтылғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминін бірінші докторанттың айтуында талдаймыз.




Сурет 45 – Д1: *мониторинг* академиялық терминінің акустикалық суреті

Бірінші докторанттың (Д1) айтуындағы нұсқада төрт буыннан тұратын *мониторинг* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 844 мс, оның ішінде бірінші *мо-* буыны 151 мс, екінші *ни-* буыны 123 мс, үшінші *то-* буыны 198 мс және төртінші *риң* буыны 372 мс құрады. Берілген нұсқада соңғы буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *о* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 80 дБ, екінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 63 дБ, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысының қарқындылығы 81 дБ және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 82 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 212 Гц, екінші буындағы *и* дауысты дыбысы 211 Гц, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысы 195 Гц және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысы 276 Гц шулы жиілікке ие.

Бірінші докторанттың айтуындағы нұсқада екпін төртінші *риң* буынына түсірілген. Берілген нұсқада қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілгені байқалады. *Мониторинг* академиялық терминінің бірінші буынындағы *о* дауысты дыбысы *о* болып айтылған және соңғы буын *ң* дауыссыз дыбысымен аяқталғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминін екінші докторанттың айтуында талдаймыз.




Сурет 46 – Д2: *мониторинг* академиялық терминінің акустикалық суреті

Екінші докторанттың (Д2) айтуындағы нұсқада төрт буыннан тұратын *мониторинг* академиялық терминінің жалпы созылмалығы 807 мс, оның ішінде бірінші *мо*- буыны 122 мс, екінші *ни*- буыны 154 мс, үшінші *то*- буыны 171 мс және төртінші *риң* буыны 360 мс құрады. Берілген нұсқада соңғы буынның созылыңқы айтылғандығы байқалады.

Зерттеу аясындағы *мониторинг* академиялық терминінің қарқындылығы келесі сипатқа ие: бірінші буындағы *о* дауысты дыбысының айтылу қарқындылығы 79 дБ, екінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 79 дБ, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысының қарқындылығы 81 дБ және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысының қарқындылығы 81 дБ.

Тон қозғалысының көрсеткіштері келесідей, яғни бірінші буындағы *о* дауысты дыбысына тән шулы жиілік 215 Гц, екінші буындағы *и* дауысты дыбысы

219 Гц, үшінші буындағы *о* дауысты дыбысы 230 Гц және төртінші буындағы *и* дауысты дыбысы 220 Гц шулы жиілікке ие.

Екінші докторанттың айтуындағы нұсқада да екпін төртінші *риң* буынына түсірілген және бұл нұсқада да қазақ тілінің үндестік заңы сақталған, яғни екпін сөздің соңғы буынына түсірілгені байқалады. *Мониторинг* академиялық терминінің бірінші буынындағы *о* дауысты дыбысы *о* болып айтылған және соңғы буын *ң* дауыссыз дыбысымен аяқталғандығы байқалады.

Енді зерттеу аясындағы *силлабус, мидтерм* және *мониторинг* академиялық терминдеріне жасалған талдауларды қорытындыласақ. Алдымен *силлабус* академиялық терминіне тоқталамыз, яғни бірінші студенттің тілдік санасында *силлабус* академиялық терминінің ағылшын тілінің сөзі екендігі нақты қалыптасқандығы байқалады, өйткені екпін бірінші буынға түсірілген, дыбыстауы қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес келмейді және соңғы *у* дыбысы *ә* болып айтылады. Келесі бес білім алушылардың айтуындағы нұсқаларында екпін екінші және соңғы буынға түсіріліп отыр. Сондықтан *силлабус* академиялық терминінің бейімделуі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес келу арқылы және орыс тілінің әсері, яғни екпінді екінші буынға түсіру арқылы байқалады.

Келесі *мидтерм* академиялық термині, яғни екі буыннан тұратын сөзді білім алушылардың барлығы екпінді соңғы буынға түсіріп дыбыстаған, яғни берілген академиялық терминде қазақ тілінің екпінді соңғы буынға түсіру үндестік заңы сақталған. Алайда *мидтерм* академиялық терминіндегі екінші *терм* буыны әртүрлі дыбысталған: *тёрм, төрм, тө(р)м, тё(р)м*, яғни *ё, ө* дыбыстары қолданылады, сонымен қатар дауыссыз *р* дыбысы кейбір нұсқаларда анық айтылса, кейбір нұсқаларда анық айтылмайды.

Зерттеу аясындағы үшінші *мониторинг* академиялық термині, яғни төрт буыннан тұратын сөзді білім алушылар екпінді үшінші және соңғы буындарға түсіріп дыбыстаған. Білім алушылардың айтуындағы *мониторинг* академиялық терминінің бірінші *мо-* буыны *мо-* және *ма-* деп дыбысталған және соңғы *ринг* буыны *ринг* және *риң* деген нұсқалары кездесті, алайда аталмыш академиялық терминнің *мониториң* деп айтылу нұсқасы басым екендігі анықталды. Сонымен қатар, берілген академиялық терминде қазақ тілінің екпінді соңғы буынға түсіру үндестік заңы көпшілігінде сақталған.

Академиялық терминдердің тілімізге бейімделу белгілерін төмендегі мысалдар негізінде көрсете аламыз:

Төл тілімізге жат дыбыстардың қолданылмауы: *мониторинг – мониториң, прокторинг – прокториң;*

Сөз ішінде екі не одан да көп дыбыстардың қатар келмеуі: *силлабус – силабус, холл – хол;*

Сингармонизм заңына бағынуы: *тьютор-дың, супервайзер-ге, эдвайзер-дің* және т.б.

Жүргізілген зерттеулер, жинақталған мысалдар, алынған сауалнамалар негізінде академиялық терминдердің қазақ тіліне бейімделіп келе жатқанын көреміз.

**Тарау бойынша түйін**

Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминологияның семантикалануы жайлы сөз қозғалды. Академиялық терминдер лексика-семантикалық топтарға бөлінді (оқу-ісіне байланысты қолданылатын академиялық терминдер, ғылымға байланысты қолданылатын академиялық терминдер, тәрбие жұмысына байланысты қолданылатын академиялық терминдер, халықаралық қатынастарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер және жоғары оқу орындарындағы лауазымды білдіретін академиялық терминдер) және пайыздық көрсеткіштері анықталды.

Жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің қолданысқа бейімделу ерекшеліктері қарастырылды. Болон үдерісі академиялық терминдерінің қазақ тіліне бейімделу жолдары сызба түрінде көрсетілді. 2017, 2018, 2019 және 2020 жылдары жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсетілді, яғни академиялық терминдердің қолданылу жиілігі анықталды; жоғары оқу орны академиялық терминдерінің екпінге байланысты және дыбысталуына байланысты ерекшеліктері көрсетілді.

PRAAT компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы академиялық терминдерінің бейімделу ерекшеліктері анықталды. *Силлабус* академиялық терминінің орташа созылмалығы 894 мс, *мидтерм* академиялық терминінің орташа созылмалығы 732 мс және *мониторинг* академиялық терминінің орташа созылмалығы 885 мс құрады. Аталмыш академиялық терминдердің орташа қарқындылығы келесі сипатқа ие: *силлабус* – 210 дБ, *мидтерм* – 149 дБ, *мониторинг* – 310 дБ. Тон қозғалысының орташа көрсеткіштері келесідей: *силлабус* – 505 Гц, *мидтерм* – 275 Гц, *мониторинг* – 906 Гц.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы академиялық терминдердің компоненттік құрылымы қарастырылды. Зерттеу барысында жоғары оқу орындары академиялық терминдері бір компонентті, екі компонентті, үш компонентті және көп компонентті болып келетіндігі анықталып, пайыздық көрсеткіші шығарылды.

Академиялық терминдер семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, сөздердің тіркесуі, сөздердің бірігуі арқылы жасалып, термин жасауда маңызды қызмет атқарады, сонымен қатар академиялық терминдер қатарын жасауда өнімді және өнімсіз жұрнақтарға жіктеледі.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста қазақ тіліндегі академиялық терминдер зерттеліп, олардың рөлі мен жасалу жолдары қарастырылды. Болон үдерісі нәтижесінде пайда болған академиялық терминдердің қолданылуы ғылыми тұрғыдан жүйеленді. Олардың білім кеңістігінде алар орны сараланып, Қазақстандағы тіл саясаты бағыттарының бірі – тілдің лексикалық қорын жетілдіруге, академиялық терминдердің сөздікте түзілуі мен қалыптандыруына үлес қосқаны айқындалды. Терминология саласындағы отандық және әлемдік ғалымдар еңбектерінің қазіргі жетістіктеріне шолу жасалынды. Терминдер ғылым тілінің ең негізгі өзегі болып табылатынын және ол тілді жалпыхалықтық тілден төмендегі бірнеше бағыт бойынша ажыратып тұрады:

- семантикалық (терминдер тек арнайы ұғымды атайды);
- функционалдық (тек қана атауыштық емес, сонымен бірге анықтамалық (дефинитивтік) қызмет атқарады);
- қолданыстық қызмет (кәсіби қарым-қатынас құралы қызметін атқарады);
- шығу тегі мен жасалу тәсілдеріне (жалпыхалықтық дереккөздерге негізделе отырып, өздеріне тән арнайы терминжасау қорлары болады);
- атау бірліктерінің семиотикалық құрамы (жалпы тілдік таңбалардан басқа, шартты белгілер де қолданылады).

Осылардың негізінде термин байырғы төл және кірме, көнерген және жаңа, жалпы және арнайы қолданыстағы сөздерден, сөз тіркестерінен, шартты таңбалардан жасалуы мүмкін. Көптеген академиялық терминдер ғылыммен бірге дамиды, соның нәтижесінде олардың семантикалық құрылымы көп қабатты болып келеді. Әр түрлі ғылыми мектептер мен бағыттардың өкілдері кейбір ұғымдарды түрліше түсіндіреді, ал бұл өз кезегінде академиялық терминологияның әр университетте әртүрлі болатынын дәлелдейді.

Жоғары оқу орындарында қолданылатын терминдер білім беруші мен білім алушы арасындағы қатынасқа негізделетінін көрсетті.

Академиялық терминдерде болатын лексика-семантикалық үдерістер (көпмағыналық, омонимия, синонимия, антонимия) терминнің табиғатын емес, оның сөйлеудегі нақты қолданысын бейнелейтіндігіне баса назар аударылды.

Академиялық терминология жалпы терминологияның бір саласы. Академиялық терминология институт, университет қабырғаларында, ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтарында, яғни білім беру саласында қолданысқа ие, білім беру кеңістігінің біртұтас лингвистикалық қабатын құрайтын терминдер жиынтығы. Болон үдерісі Қазақстанның ЖОО академиялық терминологиясына көптеген өзгерістер енгізгендіктен аталмыш құбылыс зерттеу бағытын айқындап берді.

- Зерттеу жұмысында ЖОО кеңістігіндегі білім беру дискурсының терминдену аумағы теориялық және практикалық тұрғыда негізделді;
- Білім беру дискурсындағы академиялық терминдердің қалыптасу жолы, әдіс-тәсілдері ғылыми тұрғыдан жүйеленді;

• Академиялық терминдердің шығу тегі латын тілі екендігі анықталды, яғни қазақ тіліне ену жолы келесідей: латын тілі>ағылшын тілі>орыс тілі>қазақ тілі екені анықталды;

• ЖОО-дағы академиялық терминдер жайлы базалық мәліметтер берілді және лексикографиялық еңбектердегі академиялық терминдердің түсініктемелеріне талдау жасалынды.

• Зерттеу барысында бес сөздік (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 1-15-тт. – Алматы, 2011; Психологиялық-педагогикалық сөздік. – Алматы, 2011; Педагогика: қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік / жалпы ред. басқ. Ш.К. Беркімбаева, А.Қ. Құсайынов. – Алматы: ROND&A, 2007. – 248 б.; Психологиялық-педагогикалық сөздік. – Алматы: Арыс, 2011. – 224 б. Философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі / А. Құралұлы – Алматы: Өнер, 2006. – 40 б.; Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ. А.Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256 б.) таңдап алынды және олардың сөздікте түзілу нәтижелеріне сандық талдау жүргізіліп, мүлдем кездеспеген Болон үдерісінен кейін қолданысқа енген академиялық терминдердің үлес салмағы анықталды;

•Қазақстан ЖОО-да қолданылатын академиялық терминдер лексика-семантикалық жағынан топтастырылды және олар шартты түрде:

• оқу-ісіне байланысты қолданылатын академиялық терминдер (*академиялық күнтізбе, академиялық қарыз, академиялық адалдық, академиялық демалыс, академиялық еркіндік, академиялық кредит, академиялық сағат, академиялық үзіліс, аралық бақылау, бейінді оқыту, бағалау балдары, білім беру бағдарламасы, білім беру технологиясы* және т.б.);

• ғылымға байланысты қолданылатын академиялық терминдер (*ғылыми-әдіснамалық конференция, ғылыми кеңес, ғылыми дәреже, ғылыми мақала, ғылыми еңбек, ғылыми стиль, ғылыми іссапар, ғылыми-зерттеу жұмысы, ғылыми-практикалық конференция* және т.б.);

• тәрбие жұмысына байланысты қолданылатын академиялық терминдер (*тәрбие жұмысы, тәртіп, тәрбие сағаты, тәрбие жұмысы жөніндегі департамент* және т.б.);

• халықаралық қатынастарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер (*сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық, халықаралық конференция* және т.б.);

• лауазымдарға байланысты қолданылатын академиялық терминдер (*ректор, проректор, декан, профессор, доктор, студент, проктор, тьютор, эдвайзер, оқытушы, куратор* және т.б.) деп бес топқа топтастырылды.

Академиялық терминдердің лингвапрагматикалық қолданылу ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу барысында академиялық терминдердің семантикалануы мен бейімделуін айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді. Бірқатар терминдердің сөздікте берілген мағынасы мен оның тіл корпусындағы жиілігі айқындалып, тіркесімділік қабілеті анықталды. Латын тілі негізіндегі нұсқаның төл тілімізге аударылған нұсқамен жарыса қолданылатын терминдер

қатары түзілді. Сондай-ақ, олардың қай нұсқасы басым екені «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» бойынша анықталды. Құжатта кездесетін жиілік негізінде кейбір терминдердің сәтті аударылған нұсқасы көп қолданылса, кейбір терминдердің латын тілі нұсқасы баса қолданылып жүргеніне көз жеткізілді. Сонымен қатар, сауалнама нәтижесінде академиялық терминдердің қолданылу жиілігі, фонетикалық бейімделу ерекшеліктері анықталды. Фонетикалық бейімделу ерекшеліктері PRAAT компьютерлік бағдарламасын қолдану арқылы жүзеге асты.

Зерттеу нәтижесінде академиялық терминдердің тілімізге бейімделу белгілерін төмендегі мысалдар негізінде көрсете аламыз:

Төл тілімізге жат дыбыстардың қолданылмауы: *мониторинг – мониториң, прокторинг – прокториң*;

Сөз ішінде екі немесе одан да көп дыбыстардың қатар келмеуі: *силлабус-силабус, холл – хол*;

Сингармонизм заңына бағынуы: *тьютор-дың, супервайзер-ге, эдвайзер-дің* және т.б.

Жүргізілген зерттеулер, жинақталған мысалдар, алынған сауалнамалар негізінде академиялық терминдердің қазақ тіліне бейімделіп келе жатқанын көреміз.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде «Академиялық терминдердің түсіндірме сөздігінің» мобильді қосымшасы көпшілікке ұсынылды. Бұл зерттеу нәтижесі «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы мақсатының іске асырылуымен тығыз байланысты. Мобильді қосымша цифрлық дәуірде ғылымның дамуына үлкен үлес қосатын заманға сай зерттеудің тың нәтижесі деп білеміз. Академиялық терминдер легі осы қосымшада тез әрі әліпбилік тізіммен тауып алуға өте жеңіл.

Қорыта айтқанда, академиялық терминдер – жоғары оқу орындарында қолданыстан өтіп, сұрыпталуы, жиі қолданылатын терминдердің тағы да көпшілікке таныс болып, қолданысқа түсуі аса маңызды.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындары академиялық терминология мәселелерінің қалыптасқан күйі мен қойылу жайын көрсететін академиялық орта.

Сондықтан, алдағы уақытта жоғары оқу орындарында қолданылатын терминдердің қазақ терминологиясының алдағы міндеттерін шешуде, термин болып сөздіктерде түзілуіне жол ашады. Қазақ тіліндегі сөздіктерде мүлде кездеспеген, бірақ қазіргі таңда білім беру саласында қолданысқа ие терминдер болашақта академиялық терминдер сөздігін құрастырудың іргетасы болары сөзсіз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

2. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 208 б.

3. Сабыр М. Терминтану ғылымының сардары. // Айқын. – 2014. – №204. – 6 б.

4. Байтұрсынұлы А. Түрікшілер құрылтайы // Ана тілі. – 1990. – 22 қараша. – 4 б.

5. Түрікшілер құрылтайы // Жаңа мектеп. – 1926. - №7-8. – 43-50 б.

6. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 400 б.

7. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы. // Қазақстан әйелдері. – 1989. – №4. – 7-8 б.

8. Айтбайұлы Ө. А. Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі. // Қазақстан Республикасының Ғылым Министрлігі – Ғылым Академиясының хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1997. – №3. – 3-10 б.

9. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 75 б.

10. Айтбайұлы Ө. Ұлт ұстазы. // Түркістан. – 1998. – №38 (221). – 1-3 б.

11. Айтбайұлы Ө. Ұлттың ұлы ұстазы. // Саясат. – 1997. – №12. – 87-99 б.

12. Айтбаев О. Основы казахской терминологии. – Алматы: Арыс, 2000. – 148 с.

13. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: филол. ғ. д. ... дис. – Алматы, 1998. – 250 б.

14. Әуезов М. Ғылым тілі (научный термин). // Абай журналы. –1918. – №7. – 4-7 б.

15. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

16. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

17. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі / 2-е изд., испр. и доп. – Алматы: Ғылым, 1966. – 208 б.

18. Сауранбаев Н.Т. / Жалпы ред. басқ. филол.ғ.д. проф. М. Малбақов. – Алматы: Елтаным, 2014. – 384 б. – (Ұлы дала тұлғалары).

19. Қайдар Ә. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас. // Терминология және аударма. – Алматы: Қазақ тілі баспасы, 2014. – №1 (1). – 6-16 б.

20. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 400 б.

21. Айтбаев Ө. Терминдердің жасалу жолдары мен принциптері. // «Қайнар» университетінің хабаршысы. – Алматы: Қайнар университеті, 2001. – №1. – 3-12 б.

22. Урекенова Р.А. Образование терминов в казахском языке: на материале относительных прилагательных. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 128 с.

23. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 182 б.

24. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.

25. Құрманбайұлы Ш. Терминтану: Оқу құралы. – Алматы: Атлас баспасы-2001, 2006. – 244 б.

26. Утемгалиева Н.А., Бектемирова С.Б. ЖОО-дағы терминдердің лексика-семантикалық топтастырылуы // «Байтұрсынов оқулары – 2019» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Қостанай, 2019. – 115-120 бб.

27. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ. филол.ғ.д. проф. І.К. Кеңесбаев. – 2-ші том. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасы, 1961. – 536 б.

28. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

29. Қазақ тілінің сөздігі / жалпы ред. басқ. филол.ғ.д., проф. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 775 б.

30. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 680 б.

31. Қазақ тілі. Энциклопедия / бас ред. Е.М. Арын– Алматы: IDK-TIPO, 1998. – 509 б.

32. Тіл білімі сөздігі / жалпы ред. басқ. проф. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.

33. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

34. Салқынбай А., Абақан Е. Тіл әлемі: лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі. / Толықт. 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 408 б.

35. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том. – Т – Ұ. / Құраст.: М. Малбақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 б.

36. Cabre M.T. Terminology: Theory, Methods and Applications. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1999. – 274 p.

37. Wüster E. Einfuhrung in die allgemeine Terminologielehre und terminologische Lexikographie / dritte Auflage. – Bonn: Romanisticsher Verlag, 1991. – 236 s.

38. Wüster E. Die allgemeineTerminologielehre – ein Grenzgebiet zwischen Sprachwissenschaft, Logik, Ontologie, Informatik und den Sachwissenschaften. – Linguistics 119 (1), 1974. – 61-106.

39. Вюстер Е. Международная стандартизация языка в технике. / перевод с нем. и обраб. О.И. Богомоловой под ред. Э.К. Дрезена и др. – Л-М.: Стандартгиз, 1935. – 302 с.

40. Wüster E. The Machine Tool. An Interlingual Dictionary of Basic Concepts. – London: Technical Press, 1968. – 756 p.

41. Wüster E. The Road to Infoterm. Infoterm Series 1. – Pullach/Munich: Verlag Dokumentation, 1974. – 150 p.

42. Лотте Д.С. Образование системы научно-технических терминов // Основы построения научно-технической терминологии. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 79 с.

43. Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминоэлементов. – М.: Наука, 1982. – 152 с.

44. Лотте Д.С. Некоторые принципиальные вопросы отбора и построения научно-технических терминов. – М-Л.: Изд-во АН СССР, 1941. – 24 с.

45. Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии // Вопросы теории и методики. – М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 159 с.

46. Лотте Д.С. Образование и правописание трехэлементных научно-технических терминов. – М.: Наука, 1969. – 120 с.

47. Лотте Д.С. Краткие формы научно-технических терминов. – М.: Наука, 1971. – 84 с.

48. Austin J.L. How to Do Things with Words. – London: Oxford University Press, 1955. – 170 p.

49. Auger P., Rousseau L.J. Méthodologie de la recherche terminologique. – Québec: Éditeur officiel du Québec, 1978. – 80 p.

50. Boutin-Quesnel R. Bélanger N. Vocabulaire systématique de la terminologie. – Montréal: Gouvernement du Québec, 1985. – 38 p.

51. Clas A. Guide de recherche en lexicographie et terminologie. – Paris: Agence de coopération culturelle et technique, 1985. – 158 p.

52. Wright S.E., Budin G. Handbook of Terminology Management / Vol. 2. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2001. – 549 p.

53. Felber H. Terminology Manual. – Paris: Unesco, 1984. – 426 p.

54. Picht H., Draskau J. Terminology: an introduction. – Guildford: G. Morin, 1985. – 265 p.

55. Rondeau G. Introduction á la terminologie / 2 edition. – Chicoutimi, Quebec: University of Surrey, 1984. – 238 p.

56. Sager J.C. A Practical Course in Terminology Processing. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1990. – 258 p.

57. Sager J.C. Essays on Definition. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 2000. – 264 p.

58. Sager J.C., Dungworth, David and McDonald, Peter F. English special languages: principles and practice in science and terminology. – Wiesbaden: Brandstetter, 1980. – 364 p.

59. Sager J.C. The structure of the linguistic world of concepts and its representation in dictionaries: Eugen Wüster (1898-1977). // Terminology: International journal of theoretical and applied issues in specialized communication. – 2004. – Vol. 10:2. – 281-306 pp.

60. Rey A. Essays on terminology. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1995. – 223 p.
61. Pearson J. Terms in Context. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1998. – 249 p.
62. Somers H. Terminology, LSP, and Translation: studies in language engineering in honour of J.C. Sager. – Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1996. – 249 p.
63. Cabré-Castellvi M.T. Elements for a Theory of Terminology: Towards an Alternative Paradigm. // Terminology: International journal of theoretical and applied issues in specialized communication. – 2000. – Vol. 6:1. – 33-57 pp.
64. Cabré-Castellvi M.T. Theories of Terminology. Their description, prescription and explanation. // Terminology: International journal of theoretical and applied issues in specialized communication. – 2003. – Vol. 9:2. – 163-199 pp.
65. Cabré M.T., Condamines A., Sanjuan F.I. Introduction to application-driven terminology engineering. // Terminology: International journal of theoretical and applied issues in specialized communication. – 2005. – Vol.11:1. – 1-20 pp.
66. Gouadec D. Terminologie et terminotique. Outils, modèles et méthodes. Actes de la première Université d'Autonme en Terminologie. – Paris: La Maison du Dictionnaire, 1993. – 312 p.
*Дәріс* (лат. lectio – оқу) – белгілі тақырыпты, тарауды, пәнді немесе оқу материалын, ғылым әдісін жүйелі түрде баяндау. Оқу дәрісі – оқу процесінің негізгі түрлерінің және жоғары оқу орындарындағы сабақ жүргізудің негізгі әдістерінің бірі. Оқу материалдарын ауызша баяндау XVIII ғасырда университеттерде қолданылды [142, 73].

*Дәріс беру* – сабақ беру, оқыту [146, 580].

*Дәрісхана* – дәріс оқуға арналған жай (бөлме, зал, т.б.) [142, 73].

*Декан* (лат. decanus – он адамның бастығы) – жоғары оқу орнындағы факультеттің жетекшісі. Жоғары оқу орындарының кеңесінде профессорлар мен тәжірибелі доценттерден сайланады. Д. факультеттегі оқу-тәрбие және ғылыми жұмыстардың сапасы үшін жауап береді [142, 74].

*Деканат* – 1) факультеттің басқармалар алқасы. 2) факультет басқармасы орналасқан бөлме, орын [146, 603].

*Дескриптор* (лат. *descriptor* – суреттеу) – 1) сөз-термин, синонимдік терминдер қатарынан алынып, сол қатарды сипаттайтын ақпараттық-іздеу жүйесі; 2) лексикалық бірлік (сөз, сөз тіркесі) ақпараттық-іздеу тілі, кез келген мәтіннің мағыналық мазмұнын білдіреді; 3) кез келген кілтті сөз, оның көмегімен ақпарат объектісі сипатталады [130, 34].

*Диплом* (грек. *diploma* – екі қабатталған құжат) – жоғары оқу орнын бітіргендігін, ғылыми дәреже немесе атақ берілгендігін растайтын ресми құжат [142, 77].

*Дипломант* – 1) Диплом жазушы адам. 2) Диплом алған жүлдегер [146, 678].

*Дипломдық жұмыс* – жоғары оқу орнын бітіру кезінде қорғалатын студенттің дербес жазба жұмысы [141, 58].

*Диплом жұмысы* – студенттердің жоғары оқу орнын бітірерде өз бетімен жазбаша орындаған жұмысы. Студенттер оқуының соңғы жылында орындалады және мамандықтары бойынша жұмысқа даярлықтарын тексерудің бір нысаны болып табылады. Диплом жұмысы арнайы комиссия алдында қорғалады [142, 77].

*Директор* (лат. *director*) – мекеменің, өндіріс орнының, кәсіпорынның жетекшісі, басқарушысы [146, 679].

*Диссертант* (лат. *dissertans*) – өзінің ғылыми еңбегін көпшілік алдында қорғаушы [146, 683].

*Диссертация* – ғылыми дәреже алуға ұсынылған және диссертанттың көпшілік алдында қорғайтын ғылыми жұмысы [141, 58].

*Диссертация* (лат. *dissertatio* – зерттеу) – ғылыми дәреже алу үшін зерттеліп жазылған ғылыми-зерттеу жұмысы. Ғылым кандидаты немесе ғылым докторы дәрежесін алу үшін, диссертацияда автордың жаңа ғылыми-тәжірибелік пікірлері, ұсыныстары, ізденушінің теориялық білімі қамтылады. Докторлық диссертацияда өз бетінше іздену, теориялық материалдарды жинақтау, ғылымға және практикалық өмірге елеулі үлес қосатын ғылыми проблемалық мәселелерді ашу қарастырылады [142, 78].

*Диссертация қорғау* – белгілі бір зерттеу тақырыбы бойынша жазған жұмысын Ғылыми кеңес алдында талқыға салу [146, 684].

*Диссертациялық кеңес* – диссертация қорғауды ұйымдастыратын ғалымдардың мәжілісі [146, 684].

*Диссертациялық сараптама* – комиссия мүшелері жоғары аттестациялық комиссия бекіткен талапқа сай ғылыми дәреже алу үшін ізденуші жазған жұмысын қорғағанға және қорғағаннан кейін жүргізілетін сараптау ісі [146, 680].

*Доктор* (лат. *doctor*) – ең жоғарғы ғылыми дәреже [146, 700].

*Докторант* – докторантура арқылы ғылыми еңбегін қорғауға әзірленіп жүрген адам [142, 79].

*Докторантура* – оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны [141, 59].

*Документ* (лат. documentum) – 1) құжат. 2) ресми ісқағаз, бухгалтериялық есеп-қисап, әртүрлі шаруашылық келісімдер [146, 701].

*Доцент* – жоғары оқу орнының оқытушысының ғылыми атағы [141, 59].

*Доцент* (лат. docens – үйретуші) – жоғары оқу орындарындағы оқытушының лауазымы және ғылыми атақ; тиісті оқу орны беретін ғылыми атақ. Ғылым кандидаттарына, докторларына немесе халық шаруашылығының ғылыми атағы жоқ, жоғары оқу орындарында бірнеше жыл оқытушы болып қызмет істеген, ғылыми еңбектері бар немесе жаңалық ашқан жоғары білікті мамандарға беріледі [142, 79].

*Емтихан* (лат. examen) – белгілі бір пән бойынша білім дәрежесін анықтайтын сынақ [147, 271].

*Емтиханшы* – емтихан алатын адам, емтихан қабылдаушы [147, 272].

*Емтихан алушы* (лат. examinator) – емтихан қабылдап, тапсырушыларға баға қоятын адам, емтиханшы [147, 271].

*Емтихан сессиясы* – жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы емтихан тапсыру кезеңі [147, 271].

*Еңбек жолы* – өтілі, еңбек еткен жылдары, мерзімі [147, 307].

*Еңбек келісімшарты* – қызметкер мен жұмыс беруші (фирма, мекеме, т.б.) арасында жасалған шарт [147, 307].

*Еңбек кітапшысы* – жұмыс істей бастағаннан бергі қызмет орны мен уақыты, еңбекке қатысы жайлы мәлімет беретін бірыңғай үлгідегі құжат [147, 308].

*Еңбек стажы (өтілі)* – белгілі бір қоғамдық жұмыс салаларында еңбек еткен уақыттың мөлшері [147, 309].

*Еңбек тәрбиесі* – баланы еңбексүйгіштікке, табандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу [147, 310].

*Жазба жұмысы* – мұғалімнің тапсырмасы бойынша және жетекшілігімен орындалатын, өздігінен орындайтын жұмыс. Оқытудың барлық кезеңдерінде қолданылады. Дидактикалық мақсаттары, орындау әдістері, оқушылардың өздігінен орындау дәрежесі бойынша жазба жұмыстары сан алуан. Жазба жұмысының неғұрлым қарапайым түрі – көшіріп жазу, ана тілінде және бөгде тілде жазу машығын меңгеруге мүмкіндік береді. Жазба жұмыстарының үлкен бір тобы – жаттығу жұмыстары – машық пен білікті қалыптастыру үшін жүргізіледі, мыс., грамматикалық формаларды қолдану, арифметикалық амалдар жасау жаттығулары. Жаттығулар қиындық дәрежесі бойынша орналастырылады. Жұмыстардың қиындауына орай оқушылардың оларды өздігінен орындауы артады. Кейбір жаттығу жазба жұмыстарын арнаулы құралдарды пайдаланып, дайын баспа негізінде жүргізген дұрыс. Оқытуда оқушылардың топсеруендер уақытында, лабораториялық сабақтар барысындағы бақылауларын, әсерлерін тиянақтау мақсатында қолданылатын жазба жұмыстар, дәрістің жоспарын немесе негізгі мазмұнын жазу маңызды рөл атқарады. Конспектілеу, аңдатпа, пікір жазу ақыл-ой еңбегінің мәдениетін дарытып тәрбиелеуге септеседі [142, 84].

*Жазбаша емтихан* – жазбаша түрде тапсырылатын сынақ [147, 271].

*Жарғы* – білім беру мекемесінің іс-әрекетін, құрылымын анықтайтын ережелер жиынтығы [141, 65].

*Жарияланым* – баспа бетінде жарияланған материал [148, 94].

*Жаратылыстану* – жаратылыс, табиғат туралы ғылым [148, 85].

*Жаратылыстану ғылымдары* – табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы; табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі [148, 85].

*Жаратылыстанушы* – жаратылыстану ғылымымен шұғылданушы [148, 85].

*Жатақхана* – бір мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орынында оқитын адамдар бірге тұратын тұрақжай [148, 183].

*Жетекші ғылыми қызметкер* – ғылыми-зерттеу мекемесінде ғылыми жоғары дәрежесі бар, зерттеу тақырыптарына жетекшілік ете алатын жоғары лауазым [148, 421].

*Жетекші сұрақ* – оқушыларға, студенттерге оқыту тарапынан еске салу, жауабын толықтыру үшін қойылатын сұрақ [157, 25].

*Жоғары білім* – үздіксіз кәсіби білім жүйесінің бір баспалдағы, кәсіби білім алуға мүмкіндік беретін және көлемді білуге, бакалаврға арналған стандартты білім (кәсіби білімнің үшінші сатысы) және магистратураға (кәсіби білімнің төртінші сатысы), сол немесе басқа ауқымды қабылданған халықаралық немесе ұлттық топтастырылған кәсіби қызмет [148, 41].

*Жоғары мектеп* – жалпы немесе арнаулы орта дәрежелі білім негізінде жоғары білімді мамандар даярлайтын оқу орындарының жалпы атауы [148, 446].

*Жоғары оқу орындары* – экономиканың, ғылым мен мәдениеттің түрлі салалары үшін жоғары білімді мамандар, ғылым мен педагог кадрлар даярлайтын, жоғары білімді мамандар даярлау ісін жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, мәдениет т.б. салаларда еңбек ететін мамандардың біліктілігін жетілдіретін оқу орындары [148, 447].

*Жоспар* – іс-әрекеттің негізгі түрлері мен бірізділігі алдын ала жобаланып көрсетілген іс-шаралардың жүйесі [141, 69].

*Жүктеме* – еңбекақы мөлшеріндегі сағат (жұмыс) [148, 622].

*Зерттеу* – фактілер мен дәлелдемелерге негізделіп жүргізілген ғылыми жұмыс (еңбек) [149, 140].

*Зерттеу әдістері* – құбылыстарды зерттеуге және алуан түрлі ғылыми мәселелерді шешуге арналған әдіс, тәсілдердің жиынтығы [141, 76].

*Зерттеу қағидасы* – зерттеу процесін ұйымдастырудың жалпы талаптары [142, 96].

*Зерттеу нәтижесі* – ғылыми ізденіс қорытындысы [149, 140].

*Зерттеу объектісі* – аясында зерттелетін нәрсе мазмұны бар тәлімдік кеңістік [142, 97].

*Зертхана* (көне лат. *laboratorium*) – техникалық және ғылыми ізденіс тәжірибелерін жасайтын арнайы жабдықталған орын [149, 141].

*Имидж* – ағылшынша «образ», «сәулелену» дегенді білдіреді. Оқу орнының имиджі дегеніміз – бұл оның іс-әрекетінің ішкі мазмұнын, міндеттерін және ерекшелігін сыртқы образ арқылы безендірілуі [141, 81].

*Инновациялық оқыту* (этим. жаңа құрылым) – жаңашылдықпен оқыту дәстүрі, нормативті оқытумен салыстырғандағы білімді игертудің ерекше балама түрі [130, 46].

*Интерн* (лат. internus) – интернатурадан өтетін дәрігер [149, 312].

*Интернатура* (лат. internus) – білімдерін тереңдетіп, мамандығын жетілдіру мақсатындағы жас дәрігерлердің емханалар мен ауруханалар жанында тәжірибе жинақтау формасы [149, 313].

*Институт* (лат. *орнату, мекеме*) – кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын жоғары оқу орны [141, 82].

*Институт* (лат. institutum – мекеме) – 1) кәсіптік жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын жоғары оқу орны; 2) оқу мерзімі 4-6 жылдық, денсаулық сақтау, мәдениет және халық шаруашылығының әр түрлі саласы бойынша жоғары оқу орындарының атауы (педагогикалық, медициналық және т.б.); 3) ғылыми-зерттеу мекемесі; 4) мамандардың біліктілігін жоғарылату жүйесінің ұйымдастыру-әдістемелік және оқу орталығы (мұғалімдердің, дәрігерлердің біліктілігін көтеру және жетілдіру институттары) [142, 103].

*Интербелсенді оқыту* – өзара әрекет тактикасы мен стратегиясын жасау, бірлескен іс-әрекет ұйымы. И.о. түрі – кооперация мен бәсекелестік [142, 104].

*Кадр* (франц. cadre) – кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың маманданған кәсіби қызметкерлерінің негізгі құрамы [149, 419].

*Кадр даярлау* – қандай да бір салаға маманданған біліктілігі жоғары кәсіп иелерін оқытып, дағдыландыру ісі [149, 419].

*Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау* – қосымша кәсіптік білім берудің негізгі нысаны; кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету жаңа кәсіптер мен мамандықтарды игерту мақсатында тиісті білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлауды білім беру ұйымдары, ғылыми және оқу орталықтары, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі жүргізеді. Олар мемлекет есебінен де, сондай-ақ шарт негізінде де жүзеге асырылуы мүмкін [142, 107].

*Кандидат* (лат. candidatus) – кандидаттық минимумдарды тапсырып, кандидаттық диссертациясын қорғаған адамға берілетін ғылыми дәреже [149, 434].

*Кандидатура* (лат. candidatus) – үміткер (бір орынға, қызметке, партияға лайықты деп ұсынылған адам) [149, 434].

*Картотека* – еңбектің авторы, атауы, шығу орны (мекен-жайы, баспасы), жылы, бет саны, сандық реті көрсетілген белгілі бір ретпен, мыс., әліпбимен, тақырыбы немесе мерзімі бойынша жинақталған, жүйеленген немесе орналастырылған карточкалардың белгілі бір санының жиынтығы [142, 108].

*Кафедра* (гр. *kathedra*) – 1) жоғары оқу орындарында белгілі бір ғылым саласындағы профессорлар мен оқытушыларды біріктіретін бөлім, оның оқытушылар ұжымы. 2) жоғары оқу орындарында белгілі бір ғылым саласындағы профессорлар мен оқытушыларды біріктіретін бөлімнің үймереті, бөлмесі [149, 469].

*Кәсіп* (лат. *professio, profiteor*) – адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі [142, 108].

*Кәсіптік білік* – алынған білім негізінде атқарылуға тиіс әрекеттің ерекшеліктерін меңгере отырып, оны пайдалана білу әрекеттерінің жиынтығы. Кәсіптік мәні бар әрекеттер мен білімдер үнемі жаттығу нәтижесінде дағдыға айналады [142, 109].

*Кәсіптік біліктілік* – белгілі бір деңгейдегі күрделі нақты іс-әрекетті орындауға қажетті қызметкердің кәсіптік әзірлік сатысы. Берілген мамандықтың нормативті сипатына сәйкес берілетін біліктілік категориясы кәсіптік біліктіліктің көрсеткіші болып табылады [142, 109].

*Кәсіби біліктілік* – жұмысшы дайындығының нақты қызмет түріндегі күрделіліктің және еңбек қызметін орындаудағы белгіленген деңгейінің кәсіби дәрежесі [130, 50].

*Кешенді тестілеу* – жоғары оқу орнына түсу үшін қабылданатын, негізінен үш басты пәннен (математика, тарих, тіл (қазақ тілі) және қосымша арнаулы пәннен алынатын, тест түріндегі емтихан [149, 747].

*Коллоквиум* (лат. *collоguium* – әңгімелесу) – жоғары оқу орнындағы оқытудың формасы, онда оқытушы баға қоймай, сөйлесу арқылы студенттің білім деңгейін анықтайды; ғалымдардың жиналысы, онда белгілі бір тақырып бойынша баяндамалар тыңдалынып, бағаланады, талданады [141, 90].

*Комендант* (франц. *commandant*) – жеке тұрғын үйдің немесе бірнеше тұрғын адамдары бар қоғамдық үйлердің тәртібін бақылап, басқарушы [150, 80].

*Комендатура* (нем. *Kommandantur*) – комендант басқаратын кеңсе [150, 81].

*Комиссия* (лат. *commissio*) – арнаулы бір тапсырманы орындау үшін немесе мәселені шешу үшін белгіленген адамдар тобының уақытша немесе үнемі болып тұратын мәжілісі [150, 83].

*Комитет* (франц. *comite*) – шаруашылық, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын сайланбалы коллегиялық орган [150, 84].

*Коммуникация* – ақпарат алмасу мақсатындағы қарым-қатынас актісі [141, 89].

*Коммюнике* (франц. *communique*) – халықаралық келісімдер туралы үкіметтік ресми хабар [150, 89].

*Компендиум* (лат. *compendium* – қысқарту) – қайсыбір ғылымның, зерттеудің және т.б. негізгі қағидаларының қысқаша жинақтама мазмұны [142, 113].

*Компетенция* (лат. *competere*) – біліктілік (белгілі бір саладағы білім, тәжірибе) [150, 92].

*Конвенция* – арнаулы мәселе жөніндегі халықаралық шарт [152, 113].

*Конгресс* (лат. congressus) – халықаралық қоғамдық немесе ірі ғылыми жиналыс [150, 105].

*Конкурс* (лат. concursus) – байқау. Үздік шығып, сыйлық, награда алу үшін, оқу орындарына оқуға түсу т.б. үшін жарысу [150, 109].

*Консорциум* (лат. consortium) – мақсатты ірі бағдарламалар мен жобаларды, оның ішінде ғылыми-техникалық, құрылыс, табиғат қорғау және басқа бағдарламалар мен жобаларды шешу үшін ерікті түрде уақытша бірлестік ретінде құрылған кәсіпорындар [150, 115].

*Конспект* (лат. conspektus – шолу) – кітап, дәріс, баяндаманың мазмұнын қысқаша жазу. К. оқушының логикалық ойлауы мен сөйлеу мәдениетін жетілдіреді. К. – жазудың күрделі түрі. Сондықтан оқушы жоспар құру дағдыларын меңгерген соң ғана конспект жаздыруға ауысуға болады. Білім алушылар оқу процесінде берілетін білім мазмұнын қысқаша қағазға түсіріп, жазып отырады, яғни конспектілейді [142, 129].

*Конспектілеу* – кітаптың, дәрістің, баяндаманың немесе мақаланың мазмұнын, негізгі тұжырымдарын қысқаша түрде жазу [142, 129].

*Консультант* (лат. consultans) – кеңес беруші, ақыл айтушы адам. Кеңесші [150, 119].

*Консультация* (лат. consultatio) – белгілі бір маманның тарапынан берілетін кеңес [150, 119].

*Контекст* – аяқталған мәндік мағынасы бар ауызша немесе жазбаша сөз. Ол арқылы оның құрамына кіретін бөліктердің (сөздердің, сөз тіркестерінің) мағынасын және мәнін анықтауға болады [141, 90].

*Контекст* (лат. contextus – тығыз байланыс, қосылу) – сөйлемдегі немесе мәтіндегі ойдың нақты айқындалатын көрінісі болып табылатын ауызша не жазбаша тілдегі тиянақты үзінді. Бір ой не мәтін құрамының контексі алдыңғы немесе соңындағы өзге бір ой не мәтін болып шығады [142, 129].

*Контекстік оқыту* – болашақ кәсіптік еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұнының біріктіріліп оқытылуы. Осы арқылы студенттің оқу іс-әрекетін маманның кәсіптік іс-әрекетіне көшіру жағдайлары қамтамасыз етіледі. К.о. кәсіптік оқытудағы негізгі қайшылықты жеңуге бағытталған. Бұл қайшылық маманның іс-әрекетін меңгеру одан сапалық тұрғыдан өзгеше оқу іс-әрекеті аясында ғана және соның құралдары арқылы меңгертілуге тиіс болатынынан туындайды. Бұл қайшылық К.о. бойынша студент іс-әрекетінің динамикалық қозғалыс үлгісі жүзеге асыру арқылы жойылмақ. К.о. кәдімгі оқу іс-әрекетінен (мыс., дәріс түрінен) кәсіптік ойын және кәсіптік оқу іс-әрекеттері арқылы нағыз кәсіптік әрекетке көшіріледі [142, 115].

*Контингент* (лат. contingens – үлесіне тиетін) – бірыңғай топты, санатты түзетін адамдардың құрамы. Мыс., студенттер контингенті [142, 115].

*Контракт* (лат. contractus) – нақтылы мерзімге келісілген екі жақтың міндеттемелері [150, 137].

*Конференция* (лат. conferential – бір жерге жинау) – 1) белгілі бір ұйымның, топтың, мемлекет өкілдерінің теориялық сұрақтарды талдауына байланысты

өтетін жиналысы; 2) революцияға дейінгі Ресейде – жоғары академиялардағы ғылыми кеңес [130, 53].

*Концепция* (тұжырымдама) (лат. – түсіну, жүйе) – көзқарастар жүйесі; құбылыстарды, процестерді жүйелеп түсіну, оларды ашып көрсетудегі жетекші идея: іс-әрекеттің жетекші ойы; негізгі идеяға топтастырылған зерттеу объектісіне қатысты көзқарастардың жүйесі [141, 88].

*Корифей* (грек. korуphaios) – ғылымның, көркемөнердің және т.б. белгілі бір саласында жетекші, бастаушы, бәрі сөзсіз мойындаған аса көрнекті қайраткер [150, 140].

*Корпорация* (лат. corporatio) – кәсіби немесе мақсат-мүдделері ортақтығымен біріккен қоғам, одақ, бірлестік [150, 141].

*Корреспондент-мүше* – ТМД елдеріндегі және Польша, Румыния сияқты елдердегі академиялық атақ [150, 145].

*Кредиттік оқу технологиясы* – білім алушының және оқушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту [141, 88].

*Критерий* (грек. kriterion) – бір нәрсені айқындаудың, тұжырымдаудың негізгі өлшемі, шегі [146, 406].

*Куратор* (лат. curator) – жоғары оқу орындарындағы әр курсты жеке өз қамқорлығына, бақылауға алатын жетекші ұстаз [150, 414].

*Куррикулум* – 1) сабақты өткізудің жалпы жоспары, оған сабақтың мазмұны, оның мақсаты, әдістері және нәтижесі кіреді; 2) оқу мазмұнының, жоспарының, әдісінің, құрылымының, оқулықтардың, көрсетілімдік материалдардың, көрнекілік және техникалық құралдардың бүкіл түрлерінің, компьютерлік бағдарламалардың және т.б. жиынтығы [141, 92].

*Курс* (лат. cursus) – арнаулы және жоғары оқу орындарында білім беру жүйесінің жекелеген жылдық оқу сатысы [150, 415].

*Курстық оқыту жүйесі* – жоғары оқу орындарындағы оқытудың бір жылдық деңгейі [142, 118].

*Күнтізбелік жоспар* – күнтізбе бойынша белгіленген жұмыстың істелу бағытын, мерзімін айқындау [142, 120].

*Күнтізбелік-тақырыптық жоспар* – белгілі бір оқу пәні бойынша жасалатын жоспар [130, 54].

*Кітап* – мерзімсіз баспасөз басылымы; көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми не практикалық мазмұндағы үлкенді-кішілі туынды. К. – рухани қазына-байлық, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, өнер-білім бұлағы, оқу-тәрбие құралы. Кітаптың ең ежелгі түрі – шиыршық қағаз. К. жасау үшін негізгі материал ретінде күлән, б.з.д. II ғасырдан бастап пергамент, XIII ғасырдан бастап Европада қағаз қолданылды. Антик дәуірде және орта ғасырда кітапты көшіру арқылы көбейтті. Кітапты көшірудің (көбейтудің) ең бірінші тәсілі – ксилография болды. Ең бірінші баспа кітап болып Кореяда 704-751 жылдар аралығында ксилографиялық жолмен көшірілген мәтін саналады. Кітап бастыру

пайда болғаннан кейін (Шығыста XI ғасырда, Еуропада XV ғасырдың ортасында) К. шығару саны күрт өсті [142, 121].

*Кітапхана* (грек. *biblion* – кітап және *theke* – сақтау орны) – баспасөз шығармаларын жинау, сақтау және оқырмандардың пайдалану ісін ұйымдастыратын мекеме. Ескерткіш жазбаларды жинау ежелгі дәуірде (Ассирияда, Ежелгі Грекияда және Римде, ерте ортағасырлық монастырьда) пайда болды. К. кітап бастыру ойлап табылғаннан кейін XV ғасырдан бастап дамыды. XIX ғасырда көпшілік кітапханалар ұйымдастырылды. К. бұқара халыққа білім беру, көпшіліктің мәдени дәрежесін арттыру жөніндегі мемлекеттің алға қойған мақсатын жүзеге асыратын мәдени мекемелердің бірі болып табылады. Міндетіне, кітап қорының құрамына және жұмыс әдісіне қарай кітапханалардың көпшілік, ғылыми және арнаулы деп сараланатын негізгі екі түрлері болады [142, 121].

*Кітапханашы* – кітапхана қызметкері [150, 660].

*Кіші ғылыми қызметкер* – ғылыми-зерттеу мекемесіндегі зерттеумен айналысып жүрген, ғылыми дәрежесі жоқ жас маман [150, 421].

*Қабылдау емтиханы* – жоғары оқу орнына түсушілерден алынатын сынақ [150, 687].

*Қабылдау комиссиясы* – жоғары оқу орнына құжат тапсырған талапкерлерден емтихан алып, конкурс қорытындысын шығаратын оқытушылар тобы [150, 687].

*Қашықтан оқыту* – оқыту нысандарының бірі, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыста орналасқан адамдардың оқу-танымдық қызметі дамуына нысаналы және әдістемелі түрде ұйымдастырылған басшылық жасау [142, 78].

*Қорытынды акт* – халықаралық конференцияның, келіссөздердің немесе халықаралық кеңестердің қорытынды құжаты [151, 114].

*Қорытынды сөз* – ғылыми, публицистикалық көркем сөздің соңында қорытындылай, түйіп айтатын пікір [151, 114].

*Қорытынды тест* – сыналушының белгілі бір пән бойынша білім, білік, іскерлік дағдыларын анықтауға арналған тест [142, 131].

*Құзыр, білік* – қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау [142, 131].

*Құзыреттілік* – 1) білім мен дағдысы арқылы мәселені өз бетінше шеше алуға мүмкіндігі бар жеке тұлға; 2) теориялық, танымдық және тәжірибелік іскерлігін меңгеру дәрежесін анықтайтын тұлғаның білімділік деңгейі [130, 60].

*Құқықтық тәрбие* – оқушыларға еңбек әрекеті саласында заңдар мен заңдық күші бар нормалар туралы мәліметтер беру [142, 132].

*Қызметкер* – мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде (жауапты, қатардағы) жұмыс істейтін адам [151, 490].

*Қызметтік құжаттар* – күнделікті, басқару жұмыстарын жүргізуге арналған ісқағаздары [151, 490].

*Лаборант* – лаборатория қызметкері [142, 134].

*Лаборатория* (лат. *laboratorium, laboro* – жұмыс істеймін) – ғылыми, өндірістік-бақылау эксперименттері немесе оқу сабақтары жүргізілетін ғылыми мекемелердің, кәсіпорындардың, оқу орындарының құрамындағы бөлім немесе мекеме [142, 134].

*Лабораториялық сабақ, лабораториялық жұмыс* – жалпы орта білім беретін, арнайы және жоғары мектептердегі оқушылардың теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, өздігінен эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту мақсатымен жүргізілетін практикалық жұмыстар мен зерттеулер [142, 134].

*Лауреат* (лат. *laureatus*) – ғылым, техника, мәдениет т.б. салаларындағы аса үздік жетістіктері мен табыстары үшін берілетін құрметті атақ, арнайы жүлде [152, 682].

*Лектор* (лат. *lector*) – лекция оқитын адам [152, 695].

*Лекторий* (лат. *lectorium*) – көпшілікке лекция оқуды ұйымдастыратын ұйым [152, 695].

*Лекторлық* – лектор болушылық, лекция оқушылық [152, 695].

*Лекция* (лат. *lectio*) – оқу материалы бойынша немесе белгілі бір тақырыпқа жасалған арнаулы баяндама, дәріс [152, 695].

*Лекциялық* – лекцияға тән, лекция оқу арқылы жүзеге асатын [152, 695].

*Лидер* (ағылш. *leader* – жетекші) – топ өзі үшін мәнді жағдаяттарда топ мүшелерінің мінез-құлықтарына әсер ететін адам. Жауапты шешім қабылдау құқығын топ мүшесі таныған, яғни топтағы бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және қарым-қатынастарды реттеуде нақты орталық рөл атқаратын беделді тұлға [142, 136].

*Магистр* (лат. *magister* – мұғалім, тәлімгер) – жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже мен біліктілік [141, 105].

*Магистр* (лат. *magister* – мұғалім) – 1) Көне Римдегі, кейінірек Еуропада кейбір зайырлы және діни мекемелердегі қызмет адамы; 2) бірқатар елдердегі жоғары оқу орындарында берілетін, бакалавр мен ғылым докторы аралығындағы ғылыми дәреже. Университет немесе университет дәрежесіндегі оқу орнын бітірген, 1-2 жыл қосымша оқу курсынан өтіп, арнайы емтихандар тапсырған және және магистрлік диссертация қорғағандарға беріледі. Революцияға дейінгі XIX-XX ғғ. Ресейдегі төмен ғылыми дәреже болып табылады. Көптеген мемлекеттерде бұл дәреже университетті бітіріп, магистрлік диссертациядан кейін беріледі. Қазақстанда мұндай дәреже XX ғасырдың 90 жылдарында пайда бола бастады [130, 63].

*Магистрант* – магистр дәрежесінің емтихандарын тапсырған, бірақ диссертация қорғамаған тұлға [152, 721].

*Магистратура* – жоғары білімді бакалавр дәрежесі бар мамандарды магистрлік диссертация қорғауға дайындайтын оқу жүйесі [152, 721].

*Магистрлік* – магистратура жүйесіне қатысты [152, 721].

*Мақала* – белгілі бір газетте, журналда жарияланатын ғылыми, публицистикалық, көлемі шағын шығарма [153, 19].

*Мақұлдау* (лат. *approbatio*) – зерттеу барысында болжамның оң не терістігін анықтау мақсатындағы тәжірибелік байқау сынағы [142, 139].

*Маман* – ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, шаруашылық саласының бірін кәсіп еткен қызметкер [153, 50].

*Мамандық* – білімі туралы тиісті құжаттармен расталған белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті, мақсатқа сай даярлау және жұмыс тәжірибесі арқылы алынған білім, шеберлік және дағдылар кешені [141, 105].

*Мансап* (франц. *carriere*) – белгілі бір қызмет саласындағы өрлеу [153, 60].

*Машықтану* – қандай да болсын бір әрекетті меңгеру үшін, оны әр түрлі әдістер арқылы қайталап отыру. Нәтижелі жаттығудың арқасында адам істі шапшаң, шұғыл орындауға қолы жетеді. Мыс., оқу дағдыларын жақсы машықтанған шәкірт озаттар қатарына қосылады. Кез келген қайталаудан адам жаттықпайды. Өйткені адамның нашар қолтаңбасы құр қайталап жаза бергеннен түзелмейді, себебі, М. арнайы жаттығулар жүйесі мен оңтайлы ережелерді орындауды қажет етеді. Синонимі – жаттығу [142, 140].

*Мәжіліс* – белгілі бір мәселені талқылау үшін ұжымның алқалық ұйымының, ұйым мүшелерінің бас қосатын отырысы, кеңесі [153, 119].

*Мәлімдеме* – белгілі бір оқиға туралы хабарлама [153, 124].

*Мәлімет* – белгілі бір оқиға не жұмыс жөнінде ауызша немесе жазбаша түрде берілетін ақпарат. М. істің жай-күйі, сапасы және т.б. сипаттарға негізделеді [142, 140].

*Мемлекеттік емтихандар* – оқу орнын бітірушілердің білімін тексеру әдісі. М.е. тапсыру әдісі алғаш рет Қытайда енгізілген. Орта ғасырларда Еуропадағы университеттердегі бакалавр, магистр атағы үшін қабылданған сынақтар мемлекеттік емтихандардың алғашқы түрі болды. XIX ғасырда Еуропаның барлық елдерінде түрлі мемлекеттік емтихандар енгізілді. М.е. жоғары мектепке түсуге, арнаулы кәсіппен айналысуға, мемлекеттік қызметте шен алуға азаматтық саяси құқық береді. М.е. дипломдық жобаны қорғау түрінде де қабылданады [142, 140].

*Менеджмент* – өндірісте және мекемелерде ұйымдастырушылық жүйелерді басқарудың заңдары туралы ғылым [141, 113].

*Метод* – әдіс [153, 213].

*Методика* – әдістеме [153, 213].

*Методикалық* – әдістемелік [153, 213].

*Методист* – әдіскер [153, 213].

*Методолог* – әдіснамашы [153, 213].

*Методология* – әдіснама [153, 213].

*Методологиялық* – әдіснамалық [153, 214].

*Меценат* – ғылым мен көркемөнердің жомарт қамқоршысы [153, 218].

*Модель* (лат. *modulus* – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема, т.б.) [142, 149].

*Модуль* – оқыту мақсаты, ақпарат банкі және қойылған мақсатқа сәйкес, әдістемелік нұсқаулар нақты белгіленген, аяқталған ақпарат блогы. М. оқыту мазмұнының аса мәнді бөліктерін айқындауға көмектеседі. М. оқу

материалдарының автономдық үлесіне қатысты пән немесе пәндер кешені ерекшеліктеріне сәйкес, логикалық аяқталған өзіндік дербес білім бөлігі болып табылады [142, 149].

*Модульдік оқыту қағидалары* – 1) оқу материалын мақсатқа лайықтап іріктеу және оны мақсаттық блоктарға құру; 2) оқу материалының толықтығы, оның әржақтылығы мен кіріктірімділігі; 3) модульдің біршама дербестігі мен логикалық аяқталуын қамтамасыз ету; 4) оқушылардың материалды игеруі мен мұғаліммен кері байланысын әдістемелік қамтамасыз ету [142, 149].

*Монография* – бір мәселені немесе тақырыпты толық және жан-жақты қарастыратын кітап түріндегі ғылыми басылым. Басқа ғылыми еңбектерден айырмашылығы – мәселені терең және тұтас қарастырады. Монография түрлері: теориялық-логикалық, теориялық-эксперименталдық және тарихи-педагогикалық [141, 114].

*Мониторинг* – ортаның жағдайын үздіксіз, ұзақ бақылау және адамдарға дер кезінде ақпарат беру арқылы оны басқару [141, 115].

*Моральдық тәрбие* – адамгершілік сана, сезім, мінез-құлықтар қалыптастыратын тәрбие [142, 150].

*Міндет* – мақсаттың бөлігі, оның құрамдасы, қосындысы. Міндет – мақсатқа жетудің жалпы қозғалыстың басқышы, бұл іс-әрекеттің нәтижеге жетуінің бөлігі, онсыз жалпы нәтижеге қол жету мүмкін емес. Мақсатты қосынды элементтерге бөлгенде міндет пайда болады [141, 117].

*Ноу-хау* (ағыл. *know-how* мәнісін білемін) – халықаралық құқықта техникалық білімдерді, тәжірибені машықты құжаттама нысанында басқа елге беру жөніндегі міндеттемені білдіру үшін қолданылатын термин [153, 571].

*Оқу* – 1) білім алу, оның бір саласын игеру, меңгеру жолындағы ізденіс, іс-әрекет. 2) оқу орнында өтетін сабақ [153, 655].

*Оқыту бағдарламалары* – білім мазмұны сипатталады. Пәндер бойынша әр жылға және оқытылатын курс тараулары мен тақырыптарына бөлінетін сағаттар саны белгіленеді [141, 131].

*Оқу бағдарламасы* – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат [142, 158].

*Оқу бөлімі* – білім беру жүйесін меңгеретін мекеме [153, 655].

*Оқу жоспары* – оқу орындарында оқытылатын оқу пәндерінің құрамын, оның оқу жылы бойынша өту тәртібі мен бірізділігін, әр оқу пәніне берілетін уақыт мөлшерін және оқу жылының құрылымын белгілейтін құжат [142, 158].

*Оқу жылы* – оқу орындарында белгіленген жыл сайынғы (жазғы каникулға дейінгі) оқу мерзімі. Оқу жылы 1-қыркүйекте басталады. Оқу жылы басталғанға дейін барлық оқу орындарында дайындық жұмыстары ұйымдастырылады [142, 158].

*Оқу практикасы* – теориялық алған білімдерін нақтылау үшін тәжірибе жүзінде көз жеткізуі [142, 158].

*Оқу тәртібі* – оқушылар мен тәлімгерлердің оқушы тұлғасын дамыту тұрғысында оқу мекемесі ережесін, тәртіп талаптарын бұлжытпай сақтауы [142, 158].

*Оқу-әдістемелік кеңес* – білім беру мәселелерін жан-жақты қарап, талқылап, бағыт-бағдар беріп отыратын орган [142, 159].

*Оқулық* – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай нақты оқу пәнінің мазмұны ғылыми негізде, жүйемен баяндалатын кітап [142, 159].

*Оқыту, оқу* – білім, білік, әрекет дағдыларын үйрету мен меңгерту процесі, өмір мен еңбекке бейімді етіп даярлаудың негізгі құралы [142, 161].

*Оқыту әдісі* – оқытып, білім беру жолдары мен тәсілдері [153, 664].

*Оқытудың ғылымилығы* – нақты ғылыми білімдер беріп, дүниеге көзқарасты қалыптастыратын дидактикалық қағидалардың бірі. Оқытудың ғылымилығының мазмұнына тек айқын ғылыми фактілер мен ақиқаттар алынады [142, 163].

*Оқытушы* – жоғары оқу орындарында сабақ, дәріс, семинар, лаборатория жұмыстарын басқаратын оқу пәнінің маманы [153, 665].

*Оппонент* (лат. *opponentis* – қарсы болушы) – баяндама, диссертация, т.б. жұмыстарды бағалаушы адам [142, 165].

*Өкім* – белгілі бір мәселе жөнінде шығарылатын шешім, байлам; үкім [154, 137].

*Өтініш* – ресми қатынаста бір жақтың немесе тараптың екінші жаққа жазбаша түрде рәсімдеп білдірген сұрауы, арыз-талабы [154, 260].

*Өндірістік практика* – қалаған мамандығы бойынша өнеркәсіп орындарында тікелей еңбек процесіне араласу ісі [154, 391].

*Парадигма* (гр. *үлгі*) – қатаң ғылыми теория, бастапқы концептуалдық схема; модель, оның көмегі арқылы мәселелер қойылады және зерттеулер жүргізіледі [141, 141].

*Пән* – мектеп оқушыларына арналған білімнің бір саласы, жеке сабақ [154, 337].

*Педагог* (грек. *paidagogs*) – мектепте, техникумдар мен училище және жоғары оқу орындарында студенттер мен оқушыларға білім, тәрбие беретін оқытушы, мұғалім [154, 345].

*Плагиат* (лат. *plagiatus*) – басқа біреудің шығармасын, тапқан жаңалығын иемдену, өзімдікі деу немесе өзгенің шығармасын, еңбегін өзінің атына заңсыз баспаға жариялау әрекеті [154, 369].

*Практика* (грек. *praktikos*) – теорияның іс жүзіне ауысуынан туған тәжірибе; қалыптасқан дағды [154, 391].

*Практикалық сабақ* – оқу іс-әрекетінің бір түрі, мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі және жүйелі түрде орындау, сараптау, жалпылау, тереңдетіп қорытындылау, пайдалану (немесе неше түрлі тәжірибелік жұмыс, жаттығу) және лекцияда алған хабарларды бақылау [130, 89].

*Практикант* – практикадан өтуші адам [154, 391].

*Практикум* – оқу басылымы, өткенді бекітуге және білімді тексеруге қажетті практикалық тапсырмалар мен жаттығулардың жинағы [141, 162].

*Проректор* – жоғары оқу орны ректорының белгілі бір мәселе жөніндегі орынбасары [154, 401].

*Профессор* – жоғары оқу орнының оқытушысының жоғары ғылыми атағы [141, 163].

*Профессорлық-оқытушылар құрамы* – жоғары оқу орнындағы оқытушы-стажер, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, факультет деканы [141, 163].

*Пікір* – қандай да бір ғылыми немесе көркем шығармаға сыни шолуға арналған мақала; ғылыми жұмысқа берілетін пікір [141, 163].

*Пікірсайыс* (лат. *discussion* – зерттеу, қарау) – ұжымдағы әр түрлі көзқарастың, ой-пікірдің ортаға салынып, көпшіліктің талқысына түсуі. Пікірсайыста қате көзқарастарды әділ сынап, жеңу көзделеді. П. түрлері: жиналыс, конференция, пікірталас және т.б. [142, 188].

*Пікірталас* (лат. *disputo* – айтысамын, сөйлесемін) – пікірсайыстың айқын көрінетін, кең таралған түрі. Пікірталастың тақырыбы нақты, көкейкесті болумен бірге, ондағы мәселе, ұсынылатын әдебиеттер қатысушыларға күні бұрын таратылады. Уақыт тәртібі сақталып, шебер жүргізуші тағайындалады [142, 189].

*Пікірсарап* (лат. *recensio*) – тексеру, зерттеу – ғылыми жұмысқа қорғау алдында немесе көркем-әдеби шығармаға жариялану алдында пікір білдіру. П. Барысында жұмыстың көкейкестілігі, құрылымы, баяндалу қисыны мен уәжі анықталып, ғылыми немесе көркемдік мәні бағаланады [141, 163].

*Регламент* (франц. *reglement*) – мәжілісті жүргізудегі келісілген уақыт мөлшері, жүргізу тәртібі [154, 465].

*Резюме* (түйін) – ғылыми басылымның ақпараттарының элементі, негізгі мазмұнның басты қағидалары және қорытындылары көрсетіледі [141, 164].

*Ректор* (лат. *rector*) – жоғары оқу орнының басшысы [154, 470].

*Ректорат* – университеттің және кейбір жоғары дәрежелі оқу орындарының басшы, жетекші тобы [154, 470].

*Реферат* – құжаттың, кітаптың, ғылыми басылымның мазмұнының қысқаша баяндамасы. Р. құжаттың библиографиялық мазмұндауынан, кілттік сөздерден, рефеативті бөлігінен тұрады. Рефеативті бөлігінде бастапқы құжаттың мазмұнының мәнді элементтері, негізгі идеялары, қорытындылары беріледі [141, 164].

*Реферат* (лат. *referre* – баяндау, хабарлау) – ғылыми еңбектің мазмұнын жазбаша қысқаша жазу немесе ауызша баяндау [142, 191].

*Рецензент* – рецензия жазушы адам, сыншы [154, 483].

*Рецензия* (лат. *recensio*) – көркем шығарма, ғылыми еңбек, спектакль т.б. туралы жазылған ғылыми сын, пікір [154, 483].

*Сабақ* – мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі, пәннің өтуінің ұйымдастырылуы [154, 507].

*Сабақ барысы* – сабақты жүргізу тәртібі; сабақ мазмұнын іске асыратын әдіс-тәсілдерді қолдану [154, 508].

*Сабақ жоспары* – өткізілетін сабақтың берілу жүйесі [154, 508].

*Сабақ кестесі* – бір сыныпта өтілетін пәндердің күндік рет тәртібі [154, 508].

*Сараптама* (лат. *expertus*) – ғылым, техника, өнер т.б. салаларда үйлесімді қорытынды даярлау үшін шешімі арнайы білім мен білікті талап ететін, кейбір мәселелерге маман (сарапшы) тарапынан жүргізілетін зерттеу [155, 680].

*Сарапшы* – белгілі бір істің, мәселенің қаралуында дәл, соңғы тұжырым беріп, сараптама жасайтын білікті маман [155, 681].

*Сарапшылық баға* – тікелей өлшеуге келмейтін процестер мен құбылыстарды мамандар шешімі негізінде сандық немесе қатарлық бағалау [155, 680].

*Сауалнама* – алдын-ала әзірленген сұрақтар жүйесіне жауап алуды көздейтін сауалпарақ. С. сауалданушыдан қажетті мәліметтер алу үшін, сондай-ақ үлкен әлеуметтік топтардың пікірін білу үшін жүргізіледі. Сауалнаманың ашық (сауалданушының еркін жауабы), жабық (берілген жауаптардың біреуін ғана таңдау) және аралас түрлері болады [142, 197].

*Секция* (лат. *sectio*) – құрылтайда, үлкен жиындарда, конгресте белгілі бір мәселе бойынша жұмыс істейтін делегаттар тобы [155, 137].

*Семестр* (лат. *semestris* – алты айлық) – жоғары және арнайы орта оқу орындарындағы оқу жылының жартысы. С. біткенде студенттер сынақ және емтихан тапсырады [142, 200].

*Семинар* – оқу шарасы, оны ғылыми жетістіктерді, озық тәжірибені зерттеу, алмасу және тарату немесе мамандардың біліктілігін және білім дәрежесін арттыру мақсатында өткізеді [141, 171].

*Семинар* (лат. *seminarium*) – жоғары оқу орындарында оқытушының басшылығымен студенттерді топ-топқа бөліп өткізілетін практикалық сабақ [155, 149].

*Сертификат* (франц. *certificat* – лат. *certum* – дұрыс, *facere* – жасау) – белгілі бір фактіні куәландыратын құжат; мыс., белгілі бір курсты тыңдап, меңгергенде берілетін құжат [142, 202].

*Сессия* (лат. *sessio* – мәжіліс) – оқу кезеңінің соңындағы сынақ, емтихан алынатын уақыт [142, 202].

*Симпозиум* (лат. *symposium*) – халықаралық көлемдегі пікір алысу, сұхбаттасу жиыны; кеңес [155, 195].

*Сорбонна декларациясы* (*Joint Declaration on Harmonization of the European Higher Education System*) – Болон декларациясының негізін қалаған және жоғары білім саласындағы еуропалық мемлекеттердің интеграциялық белсенді іс-әрекеті бастамасына негіз болған «Болон үрдісі» аталатын халықаралық акт. Декларацияда «Еуропа – евроның, банктердің және экономикалық институттардың аймағы ғана емес, ол білімнің Еуропасы болуы тиіс» екені атап көрсетілген. С.д. 1998 жылдың 25 мамырында, Париж университетінің 800-жылдық мерейтойын атап өту үшін жиналған Ұлыбритания, Германия, Италия мен Франция білім министрлерімен қол қойылды [130, 93].

*Сөгіс* – белгілі бір ұйымның тәртіп бұзушыларға бұйрық арқылы беретін ескертпе жазасы [155, 293].

*Сөздік мақала* – әліпби тәртібімен берілген атау сөз бен этимологиялық, грамматикалық, стильдік белгілер қойылып, сөз мағынасына берілген

анықтамалар мен көркем әдебиеттен алынған дәйектеме материалдарды қамтитын лұғаттық мақала [155, 19].

*Староста* – мұғалім немесе сынып жетекшісінің жәрдемшісі ретінде сыныптағы оқушылар ішінен ресми сайланған белсенді оқушы [142, 205].

*Стипендиат* – стипендия алып тұратын студент [155, 319].

*Стипендия* – оқу орындарында студенттерге ақшалай берілетін тұрақты жәрдем [155, 319].

*Студент* (лат. *studens* – айналысушы) – жоғары оқу орындарында оқитын адам [141, 172].

*Студенттер конференциясы* – студенттердің белгілі бір тақырып бойынша баяндама жасап, пікір алысатын конференциясы [155, 126].

*Студенттер сарайы* – студенттер жиналысы, түрлі мәдени іс-шаралар өткізілетін орын, үй [155, 676].

*Студенттердің педагогикалық практикасы* – педагогикалық жоғары оқу орындарында алған теориялық білімдері мен практикалық дайындықтарын тәжірибелік сынақтан өткізетін оқу процесінің негізгі бір түрі. Болашақ оқытушылық мамандықты қалаған студенттердің мектепте сабақ беріп үйренуі, тәжірибе алуы [142, 206].

*Студенттік кеңес* – жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарындағы студенттер ұжымының ұйытқысы. С.к. студенттер қауымының қоғамдық тіршілігін ұйымдастырып, бос уақыттарын тиімді пайдалану мәселелерімен де айналысады [142, 207].

*Сын мақала* – белгілі бір көркем шығармаға, яки ғылыми еңбекке талдау жасап ой қорытатын, бағалауыштық сипаттағы мақала [155, 19].

*Сынақ* – жоғары және арнайы орта оқу орындары студенттерінің семинар және практикалық сабақтарда, өндірістік практикада алған білімдері мен дағдыларын, сондай-ақ олардың өздігінен орындайтын міндетті жұмыстарын (сызған сызбаларын, шығарған есептерін және т.б.) тексерудің бір түрі [142, 208].

*Сынақ кітапшасы* – студенттердің білім, білік, іскерлік дағдыларына қойылатын бағаны тіркеу кітапшасы [142, 208].

*Сынақ сессиясы* – студенттермен жарты жылда бір рет жүргізілетін сынақ мерзімі [142, 208].

*Сынақша* – студенттердің сынақ пен емтиханда алған бағасы көрсетілетін құжат [155, 511].

*Сынақшы* – белгілі бір пән бойынша емтихан, сынақ алушы мұғалім [155, 511].

*Тақырып* (гр. *баяндаудың, зерттеудің, талқылаудың пәні*) – зерттеу мәселесін қысқа тұжырымдау [35, 174].

*Тақырыптың өзектілігі* – осы қазіргі уақытта оның маңыздылығының дәрежесі және осы жағдайда осы мәселені (сұрақты, міндетті) шешудің қажеттілігі [35, 174].

*Талапкер* – негізгі не жалпы орта мектепті бітіріп, арнайы орта немесе жоғары мектепке түсуге талаптанушы адам [142, 210].

*Тәлімгер* – жеке және топтық кәсіби оқытуды тікелей жұмыс орнында іске асырушы адам. Т. жұмысында практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді [138, 211].

*Тәрбие* – адамның рухани дамуы мен оны қоғамдағы өмір мен еңбекке даярлаудың мақсатты бағытталған процесі [35, 177].

*Тәрбие жұмысы* – жастарды жақсы әдеттер мен дағдыларға үйретудегі жоспарлы іс [35, 61].

*Тәртіп* (лат. *disciplina* – оқыту, тәрбиелеу) – адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік қарекеті саласындағы реттіліктің, жөн-жосықтылық пен ұйымшылдықтың сапалы сипаттамасы [142, 212].

*Тәсіл* – белгілі бір істі орындап шығу үшін қолданылатын әдіс, айла [35, 67].

*Тәсілдеме* – әдістеме [35, 67].

*Тезис* – мақаланың, баяндаманың, шығарманың ғылыми немесе практикалық идеясын қысқаша баяндайтын ой желісі [35, 187].

*Теория* (кең мағынада) – белгілі бір құбылысты анықтау мен түсіндіруге арналған көзқарас, түсінік, идеялардың жиынтығы; ал тар немесе арнаулы мағынада – сол теорияның шындықтағы объектісі мен негізгі байланысы және заңдылықтары туралы толық түсінік беретін ғылыми білімдердің дамыған жоғарғы ұйымдастыру нысаны [35, 187].

*Теориялық конференция* – ғылыми тақырыпқа негізделіп жоспарланған, сол ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық негізін ашатын ғылыми жиын [142, 213].

*Тест* (ағыл. *сынау, тексеру*) – белгілі бір деңгейдегі әрекетті орындауға арналған тапсырмалар [35, 188].

*Тест типіндегі тапсырмалар* – тест жүйесі бойынша жауап беруге негізделген тапсырмалар [142, 213].

*Топсеруен* (лат. *excursio* – сапар, серуен) – оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуының әр алуан заттар мен құбылыстарды табиғи жағдайларда немесе мұражайларда, көрмелерде және т.б. бақылауға және зерделеуге мүмкіндік беретін нысаны. Топсеруен оқушыларда білімге ынталанудың дамуына септеседі, олардың ой-өрісін кеңейтеді, айналадағы өмірдің фактілері мен құбылыстарын өзара байланыстыра қарауға, оларды бір-бірімен салыстырып, қорытынды пікір түюге үйретеді [142, 215].

*Трактат* (лат. *tractatus* – қарап тексеру) – 1) жеке проблема қарастырылатын ғылыми еңбек; 2) халықаралық келісім [142, 216].

*Түлек* – мектеп, оқу орнын бітіруші [35, 488].

*Тьютор* – студенттің жеке ғылыми жетекшісі; үйдегі мұғалім, репетитор; оқу орнындағы куратор, тәрбиеші [141, 193].

*Тьютор* – (ағ. *tutor* – үй мұғалімі) – үйретуші, басқарушы, оқу орнындағы тәрбиеші: 1) тутор түрінде XIX ғасырдың соңында және революцияға дейінгі Ресейде қолданылды, оқу орнындағы бақылаушы; 2) XX ғасырдың соңында студенттің жеке ғылыми жетекшісі [130, 102].

*Универсиада* – университет студенттерінің спорттық жарысы [35, 663].

*Университет* (лат. universitas – жиынтық) – мамандықтардың кең ауқымы бойынша жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын; жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды, ғылыми және ғылыми-педагог қызметкерлерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізілетін; өзінің қызмет саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын көп салалы жоғары оқу орны [141, 194].

*Ұжым* (лат. collectivus – жинақталған) – бір мақсатқа бағытталған мекемелерде жұмыс істейтін адамдардың немесе білім беру орындарында оқитын студенттердің, оқушылардың және т.б тобы [130, 103].

*Ұйымдастырушы* – әр түрлі күнтізбелік даталарға байланысты мәдени-ағарту шараларын, қоғамда күнделікті болатын іс-шараларды, оқушылармен жүргізілетін жоспарлы, жоспардан тыс оқу-танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыратын адам [156, 223].

*Ұлттық бірыңғай тестілеу* – орта білім беру оқу орнын тәмәмдаған оқушылардың жоғары оқу орнына оқуға түсетіндерін білім деңгейлеріне қарай сұрыптап алу, мектеп түлектерінің жалпы білім сапасы деңгейін анықтау үшін белгілі бір пәндер бойынша өткізілетін тестер түріндегі бітіру сынағы [156, 165].

*Ұлттық үздіксіз білім беру жүйесі* – дербес өмірге жеткілікті және қажетті дайындықты қамтамасыз ететін, адамның кәсіби, зияткерлік және рухани дамуының үздіксіз үрдісінің негізінде жататын, үздіксіз білім берудің біріктірілген жалпы доктринасы, сонымен қатар мемлекеттік және қоғамның басқа институттары, діни және жоғары білім беру жүйесінің институттары [130, 104].

*Ұстаз* – жас ұрпаққа өз өнерін, тәжірибесін, білімін үйретуші, ақылшы, тәрбиеші [142, 225].

*Үздік баға* – оқушының біліміне қойылатын жоғары баға [142, 15].

*Үй тапсырмасы* – оқыту процесінің құрамдас бөлімі, ол сабақта орындаған жұмыспен тығыз байланыста болады, үлкен дербестікпен және мұғалім тарапынан басшылық болумен айрықшаланады [141, 199].

*Үлгерім* – оқушылардың оқу бағдарламасымен белгіленген білім, білік, дағдыны олардың тереңдігі, саналылығы, толықтығы мен беріктілігі тұрғысынан меңгеру дәрежесі. Ү. Баллмен бағаланып көрсетіледі [141, 200].

*Факультативтік курс* – жоғары және орта оқу орындарында оқушылардың жалпы мәдени және ғылыми-теориялық таным аясын кеңіту немесе қосымша мамандық беру үшін оқылатын міндетті емес оқу курсы немесе пән [156, 103].

*Факультет* (нем. Fakultät) – жоғары оқу орнының белгілі бір пән саласын қамтитын бір бөлімі [156, 104].

*Философия докторы (PhD), бейімі бойынша доктор* – тиісті кәсіптік мамандықтар бойынша докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін жоғары академиялық ғылыми дәрежелер [141, 202].

*Флагман* (гол. vlagman) – белгілі бір өндіріс саласындағы кәсіпорындардың ең үлкені, ең басты орындағысы [156, 125].

*Форум* (лат. *forum*) – нақты бір мәселені сарапқа салу үшін тиісті жұртшылықтың үлкен бас қосқан жиыны [156, 134].

*Хартия* – 1) ескі қолжазба материалы, құжаттар. 2) саяси-қоғамдық, саяси мәнді құнды құжаттар [156, 154].

*Хаттама* (грек. *protokollon*) – жиналыстың қағазға түсірілген, жазба түріндегі толық мазмұны [156, 155].

*Хаттамашы* – жиналыс мазмұнын хаттамаға түсіріп отыратын адам, хатшы [156, 155].

*Хатшы* (франц. *secrétaire*) – белгілі бір мекеменің ісқағаздарын жүргізуші қызметкер, сондай-ақ, жиналыстарда мәжіліс барысын жазып отыруға белгіленген адам [156, 156].

*Шәкірт* – мектеп, медреселерде тәлім-тәрбие алушы оқушы. Шәкірт болу үшін, ұстазбен үнемі жақын жүріп, пікірлесу, ой сынасу қажет. Бүгінде үлкен ғалымдардың ақыл-кеңесімен, жетекшілігімен ғылыми еңбек жазушы ғалымдарды үлкен ғалымдардың жолын қуушы шәкірті деп атайды. Мыс., М. Әуезовтің жолын қуушыларды оның шәкірттері деп атайды [142, 237].

*Шәкіртақы* (лат. *stipendium*) – стипендия [142, 308].

*Ізгілік тәрбиесі* – ұрпақты құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға тәрбиелеу [142, 241].

*Ізденуші* – жұмыс істей жүріп, қосымша ғылыми ізденіс іс-әрекетін жүргізетін адам [142, 241].

*Экскурсант* – экскурсияға қатысушы [156, 768].

*Экскурсия* (лат. *excursio*) – ғылым, білім беру, мәдени ағарту мақсатында белгілі орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар не жорық [156, 768].

*Эксперимент* (лат. *experimentum* – тәжірибе, сынау) – 1) ғылыми мәнде жасалған тәжірибе; 2) тәжірибе жүзінде бақылауды іске асыру [156, 244].

*Эксперименттік оқыту* – психологиялық-дидактикалық мәселелерді зерттеу әдістерінің бірі [142, 770].

*Эксперименттік педагогика* – психология мен педагогикадағы баланы жан-жақты зерттеу және педагогикалық теорияны эксперименттік жолмен негіздеу мақсатын көздейтін бағыт [142, 770].

*Эксперт* (лат. *expertus*) – сарапшы, сараптама жүргізетін адам [156, 770].

*Экспертиза* – сараптама [156, 770].

*Экстерн* (лат. *externus*) – белгілі бір оқу орнында оқымай-ақ өз күшімен емтихан тапсыруша адам [156, 773].

*Экстернат* – ғылымдарды, оқу курсын өз бетінше жедел оқып игеру жүйесі [156, 773].

*Энциклопедия* (франц. *encyclopedie*) – білімнің барлық саласынан, не оның бір жеке тарауынан мол мәлімет беретін сөздік түріндегі ғылыми-анықтама кітап [156, 791].